

ИМАМ ӘБУ ХАМИД ӘЛ-ҒАЗАЛИ

БАҚЫТҚА ЖЕТУ ӘЛІШЕСІ

Аударған
Тұрсынәлі Айнабеков

Алматы
Баспалар үйі, 2014

ӘОЖ 297
КБЖ 86.38
3 16

*Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша жарық көрді*

Имам Әбу Хамид әл-Ғазали.
316 **Бақытқа жету әліппесі** / Өзбек тілінен аударған Тұрсынәлі
Айнабекұлы. – Алматы: Баспалар үйі. 2014. – 152 бет.

ISBN 978-601-80386-5-5

Жалпы көпшілікке, мешіттер мен медреселердің оқытушыларына, шәкірттеріне, мұсылман және халықтық педагогикалық мектептерге арналып, оқырман қолына тиіп отырған бұл еңбек мұсылман әлемі әйгілі ғұламасының адамның өзін танып білуі арқылы бір Жаратушының бар екенін мойындауы керектігі, жантану, тәнтану, ділтану мен тіл жайында руханият мәселелерінің шындықтағы көрінісі туралы философиялық көзқарастардан тұрады.

Кітаптың ең басты ұйытқысы – мәні терең көптеген мысалдар, дәлелдер арқылы Алланың бар екеніне иландыру, имандылыққа шақыру.

Аударманың түпнұсқа қолжазбасы Әмзе Қалмырзақұлының жүйелеуі негізінде «Қасиет» баспасынан (Алматы, 1998 жыл, 120 бет) жарыққа шыққан. Бұл еңбек Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің қолдауымен марқұм Тұрсынәлі Айнабекұлының отбасында сақталған нұсқадан құқықтық мұрагерлікті иеленуші балаларының келісімі бойынша көшіріп басылды.

ӘОЖ 297
КБЖ 86.38

© Имам Әбу Хамид
әл-Ғазали, 2014
© Айнабекұлы Т., аударма, 2014
© «Баспалар үйі» АҚ, 2014

ISBN 978-601-80386-5-5

КІРІСПЕ СӨЗ

Бұл еңбекте діни мәселелер теориялық сыни көзқараста аса мұқият саралаған. Автор оқырман зердесіне терең түсінікті оңай жеткізу үшін мысал-хикаялар тәсілін кемел дәрежеде пайдалана білген. Адамның адамдық қасиетін, Пәруардігер Алла тағаланың құдірет күшімен жасалған ерекше жаратылысын, ақыл-ойдың иесі ретінде кереметтей ұлылығын, оның тән және жан-ділі, рухани дүниесін жан-жақты талдауда – аз сөзбен кең мағынасын жан-жақты терең ашып көрсеткен. Алла сыйлаған адамның алуан түрлі қасиеттерін тануды – ақиқаттың анық жолын іздеуден бастайды. Пенде алдымен өзін-өзі тану арқылы – Алла тағаланы, әулие-әнбие, пайғамбарларды таниды. Ғаззали міне осы құбылысты этика-әдеп, психология-жантану, табиғаттану, астрономия, анатомия, тәуіптік ілімдерді тану мәселелерімен байланыстыра, ғылыми дәйектемелерді келтіре отырып, оқырман қауымға жеткізе білген. Бүгін оқырмандар назарларына ұсынылып отырған «Әдеп әліппесі», «Бақытқа жету кілті», «Ей перзент» атты ғибратнама еңбектерінде де ислам діні

негіздерін бұдан мың жыл бұрын хал-қадарынша терең мағынада талдай білуі нәтижесінде болашақ ұрпаққа өлмес мұра қалдырғаны таңданарлық жағдай.

Ғазали адам тәнін мемлекетке теңесе, ішкі жан-ділін оның падишасы, ақыл-ойын – падиша уәзірі, көкіректің сол жағындағы бір парша ет – жүректі ділдің, яғни рухтың аяқ ұлау көлігі, адам тәніндегі басқа да ағза мүшелерін ділдің сарбаз қызметкерлеріне теңеген.

Алла тағала адамға сый еткен бес сезім, төрт элемент – ақыл-ой, парасат кереметтерін кең түрде әңгімелеп, тек көкірек көзімен, ақыл-ой парасатымен көре алатын ділді рух деп атауға болатынын баяндай келіп, дәлелдемелермен тұжырымдайды. Діл, яғни рухты жан-жақты талдап дәлелдеуге шарифат тыйым салатынын айта келіп, оған адамдық қасиеттер тән екенін ашып айтады...

Сонда бұл имам Ғаззали кім, қандай еңбектері бар, оқырманына қаңшалықты дәрежеде таныс – енді соған тоқталайық.

Қазақ совет энциклопедиясының III томындағы Әбу Хамид Ғаззали жайында қысқаша мәлімдеме бар. Онда «Ғаззали – араб философы, ислам діні философияның ірі өкілі, көп жыл мұт-тәкәлимшілер жағында болып, өмірінің соңғы кезінде суфизм жағына шыққан ол «Адасудан арылу» атты кітабында өзінің философиялық ішкі сырын ашып, тану-білу теориясы саласындағы толғаныстарын ортаға салады. Сезім, ақыл-ой қабілетін сын көзімен қарап бағалайды. Әдіс-

темелік күмәндану тәсілін – ақиқатты ашудың жолы деп түсіну туралы мәселе қояды» деп жазылған (445-бет, 1973 ж.).

«Исламның төлқұжаты», «Теңіз бауыры» деген жоғары атаққа ие болған Мұхаммад Ахмад әл-Ғаззали 450-хижра жылында (қазіргі 1058 жыл, екінші деректе 1059 жыл) Хорасанның Туси қаласынан 20 шақырым солтүстік-батысындағы Ғаззали қыстағында туылды делінген. Ол жастайынан ілім-білім алуға ерекше ынта-ықыласымен сусап өседі. Әуелі Тусидегі Ахма ар Радгонийден, кейін Нишапурдегі әл Жуванийден тәлім алады. Ұстазы өмірден өткеннен кейін Нишапурды тастап, Самарқанға қарай жол алып, сол жерде уәзір Низамул Мүлікпен жолығып, құрметіне бөленеді. Ол көптеген ғұлама ғалымдармен танысып, сұхбаттас болады. Өзінің жоғарғы дәрежедегі ғалым екенін танытқан соң, 484-хижра жылында (1095 міллет жылы) Низамия медресесінде сабақ беретін ұстаз мұғалім болады. Бағдатта төрт жыл мұғалімдік ісін атқарып 1095 міллет жылында қажылық сапарға шығады. Қажылықтан қайтқан соң Дамашық-Сүрия қаласына келіп, тағы біраз жыл мұғалімдік қызметін атқарады. Одан Искандрияға келіп, біраз уақыт тұрған соң, суфи Ташифийдің қарауына бара жатып, жолда сұлтанның қаза болғанын есітіп, өз отанына қайтады. Тусиде бірнеше жыл ұстаздық жасап, Низамия медресесіне барады. Бірақ онда көп тұра алмастан, туған жеріне қайтып келеді.

Тусиде Имам Ғаззали өзіне үй-жай салып,

оның жанынан медресе ашып, қалған өмірін ілім және тағат-ғибадатпен өткізеді. Хижраның 505-жылында дүниеден өтеді.

Имам Ғаззалидің жазған шығармалары өте көп. Оның ішінде халық арасындағы көп тарағандары «Жәуһар», «Орталық», «Қысқа», «Қорытынды», «Мұстафа», «Жас шыбық», «Философтардың бекерге шығаруы», «Адасудан арылу», «Көзқарасты анықтау», «Ілім өлшемі», «Мақсаттар», «Өзге халықтардың жаңылыс пікірлері», «Әдемі есімдер – Алла есімдері», «Шығыс», «Мақсат пен уақыт аралығында», «Құстар жайында кітапша» болса, өмірінің соңғы жылдарында шәкірттерінің өтініші бойынша «Хақ жолының бастамасы», «Ей, перзент», «Діни ілімдердің тірілуі», «Алла есімдерінің мағынасы», «Түсінулер» деген кітаптар жазды. Ал бүгінгі қазақ оқырмандарына жол алып отырған ғибратнамалық дүние «Бақытқа жету алхимиясы» кітабы мен «Ей перзент» кітапшасынан тәржімаланған...

Мысалы, үшінші бөлім – ілім және оны іске қосу жайында. Адам өмірінің әрбір сәтін босқа өткізбей, барлық күш-қайратын жақсы істерге жұмсау, есілдерті дүние жинауға ауып кетпеу, айтқан насихат сөзге сай болуға – берген уәдесі үдесінен шығуы керектігін, алған ілімі пайдаға аспаған ғалымның ақыретте азабы көп болатынына тоқталады.

Ей, перзент, ісінде амалсыз болма,

Сопылардың сөзінен хабарсыз болма, – дейді. Яғни, «жүз жыл ілім үйреніп, мың кітапты оқып шықсаң да ондағы айтылғандарды іске асырма-

саң, Алланың шапағатынан үміт етуге хақың жоқ» дейді. Бұл ойлар Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» жылға дейін жоспарлаған стратегиялық бағдарламасымен үндесіп жатыр. Осынау бағдарламаны жүзеге асыруда мыңдаған жылдар бойы қазақ халқының рухани игілігіне айналып, тұрмыс-тіршілігімен бітеқайнасқан мұсылман қауымының идеологиясын насихаттау да артық болмаса керек. Халықтың көкейіне қонатын Құран Кәрімдегі сүрелердің мән-мағынасына, пайғамбарымыздың хадистеріне терең түсінік беретін Имам Ғаззали сияқты ірі ғұламалардың жас ұрпаққа ғибраттары арқылы қоғамымызда салауатты өмір салтын қалыптастыру қажет. Сонда ғана бүгін кез келген елде бой көрсетіп жатқан маскүнемдік, нашакорлық, паракорлық, дүниеқоңыздық, екіжүзді жалтақтық пен опасыздық сияқты қоғамдық дерттерден мемлекетіміздің алтын тамыры – болашақ жас ұрпағымызды таза сақтарымыз хақ.

Міне, осындай үлкен мәнді идеяға ие Имам Ғаззали, өзінің қысқа өмірінде өнімді еңбек етуімен қатар, дүние жүзіне шығыс ойшылдары ішіндегі ең ірі Алланы танушы ғалымдығымен белгілі болды. Оның ислам діні жөніндегі кереметтей танымдық шығармалары тоғыз ғасырдан астам қолдан-қолға тимей, дүние жүзі тілдеріне тәржімаланып, қайта-қайта басылып шығарылуда. Ислам дүниесінде «Ғаззалиға Алладан аян келмеген. Уахи-аян келсе, ол пайғамбар болар еді» деп бұл ұлы білімдардың терең еңбегіне лайықты

баға берген. Осыған қарағанда, имамның қазақ тіліне тұңғыш тәржімеленген бұл жинағы ғибрат аларлық қымбат баға, рухани азық болатынына кәміл сенуге болады.

Манап Өтебайұлы,

*Шымкент экономика және құқық колледжінің
Бас директоры, экономика ғылымдарының кандидаты*

БІРІНШІ БӨЛІМ

ӘДЕП — БАҚЫТҚА ЖЕТУ ӘЛІПШЕСІ

Жақсы перзент – ата-ана қолындағы аманат.

Барлық жамандық – нашар мінез-құлықты адамдармен сұхбаттас болудан пайда болады.

Жалған сөйлеу және жалған ант беру – екіжүзділіктің нәтижесі деуге болады.

Бірінші тарау

СӨЗДІҢ АПАТЫ ЖӘНЕ ТІЛДІҢ ЗИЯНЫ

Аңғарсаңыз, тіл – бір жапырақ ет. Алайда ақиқатқа жүгінсек, онда көптеген мәселелердің түйіні жатыр. Өмірге келген, келмеген нәрселердің көбісіне себепкер – тіл. Мүмкін амалдардың кеңесші уәзірі, оның қызмет басындағылары, әр нәрсені ақыл-ой елегінен өткізіп істегісі келсе, оны тіл арқылы ғана жүзеге асыра алады.

Тіл мен діл – сөз гауһарының негізі. Діл де, тіл де – ақыл-ой, ар-ұят жауһарының сәулесін қажет етеді. Мысалы, кейде тіл тотысы налынған зарлы сөздерімен сайрап кетсе, шуақты көктемдей діл айнасына қайғы-қасіреттің көлеңкесін түсіріп, үкім етуімен көз бұлағынан жас ағызар; Керісінше, тіл дұрыс сөйлесе – діл тіктеліп, ақиқатты айтса – раушан болар; Егер жалған айтса – көңіл ділі көр болар. Білген жақсы, сөз апаты есепсіз көп, одан сақтана білу қажет. Адам сөздерінің залалсызы болмайды. Пайғамбарымыз былай деген екен: «Кісі үндемесе, үйдей пәледен құтылар» және «Кісі – қарын, нәпсі, тіл апатынан сақтана білсе, басқа апаттардың бәрінен де өзін аман сақтайды».

«Қайсы амал дұрыс?» деп сұрағандарға пайғамбарымыз аузынан тілін шығарыпты да қайтадан аузын жауыпты, яғни «үндемеген дұрыс» дегені екен. Пайғамбарымыз «Адам баласының көптеген қатесі себебінен, сіздерге айтатыным – ғибраттың ең жақсысы тілді тістей сөйлеп, үндемеу және

күш көңіл бөлу» десе және бірде «Бақытты деп сөздің сарасын сақтап, малдың сарасын беретін, яғни әмиянын ашып, аузын жауып, тілін байлай білетін адамды айтамыз» – деген екен.

Білген адамға тілдің ұзындығынан зиян еш нәрсе жоқ.

Екінші тарау

ӨСЕКШІЛІК – КЕСАПАТ

Өсекшілік, яғни сөз тасымақ. Алла оның сұмдығы жөнінде көптеген хабар берген. Пайғамбарымыз «Өсекші жұмаққа жуый алмас және сендердің араларындағы жаман адам – сөз таситындар» депті. Біреу бір әкімнен былай деп сұрапты: «Аспаннан кең не? Оттан ыстық не? Темірден қатты не? Жетімнен қор не?». Сонда әкім: «Ақ іс – аспаннан да кең, күнәсізді балағаттау – жерден ауыр, ұрық-аймағында кек сақтап, өшпенділікпен қарау – мұздан суығырақ, қаскөйлік – оттан да қызулы, кәпірдің көңілі – темірден де қаттырақ және өсекші, сөз тасушылар – жетімнен де қор» деп жауап беріпті. Білген жөн, өсекшілік – екі кісі арасында сөз тасу ғана емес, ол – кісінің сөзі мен пейіл-құнын әшкерелеп, ренжіту. Біреу әкімнің алдына келіп «Пәлен кісі сізді жамандады» дегенде, әкім: «Маған бұл хабарды айтып үш қиянат жасадың: бірі – көңілсіздендірдің, ашық көңілімді уайымға қалдырдың және өзіңнің жылпостығыңды көрсеттің» депті. Хасан Басри айтқан екен:

«Егер саған біреу сөз жеткізсе, ол сенің сөзіңді де біреуге жеткізер» – деп. Сондықтан да өсекшіден өзінді аулақ ұстап, оны дұшпаным деп есептеу қажет. Оның құны-пейілі – қиянат, қастандық, тазалықтан жұрдай. Өсекшіліктің үлкен апат екенін білген жақсы. Оның себебінен нақақтан қан төгіледі. Мысалы, біреу құл сатып аларда «Мұның қандай айыбы бар?» деп сатушыдан сұрағанда: «Өсекшіліктен басқа айыбы жоқ» депті. Сатып алушы «Айыбы ауыр екен» деп қабылдайды. Келген соң құл қожасының әйеліне «Қожайынның саған деген махаббаты кем екен және бір сұлуды алғысы келетінін байқадым. Қожайын ұйықтап жатқанда сақалының астынан ақырын ұстарамен қыл кесіп алып берсең, мен оған жады дуасын оқып, саған ғашық етіп қояр едім» дейді де, қожайынына барып «Қатыныңыз бір кісіге ғашық болыпты, сізді өлтірмекші ниетте, егер сөзіме күмәндансаңыз, ұйықтаған адам сияқты жатыңыз, өзіңіз байқайсыз» депті. Қожайын жалған ұйықтаған кісі болып жатады. Сөйтсе, әйелі ұстара алып келіп, қожайынның сақалынан ұстай береді. Осы кезде «Мені өлтірмекші екен» деп ойлаған қожайын орнынан секіріп тұрып, әйелін табанда мерт етеді. Сөйтіп, бір өсекшінің жала сөзінен соң жазықсыз кісі қаза табады.

Үшінші тарау ПЕРЗЕНТ ТӘРБИЕСІ

Жақсы перзент – ата-ана қолындағы аманат. Діл гауһары сияқты сап таза, момақан, әртүрлі өрнектегі жаңалықты қабылдауға құштар, лайық және жерден өнім өндіргендей әр нәрсені үйренуге бейім болады. Әр нәрсенің ұрығын сепсең, оның дақылын егерде ұрықтың асылын тапса, дүниенің де, ақыреттің де шарапатын табасың. Ата-анасы ұстаз ретінде оған серік болады. Перзент тәрбиелеп, оған ілім, әдебиет үйрету – жақсы тағлым берумен қатар, жаман сұхбаттан сақтандыру қажет. Барлық жамандық – жаман мінез-құлықты адамдармен сұхбаттас болудан пайда болады. Перзентті тәтті тағам, жақсы киімге үйір қылмаған жөн. Ондайға үйренген перзент бар өмірінде жақсы киім, тәтті тағамды таңдап, босқа уақытын өткізеді. О бастан баланың жан-дүниесін рухани пәктікке тәрбиелеген абзал. Сондықтан баланың тәрбиешісі сыпайы да адал болуы шарт. Сонда ол дәйім жаман қылықтардан аулақ ұсталады. Артық ет – арам сүттен пайда болар, арамдық – бұзықшылық, күнәкәрліктің анасы деуге болады. Мұндай апаттар тағамды тоя жеуден пайда болады. Тамақты аз-аздап жеуді үйреткен жөн. Сонымен қатар, тағамды оң қолымен «Бисмилла» деп алып, балдырап сөйлемей, артығымен тоя жемесін. Біреудің алдындағыға көзін тікпей, қолына алғанын жеп болмағанша, басқа кесеге қол ұзатпау, еңсесін асқа қарай түсіріп жібермей, нанды халықтан ар-

тық жемеу сияқтылардан көңілін суытқан жөн. Қалыптан артық тоя жеу – хайуандар мен нандардың ісі деп түсіндіру керек. Перзентінді бейәдеп балаларға үйір қылмай, аулақ ұстап, әдепті балалардан үлгі-өнеге алуды үйрету керек. Тек жібекпен ғана киіндіруден сақтан. Жаман балалармен сұхбаттас болуға тыйым сал. Әрбір баланы жаман, бейбас балалармен бірге жүргізсең, өтірік айтуды үйреніп, жаман жолға түсіп кетуге душар болады.

Егер бала қателесе, екі-үш рет көрмегенсіп, білмегенсіп қоя салғын. Оған жауап беретін дәлелі болмауы да мүмкін. Оқтын-оқтын жаман іске үйір болып әдеттенсе, кемшілігін бетіне басып ұялтқын, түсіндіргін. «Егер бұл ниеттен, бұл бағыттан тез қайтпасаң, адамгершіліктен шығасың да халық арасында масқара боласың» деу қажет. Әкесі өзінің перзентіне сабыр, шыдамдылық пен айбаттылығын өнеге ете білсін. Күндіз ұйықтаудан сақтандырса жақсы болады. Түнде жұмсақ төсекке жатқызуға әдеттенбесе, денесі қуатты болып өседі. Әр күні бір сағаттан ойнатып, болмашыға алаңдаушылық, жаман қылық, қара көңілділікке салындырмау қажет. Жас балаларға біреулерден тілеп алу лажы жоқ қайыршының ісі екенін ескертіп, біреуден бір нәрсе дәме қылмауын ескерту керек. Көпшілік арасында ісіп-кеуіп мақтанбасын, отырғанда кісіге арқасын беріп отырмасын. Қолын жерге таянбасын. Лепіріп сөйлеп, сұрамағанға жауап бермесін. Өзінен үлкенді құрметтеп, тілін қылжақы мазақ сөзден сақтай білсін. Әрдайым ыждаһатпен тәрбиеленсе, тасқа қашап жазған жа-

зудай баланың көңілінде өрнектеліп, берік орналасып қалады. Егер әдепсіз, дөң мінезді болса, үйге топырақ шашқандай, бұл сөздер жандүниесіне жайлана алмайды.

Төртінші тарау

УӘДЕГЕ ОПА ЕТПЕУ

Пайғамбарымыз айтқан екен «Мынау үш нәрсенің бірі – адам бойында кездесе қалса, тіпті намаз оқып, ораза тұтса да екіжүзділікке жатады: біріншісі – жалған сөйлесе, екіншісі – уәдесіне опа қылмаса, үшіншісі – аманатқа қиянат жаса-са. «Уәде – қарыз». Оны орындамауға болмайды.

Әзіреті Исмаил әлейһиссалам бір кісіге бір жерге барып тұрмаққа уәде қылыпты. Ол кісі келмеді. Солай болса да үш күн бойы оны кездестіруге ынтызар болып, күтіп жүріпті. Білген жақсы – әр уақытта кінәлі, залалды іске уәде бермегін. Егер адал іске уәде қылсаң, өте зәру жағдай болмаса, уәденді орындауға әрекеттен. Білгенің жөн, кісіге бір нәрсе беріп, оны өндіріп алу уәдеге опа қылмаудан да жаман. Пайғамбарымыз ондай кісіні өз қиын өзі жеген итке балаған.

Бесінші тарау

КӨРЕ АЛМАУШЫЛЫҚ

Пайғамбарымыз «Көре алмаушылық – жақсы қызметкерді пішенге түскен от-жалындай жай-

пап түсіреді және үш жаман нәрсе бар, одан кейбір пенде құтыла алмас: ол – күмәндану, жаман пейілділік, көре алмаушылық» депті. Бұлардан құтылудың жолын үйретіп: «Егер күмәнданушылық пайда болса – алдымен өз нәпсіңді мұқият тексеріп, байқап көргін. Жаман пейіл жаныңнан жай ала бастаса – оны жүзеге асырмауға әрекеттен. Күншілдік, көре алмаушылық пайда болса – тіл мен қолдарыңды сақтай біліңдер. Өйткені көптеген Пайғамбарлардың үмбеттері жойылып кетуіне басты себепкер – осы: күншілдік, көре алмаушылық» депті.

Алтыншы тарау

ЖАЛҒАН СӨЙЛЕУ

Жалған сөйлеу және жалған ант беру – екі жүзділіктің нәтижесі деуге болады. Пайғамбарымыз «Пенде бір рет жалған айтса, жаратқанның кеңдігінде тағы да бір өтірікші пайда болып, оның ризық-несібесі кеми түсер. Екіншісі саудагер күнәһарлардан деуге болады. Өйткені, олар әрдайым жалған айтып, жалған ант ішеді. Олар кісінің хал-жағдайы жөнінде жалған сөйлейді» депті.

Абдулла Әмир «Е, расуллах момын (мұсылман) зінә қыла ма?» деп Мұхаммед пайғамбарға сұрақ қойғанда: «Зінә қылуы ықтимал» деп жауап қайтарыпты. Және «Момын жалған сөйлей ме?» дегенде, «Жалған сөйлемейді, жалған сөзді тек иманы жоқтар айтады» депті.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

БАҚЫТҚА ЖЕТУ КІЛТІ

Сенің қалыбың екі нәрседен құралады. Бірі – көзіңе көрініп тұрған дене құрылысың: мұны тән деп атайды, мұны көзбен анық көруге болады; екіншісі – ішкі жандүниенің: оны жан деп те, діл деп те атайды.

Ақиқатында адам денесіне тән төрт сипат бар. Олар – иттік, доңыздық және диюлік пен періштелік.

Ділдің шарапаты – салыстыра қарасаң, барлық нәрселерден ғажайыптығымен ерекшеленеді. Көптеген адамдар оның қыр-сыры ақиқатынан хабарсыз.

Бөлімге кіріспе тарау

МҰСЫЛМАНДЫҚ ДӘРЕЖЕСІН ДӘЛЕЛДЕУ

Ол негізінде төртке бөлінеді: әуелгісі – адам өз жан-дүниесін танымақ. Білген жөн, хазіреті-һақ тағаланы танымақтың кілті – өз жан-дүниенді тани білу. Әр кісі өз жан-дүниесін таныса, шын мәнінде, ол пәруардігерді де таниды. Бұл туралы нұрлы Алла тағаланың хабарлаған Фуссулят сүресінің 53-аятында «Көрсетермін оларға құдіретімнің ғаламат нышандарын – өздерін қоршаған жер мен көк, жан-дүниесін – кітаптың шындық екені оларға мәлім болғанша» депті. Бұл сөздің шешуі – бар нәрсе өзіне-өзі жуық, әр-уақытта алдымен өзінді танымасаң, өзгені қалай танығайсың? Әрдайым өзімді танымын деп айтасың. Тананарсың һақ нұрлы Алла тағаланы танымауға ешқандай себеп жоқ деп, төрт аяқтылар да өздерін-өздері таниды ғой дерсің.

Ей адам! Сырт-сипатыңды тануда – бас, бет-пішін, аяқ, қол, сүйек, еттен басқаны танымайсың. Ішкі жан-дүниеңнің ахуалын білуден: уақыты келіп, қарның ашса – нан жерсің, шөлдесең – су ішерсің, кейде ашуың келсе – бір кісіге тиісіп зәбір берерсің, шауһат талабымен қатын аларсың – бұлардың бәрі төрт аяқты хайуанаттарда да бар қасиет.

Енді сен өз ақиқатыңды жан-жақты білуге талап қылғайсың. Өз нәсілің не, ол қандай нәрсе, қай жерді кездің және қай жерге барасың? Бұл ғаламның қонақжайына не үшін келдің? Соңың-

дағы ұрпақ сені не үшін мадақ етпек? Мұрат-мақсаттарың не?

Бұл істерді білгейсің. Бұл сипаттар, жұмбағы көп ішкі жан-дүниені жайласқан. Оның кейбірі төрт аяқтылар сипатында, бағзысы диюлер сипатында, бағзысы періштелер сияқты тазалардан. Сен осы сипаттардың қай тобынансың? Көңіліңнің гауһары бұл сипаттардың қайсысын қайтарып тұр және қай сипаттарды өзіңе лайықты не лайықсыз дейсің? Бұларды білгеннен соң, өзіңнің мұрат-мақсат, бақытыңды іздегейсің. Бұл сипаттардың аялап асырайтын қамқор қорегі бар. Мәселен, төрт аяқтылардың мұрат-мақсат қорегі – ішпек, жемек, ұйықтамақ, жыныс қатынасы талабын орындамақ. Егер сен төрт аяқтылардан болсаң, ертелі-кеш зор беріп ішіп-жеу мен нәпсіңді қанағаттандыру қамын жей бергін.

Ал жыртқыштардың басты мұрат-мақсаты – тістемек, ғазап беру, өлтірмек. Ал диюлардың мақсаты – қулық, сұмдық, айла-шарғы, азғыру ісімен шұғылданау. Егер сен төрт аяқтылар, яғни хайуандар мен жыртқыштардан болсаң, солардың ісімен шұғылдана бер де, солардың істеген ісін өзіме лайықты-ләзім деп біліп, төрт аяқтылардың мұрат-мақсатына жете бер.

Періштелердің мұрат-мақсаты мен қорегі – Алла тағаланың дидарына қарай, тамсана таңдану, оның кемелдігіне әуестену. Ғазап, шауһат – төртаяқтылар мен жыртқыштардың және шайтанның сипаттары. Олардың табиғи болмысы егер сен періштелер гауһарынан болсаң, маңайыңа жол тауып, жуи алмас. Өз әсіліңді періштелер-

дің әсіліндей етуге тырысқан күнде ғана, Хақ тағаланы танығайсың. Оның көрікті жамалын танымаққа жол тапқайсың. Хайуанат сипаттары болмысы жаратылысының ішінде нендей қасиеттердің бар екенін біліп алғын. Олардың айуандық сезімі сені тұтқын етпек, өз қызметіне пайдаланбақ, ертелі-кеш сені өзіне тәуелді ету әрекетінде екенінен хабарың болсын. Ал бұл жаман қасиеттерді жөнге салып, өзіңе тұтқын етіп бағындырып ала алсаң, ол дастарқандай сенің алдыңда болар. Бұл сипаттарды өзіңе мойын ұсындырып пайдаланғайсың. Қанша күн бұл ғаламның қонақжайында болсаң, бұл сипаттарды қызметіңе жегіп, бұлардың жәрдемі арқылы алға қойған мұрат-мақсат, бақыт ұрығын қолыңа келтіре біл. Уақтылы сәтімен мақсатыңа жетіп, бақыт ұрығын қолыңа келтірсең, жаман қасиеттерді аяғыңның астына салып, ол бақытыңды баянды етпейсің. Ғалымдардың мұраты, баянды бақыты – Әзіреті күллі ғаламның падишасының жамалының нұры. Ал қарапайым халықтың мұрат-мақсаты – жұмақ жайынан ірге тебу болып табылады. Міне, бұлардың бәрінің мән-мағынасын толық білгенде ғана өзіңді-өзің таныған боларсың. Әрбір кісі бұл жайттардың мән-мағынасын тани бермейді. Олардың несібесі, иманы – кәміл сенімді жолдан аулақ және ақиқат дін жолын танудан құралақан болар.

Бірінші тарау ДІЛДІ БІЛСЕҢ ӨЗІңДІ ТАНЫРСЫҢ

Сенің қалыбыңның өзі неден тұрады? Сенің қалыбың екі нәрседен құралады: бірі – көзіңе көрініп тұрған дене құрылысың; оны тән деп атайды, мұны көзбен анық көруге болады; екіншісі – ішкі жан-дүниең; оны жан деп те, діл деп те атайды. Бұл көзге көрінбейтін жасырын ішкі жан-дүниеңе жайғасқан. Бұны көкірек көзімен ғана тануға болады. Көзбен ақиқатты керуге болмайды. Сенің бар ақиқатыңның өзі осы ішкі жан-дүниеңде.

Әрбір нәрсе бұл мағыналы жан-діліңнен өзгеше бөлек болғанымен, оның тәуелді сарбазы деуге болады. Шын мәнінде басқа нәрселердің бәрі де – оның қызметкері. Өйткені, ол жан-дүниеңе діл деп ат қойыпты. Енді ділдің қасиеті мен ерекшеліктерін баяндайын.

Ділдің мұрат-мақсаты, ақиқаты – тек адамға тән. Оны кейде рух деп те атайды. Кейде, ішкі жан-дүние дейді. Діл деп көкіректің сол жағына жайласқан бір парша етті айтпас па екенбіз? Оның ешқандай қисыны жоқ. Ол ет хайуанда да бар, өлген өлікте де бар. Бірақ оның ақиқаты, сыртқы көзбен көруге болады. Сол көзге көрінбейтін (көкірек көзіне көрінетіндерді), бұл дүниеге тән емес нәрсені – ғалами көрсеткіш дейді. Ділдің шын мәніндегі түпкі ақиқаты – бұл ғаламға тән емес, ол бұл ғаламда бір ғаріп мүсәпір ғана.

Діл – бұл ғаламның көне керуен сарайынан,

ақыреттің жәннат жайына қайту үшін келіпті. Ал бір парша ет – жүрек, падиша ділдің мінетін аяқұлауы, құрал-жабдық дастарқаны. Денедегі барлық мүшелер оның сарбазы. Қысқасын айтқанда, діл – барлық дененің падишасы. Діл падишаның мақсаты – Алла тағаланы танымақ және Алла тағаланың кемел жамалын кермек. Падиша – ділдің сипаты және оның жәрдемшісі – сөздері. Ұсыныс та, үндеу де, уәде де, атақ та – соның қолында. Ұлық та, бақыт та, жоғары дәрежедегі ықпал да – ділдің сипатында. Ал дене болса – әруақытта оның қызметкері. Падиша-діл және оның сипаттарын тану – Әзіреті һах нұрлы Алла тағаланы танымақтың кілті болар. Бар күш-қайратыңды жұмсап, ділдің ақиқатын танығайсың. Діл гауһары – ғазиз періштелер гауһарының жынысынан болар. Ал ділдің кені де, әсілі де – жалғыз Жаратқанның кеңдігі болар. Кеңдігі арқылы – келуші де, кетуші де, бұл ғаламның қонақжайына ғаріп саудаласу мен рұқсат үшін келіпті. Ділдің саудаласуы мен рұқсатынан баяндайын.

Иншалла тағала.

Екінші тарау

ДІЛ АҚИҚАТЫ

Ділдің ақиқатын тану үшін ділдің жаратылыс болмысын білмейінше, мүмкін емес екендігін білгенің жөн. Әуелі ділдің болмысын білгейсің, одан кейін діл ақиқатын талап еткін, ол не нәрсе өзі?

Сонан соң, падиша ділдің сарбаздарын танығайсың, ол неше тайпалардан өткен? Одан кейін падиша ділдің және оның сарбаздарының арасындағы байланыс қарым-қатынастарын білгейсің. Ділдің сипаттарын танығанда һақ нұрлы Алла тағаланың ілім-білімін қалай білу керек? Осылардың мән-мағынасының әрбіреуіне қатысты белгілерін де көрсетіпті.

Алайда ділдің жаратылыс болмысының сырт көрінісімен аспан, жер және басқаларды да сырт көзімен көруге болады. Бәрін тани білсе де, өз болмысын нашар таниды. Ақиқатында сыртқы дене, аспан мен жер, тағы да басқалардан толық хабардар емес. Алайда, өзінше бәрінен де толық хабардарға ұқсайды. Әруақытта бұл істерден хабары болып, тырысып, жақсы әрекет қылса, ақырет ақиқатын да сонша жақсы таныған. Сенен бұл сыртқы тәндерді алатынын және сені сондай жерге жеткізетінін, сен фәни дүниеден ол мекенге баратын кездер келетінін біліп, есіңе алып жүр.

Үшінші тарау

РУХ АҚИҚАТЫ

Жалпы рух ақиқаты нелерден тұрады және оған тән сипаттар нешеу? Бұларды баян қылуға шариат рұқсат бермейді. Сондықтан да бұны Әзірет Расулі Әлейһи салам талдап түсіндіру қажет деп таппапты. Сондықтан һақ тағала Ал-исра сүренің 85-аятында айтыпты: «Ей Мұхаммед, сенен рух туралы сұраса айтқын – рух жаратушы

ием әмірінде, сендерге өте аз мәліметтен басқа ілімнен ештеме берілмеді» деп.

Әр нәрсе өзіне лайықты өлшем көлемінде жол тапса, оны болмыстық деп атайды. «Болмыс» деген сөз сөздікте өлшем, сандық, сапалық мәнін түсіндіретін ұғым. Діл жәуһарының ойдай өлшемі жоқ. Сондықтан бөлшектеуді қабыл етпейді. Егер бөлшектеуді қабыл қылса, сол бөлшектері жөнінде ілімнің болуы мүмкін болар еді. Сонымен діл қожасы бір жағдайда білімділікке, бір жағдайда надандыққа жақын болады. Рухтың бөлшектеуді қабылдамауынан, әр түрлі көлемдегі бөлшекке жол таппауынан – Өзреті хақ нұрлы Алла тағаланың сөз сыйы өлшемдерін жарату мәнісіне тіреледі. Сонымен, осы мән-мағынамен, яғни көлемді өлшем – сырт көрінісін тапқан нәрселер, ғалам халқының тобындағылар. Ал көлемді өлшемдер жол таппайтын нәрселер ғалам халқына (тобына) жатпайды. Бір тайпалар рухты байырғы ғой деп күмән қылып, таңданыпты. Ол тайпалардың айтуынша, рух – өткінші, баянсыз, өзінше нақты бір нәрсе емес деп ерсі көреді. Өткінші – өз затында мызғымайтын қатып қалғаннан емес, бәлкім және бір жәуһардың қызметкері болар. Рух адам жаратылысы болмысының асылы болар. Барлық дене құрылысы соның қызметшісі. Сонда қалай ол өткінші баянсыз болмақ? Сол тайпалар тобы рухты «дене» деп айтыпты. Таңғаларлығы, тән тағдырын қабылдап, рух тағдырын қабылдамауында.

Жалпылап айтқанда, рух деп аталып, оның тағдыры қабыл қылатыны не дегенде, төрт аяқты хайуандардың да денесінде рух бар ма деген сауал

туылады? Біздің рух асылы дейтініміз – Құдай тағаланың бізге сыйлаған білім орны. Хайуандарда бұл рух жоқ. Рух – дене емес, бөлінетін де емес, нәзік бір жәуһар десе болады. Періштелер осы жәуһар жынысынан болар. Бұл рух ең бір нәзік ақиқатты танымақтық, оны талдауға рұқсат жоқ. Әрі сопылықтың алғашқы жолында бұларды танудың қажеті жоқ – бұл дін қағидасының жолындағы алғашқы қиыншылық, яғни дүние ләззатынан безу. Уақыты келіп сопылықтың шарттарын орнына келтірген жағдайда, білім асылы пайда болады. Оны кісіден естудің қажеті болмас. Білім – тура жолға жетекшілік ететін жолбасшылар сипатты. Хақ нұрлы Алла тағала Құранның Анкабут сүресінің 69-аятында айтқанындай: «Біз үшін жанқиярлықпен күрескендерді, біз өзіміздің жолымызбен алып жүреміз». Егер әрбір кісі қайратын тауыспастан, сопылық қиыншылықтарын жеңіп, кемеліне келтірмесе, ол кісіге рух ақиқатын баян қылмақ қажет емес. Алайда, ол күш-қайраттың тарихын білмектен ілгері, ділдің сарбаздарын танымағы ләзім. Әр уақытта әрбір кісінің сарбазы болмаса, жеңіске қолы жетпес.

Төртінші тарау

БЕС СЕЗІМ

Білгейсің, дене – падиша ділдің мемлекеті болар. Осы мемлекетте падиша ділдің түрлі-түрлі сарбаздары бар. «Мудассир» сүресінің 31-ая-

тында: «Пәруардігер сарбаздарының (періштелерінің) санын өзінен басқа білмес» депті. Алла ділді ерекше етіп жаратыпты, Ақырет үшін ділдің мақсаты – әйімі бақыт талап қылмақта. Оның бақыты – Хақ тағаланы танымақ, оның жарату құдіретін және жаратқан нәрселерін білмекпен бірге пайда болғысы келетінінде. Бұл тұрғыдан қарағанда, ғалам – жаралатындар тобынан, діл – ғалам ғажайыптарынан.

Алла тағала адамдарға бес қасиет беріпті. «Адамдар бұлардан пайдалансын» депті. Бұл бес қасиеттің тұрар жайы дене болар. Әзіреті нұрлы Алла тағаланың ілім-білімінің аулайтын аушысы діл болады. Ал діл сол бес қасиет – бес сезімнің қақпаны болар, ақиқатында көзге көрініп тұрған дене, сол қақпанды көтеріп тұрған көлігі. Міне, сондықтан да ділге көзге көрініп тұрған дененің қажеті бар. Сыртқы дене – судан, топырақтан, ыстық-суықтан, ылғалдан сақтайды. Дененің күшсіз әлсіздігі түрлі-түрлі жағдайларға байланысты. Дене ішкі жағынан – аштықтан, шөлдеуден, және сыртқы жағынан – от, су, ұры, дұшпан, қаскөйлер тағы да басқа себептерден қауіп-қатерде болады. Дененің ашығу, шөлдеу себепінен, тағам және су шербетке қажетті жағдайы болады. Дененің ішпек және жемек жағынан екі топ сарбазға қажеті бар. Бұл екі топ сарбаздың бір тобы көзге көрініп тұрған – қол, аяқ, ауыз бен көз, киінбек; екінші тобы – ішкі дүние сарбаздары, бұлар шауһат және ғазаптардан тұрады. Тамақты көрмей, талап қылу мүмкін емес. Дұшпанды көрмей, шабуыл жасамайды. Сол сияқты ділге де қажетті нәрселер бар. Бұлардан сырт-

қы көзге көрінетіндері бес сезім – бес қасиет, ол: көз, құлақ, мұрын, татып білмектік, сипап, тұтып көрмектік. Бұл түйсіктердің ішкі жан-дүниеге қатысы да бесеу болар: 1. Қиялдау, 2. Ойлау қуаты, 3. Еске сақтау-зейін қуаты, 4. Түйсік пен қабылдау қуаты, 5. Сезім мен ерік қуаты. Бұл бес қасиеттің тұрақты жайын ми деп атайды.

Осы қасиеттердің әрбіріне қатысты өзіне ғана тән атқаратын іс-әрекет амалдары бар. Осы қасиеттердің біреуінің орындалуына қарсылық туылса, адамдардың атқаратын ісіне де қарсылық пайда болады және бұл сарбаздардың бәрі де, ішкі және тысқы ділдің жарлығына бағынады. Діл – бұлардың әмірші падишасы. Ол кейде тілге жарлық берсе – сөзге келер, егер қолға жарлық берсе – бір нәрсені ұстар, кейде аяққа жарлық берсе – әрекетке кірісіп жүрер, көзге жарлық берсе – көрер, ой қуатына жарлық берсе – ой-пікір ісімен шұғылданар. Жалпылап айтсақ, ол сарбаздардың бәрін падиша ділдің мүддесіне, жарлығына бағындырыпты. Әрдайым падиша діл бұл сарбаздардың күшімен дене мемлекетін дұшпандар шабуылынан сақтап, ақырет сапары жол азығын дайындап, өзінің баратын жері, яғни Алла тағаланың ілім-білімінің мекені – ақырет қамын жейтін жайға жеткізіп, бақыт ұрығын шашады. Бұл сарбаз, падиша ділдің қарауында болып, періштелердің Хақ тағала қарауында болғаны сияқты, жарлығын мүлтіксіз орындайды. Өз ықтияры, қалауы бойынша тапсырмаларын беріп отырады.

Бесінші тарау

ДІЛ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

Ділдің сарбаздары жайында баяндау біраз ұзаққа созылар. Солай болса да, мысалдармен баяндап берейін. Денені, мысалы, бір шаһарға теңесек, қол, аяқ, денедегі басқа да мүшелер – сол шаһар өнершілерше ұқсайды. Шауһат зауқы шаһар халқынан алым-салық жинаушысына ұқсайды. Ғазап бұл шаһардың түнгі падишасы сипатты. Діл дегеніміз сол шаһардың падишасы, ақыл – оның уәзірі. Падишаларға бұлардың ауадай қажеті бар. Өйткені, мемлекет ісі тек осылармен бірге орындалады. Ал шауһат – алым-салық жинаушы амалдарға ұқсас, жалғаншы мен жаман қылықты, ақты «қара» дейтіндер сияқтысы да болады. Әрқалай жағдайда уәзір-ақыл айтар, шауһат оған қарама-қарсы іс қылуды қалайды. Әрдайым қалауы мол байлық болар. Ол дене мемлекетінде баршылық, одан салық сылтауымен өзіне көбірек алуға тырысады. Ғазап болса, шаһардың түнгі падишасы – қатты, қайсар, наһақ жаман істерден қорықпайтыннан болады. Әруақытта өлтірмек, сындырмақ, жаман істерді істеп, қан төкпекті жаратар. Сондықтан бір шаһардың падишасы әрбір істі уәзірімен бірге істеп, қызметкер шабармандарының құлағын бұрап отырса, сол сияқты қызметкерлерінің жаман істерін әшкерелеп, тиым салып, түн падишасын да уәзірі қарамағында мықтап ұқыптылықпен ұстап, артық қадам бастырмастан, қадағалап отырса ғана мемлекет ісі өз дәрежесінде болар. Бұған қоса падиша діл уәзір-

дің кеңесімен ақылдасып іс қылса, шауһат, ғазап жайын уәзірдің ақыл зердесінен тыс қалдырмай, жарлығының шегінде, дене мемлекеті оның иелігінде болар. Сонымен қатар, бақыт жолын тауып, Хақ тағаланың ілім-білімінен баһар алар. Егер уәзір ақылды шауһат және ғазап қолына тұтқын қылса, дене мемлекеті ойрандалып, падиша діл де тұтқын болып, бақытсыздыққа тап болар.

Алтыншы тарау

ДІЛ ҚАЛАУЫ (ДІЛ СЕЗІМІ)

Жоғарыдағы айтылған сөздерден біліп алдың, ғазап және шауһатты – жемек және ішпек, денені сақтамақ үшін жаратыпты. Солай болса, ғазап пен шауһат дененің қызметкері болар. Дене – жоғарыда айтылған бес сезімді көтеру үшін жаралыпты. Сонда дене сезімдердің қызметкері болмақ және оның қалауы, уәзір-ақылға тыңшы болмақ үшін жаратылыпты. Анығында, ақыл сезімдер жәрдемімен Хақ тағаланың ғажайып сирек кездесетін құдіреттерін білер. Қалау сезімінің өзі ақылдың қызметкері болар, ақылды діл үшін жаратыпты, ақыл – ділдің шамшырағы болар. Сондықтан да ол шам нұрымен Әзіреті пәруардігердің нұрлы жамалын іздейді, ол – жамалы кемелденген падиша ділдің жәнаттында болар. Сондықтан да ақыл – ділдің қызметкері болар.

Ділді Әзіреті Хақ нұрлы Алла тағала кемел

жамалын іздеу үшін жаратыпты. Сәті түсіп сол кемел жамал нәсіп болса, Хақ тағаланың қызметкері және пендесі екендігіне лайықты болғаны. Сондықтан, Алла тағала, Ва-з-зорият сүресінің 56-аятында: «Мен жын-періні және адамдарды мені тану және ғибадат қылу үшін жараттым» депті. Олай болса, падиша ділді сый етіп, оған мемлекет пен сарбазын сеніп тапсырыпты, дене дейтін мінетін көлігін де беріпті. Бұл мінетін көлік сарбазы, көмекшілерімен бірге ғалам топырағынан биіктің ең биігіне сапар қылар. Бұл жердегі несібе, ризықтарын тауысу үшін және пенделік шартын орнына келтірмекті қаласа, діл падишаның басшысы мемлекет басында отырар. Хақ тағала жамалын көруді мақсат қылар. Ақыретті отан тұрағы – денені мінетін көлік етіп, дүниені шолақ деп түсінер. Ақылды – уәзір, қолаяқ, басқа мүшелерді – қызметкер және шауһатты – ақылдың көмекшісі қылғай. Ғазапты – падиша қалауының тыңшысы етіп, бұлардың әрбірін бір іске жегіп, ғалам хабарларын біліп отырғай.

Қиял-қуатының көмейін толтырарлықтай қазынамен қамтамасыз еткен жөн. Өйткені хат-хабарларды қиял жүзеге асырып, оны сақтап, өз уақытында уәзір-ақылға арыз етер. Уәзір-ақыл бұлардан хабардар болып, райына қарай мемлекет ісін жайғастырып орнына қойып, падиша ділдің сапарының керек-жарағын дайындап берер.

Кейде бұл сарбаздардың бірі, мысалы шауһат ләззәті, ашу-ғазәбы, бұдан басқасы да падиша ділге жақын болғансып, ділдің бағытынан жүз үйіріп қарақшылық жасаса, уәзір-ақыл бұлардың амалын тауып, керекті жағдайда күрес жүргі-

зіп, жеңіп, есебін тауып жөнге салғай. Оларды өлтірмегені мақұл, өлтірсе мемлекет ісі бұларсыз ойдағыдай орындалмас, бәлкім бұларды тағат ибадатқа мойын ұсындырып, мәртебеге жеткізгені жөн. Өйткені, олар сапар шебінің алдында жүреді. Қанша қас, жолтосар қарақшылар болса да, падиша ділге дос-жаран, жолдас болады. Егер де уақытты сәтімен бұл сипатта дос-жаран болса, бақыттылық нышаны мен үлесіне ие болғаны. Егер олай болмаған жағдайда ана мен мынаның шылауында кетіп, қаскөй дұшпан, қарақшылар қармағына түссе, бақытқа қолы жете алмас және оның жазаларын тартып қиыншылықтарын көрер.

Ғалам иесі – Алла!

Жетінші тарау

ДІЛ ҚАЛАУЫ СИПАТТАРЫ

Діл ғаламында адам денесі шаһарындағы сарбаздарының әрбірінің алыс-беріс қатынастары бар, падиша ділге бұл сипаттардың әрбірінен әр бөлек сипаттағы жағдайлар да болар. Бұл қасиеттердің бағзы бірі жаман сипаттардан болып, падиша ділді құртқысы келетіндер қатарында болатынын білгені жөн. Кейбіреулері жақсы сипаттардан, олармен діл падиша тағдырлас болып, бақытқа қолы жетер. Бұл қатынастарды айта берсек есепсіз. Жалпы, оны төрт бөлікке айыруға болады: 1. Төртаяқты хайуандар сипатындағы қатынас-байланыстар; 2. Жыртқыштар сипатын-

дағы қатынас-байланыстар; 3. Дию-шайтан сипатындағы қатынас-байланыстар; 4. Періштелер сипатындағы қатынас-байланыстар.

Сол сияқты, адам денесінде шауһат ләззатын жаратыпты. Оның қалауы төртаяқты хайуандар ісін істемек: азарлау, ішпек, жемек, жыныс қатынасын жасамақ. Және осы денеде ашу ғазабын да жаратыпты, оның қалауы – ит, бөрі, арыстан сияқты жыртқыштардың ісін істемек. Сонымен қатар, балағаттап сөгу, ұру, өлтіру, халыққа қолмен, тілмен азар беру сияқты басқа да қастандықтарды жаратты.

Дию-шайтан сипатындағылардың қалауы – мекерлік, ила-әдіс қолданып ақты «қара» деп, халық арасында қулық пен сұмдық, аярлықты асқындыру. Адам денесінде ақылды пайда қылыпты, оның қалауы – періштелер ісін қылмақтық, ол ғұламалар мен ілімді дос тұтып, жаман істерден бойын тартып, халық арасында туралыққа жол ашып, қысастық, бақылдық, мейірімсіздік пен қаталдықтан өзін тоқтатпақ, жақсы істерімен шаттанбақ, надандықты ар, намыс қылмаққа шақырады.

Ақиқатында адам денесіне тән төрт сипат бар. Олар: иттік, доңыздық және диюлік пен періштелік. Осылардан иттің халық арасында жексұрын, жаман атануы, оның бас, аяқ терісі басқа да сыртқы суретіне байланысты емес. Оның ішіндегі жаман сипаттарынан, халыққа азар беруінен, жаман нәрселерге құмарлығына байланысты. Доңыз сыртқы сипатына байланысты ғана емес, ішкі дүниесінің настығы, лас жаман нәрселерге құмарлығынан жексұрын атаққа ие.

Сонымен, рухтың ақиқаттын және ішкі жандүниесіндегі иттік және доңыздық сипаттарды аңғардың. Енді мағыналарын да осыған сай пайымдауға болады. Айтылған нұсқаларда адамға жарлық беріп келтірілген нұр – періштелердің нұры сипаттас. Ол нұрмен шайтанның мекерлік айла тәсілін біледі екен. Сондықтан да шайтан мекерлік пен пітна-құлыққа жол таппай, қор болады екен. Сондықтан Әзіреті рассули әкрам саллалаху Әлей уасаллам айтқан екен: «Әр адамның бір шайтаны бар және менің де шайтаным бар. Бірақ, Құдай тағала мені ол шайтаннан басым етіпті. Шайтан менің ашу-қаһарымның қолында – тұтқын. Менің қолымнан шығып, ешқандай залал жасай алмас» депті. Адамға жарлық етіпті, ышқуаздық шауһат-доңызы және ашу-итті әдеппен ұстап, ақылдың алақанынан шығармау қажет. Ақылдың жарлығынан тыс қадам баспауға тиісті. Егер бұл жағдайлар орындалса, жақсы сипаттар пайда болып, бақыт-сағадат ұрығын қолыңа келтіресің. Егер бұлай болмай, шауһат құмарлығы, ашу ғазабы алдында қызмет істесе, адамгершілікке жат сипаттар пайда болып, шауһат-құмарлық ұрығын қолыңа келтірерсің. Егер өз хал-жайын дәрменсіздік, ұйқысыздық немесе ұйқыдағы жағдайда ұстаса, сөз жоқ доңыздың, не иттің және шайтанның алдында қолы байланғанын көресіздер.

Кімде-кім бір мұсылманды кәпірдің қолында тұтқында көрсе, ол мұсылманның күнді қалай кешетіні белгілі жағдай. Ал адам періштені, иттің немесе доңыздың, я болмаса диюдің қолында тұтқын екенін көрсе, оның жағдайы одан да

төмен болатыны белгілі жайт. Ғалам халқы егер нысап қылса, істеген амалдарын есептесе, күндіз-түні жан-дүниесінің қалауына қызмет кемерін байлағанын көреміз. Бұлардың халі шын мәнінде осындай. Олардың суреттері адамға ұқсар, қиямет пердесі ашылғанда олардың шын мағынасы әшкере болар. Суретімен де, мағынасымен де өздерінің шын бейнесін көрсетер. Егер ол кісінің шауһат құмарлығы басым болса, қиямет күні халық көзіне доңыз суретінде көрінер. Ғазап ашуы басым кісілер, ит не бөрі суретінде көрінер. Осы бір жағдайларға байланысты анықтық – егер адам түсінде итті не бөріні көрсе, оның жоруы залым дұшпанға тап болар. Егер түсінде доңызды көрсе, оның жоруы нас, лас жаман адамға кездесер. Сондықтан да ұйқы өлімнің бір белгісі, інісі деуге де болады. Аңдағанға ұйқының өзі, бұл ғаламнан жырақта екен. Сурет – мағына-мәннің бағынышты көлеңкесі. Әр адам ішкі жан-дүниесіне сай көрінгісі келер. Бұлардың мән-мағыналарын талдай беру бұл кітаптың ауқымына сыймайды.

Сегізінші тарау

ІШКІ ДҮНИЕНІҢ ТӨРТ ҚЫЗМЕТКЕРІН БАҒЫНДЫРУ

Ішкі жан-дүниеңде төрт қызметкердің барын білетін боларсың: отырмақ және тұрмақ, тіпті әр түрлі жағдайда өз әліңе ықтиятпенен қарағын, бұл төрт бұйрық берушілердің қайсысына бой-

ұсынатыныңды анықтап алғын. Әрбір пейіл құны саған жүз беріп байқала қалса, ол пейілдің бір сипаты көңіліңде сақталсын.

Көңілің жай тауып, ол ғаламға сенімен бірге барар. Бұл сипаттарды адамгерішлік дейді. Барлық адамгершілік, осы айтылған төрт іс жүргізушілерге байланысты пайда болар. Егер шауһат доңызының ықпалында болсаң, сенде ұятсыздық, нас, ластық сипаты, құмарлық, бақылдық пен қарабеттік, бұлардан да басқа жаман сипаттар пайда болар. Егер төмен шауһатты, яғни доңыз шауһатты нәпсіні жеңіп, оны қолға алып әдеппен ұстасаң, сенің қол астыңда тәртіп пен қанағат сипаты және ұят, парасаттылық, зеректік, тахуалық, яғни пәктік, дәмеленбеушілік сипаттар пайда болар. Егер ашу иттің ықпалында болсаң, сенде жаман істерге бейімділік, настық, о жарлық және өзін жоғары, өзгені төмен қор санамақ, халыққа азар бермек және бұдан да басқа жаман сипаттар пайда болар. Егер ашу итті өз билігіңде әдеппен тұтсаң, сенде сабыр сипаты және біреудің ауырын көтермек, кешірімділік, қошкөңілділік, жомарттық сияқты сипаттар пайда болады. Егер ол шайтанның ісін істегісі келсе, оның ісі шауһат доңызы мен ашу итті орнынан қозғап, бұларды шыр айналдырып, ила-мекерлігін үйретер. Сонымен, шайтанның ықпалында болсаң, сен де жақсы амалдан қиянат сипатын қолдап, ақты «қара» деп көз бояп, халыққа теріс жол көрсетіп, тура жолдан адасарсың. Бұдан басқа да жаман істер көрініс беруі ықтимал. Егер ол шайтанның мекерлігін істемей, оның мекерлік иласына кіріптар болмаса, яғни алданбаса ақыл

сарбазына жар жолдас болса, сенде ұлықтық қасиет және ілім, білім, хикмет, жақсылыққа жаны құмар көсемдік сипаттар пайда болар. Бұл жақсы қасиеттер сенің ықтиярыңда дәйімі болса бақыт ұрығын қолыңа келтірерсің. Жамандық туындайтын кейбір пейілдер бар, оны күнә деп атайды. Кейбір пейіл-құн болады – олардан жақсы сипаттар пайда болады, оны тағат деп атайды. Адамдардың өлмек-тұрмағы осы екі жағдайдан шет болмайды. Шын мәнінде, адам ділі раушан-айна сияқты. Ал жаман сипаттар зұлматқа ұқсар. Егер діл айнасын шаң басатын болса, сөз жоқ оны қараңғыландырар, қиямет күні Әзіреті пәруардігердің жамалын, өз кемелін де көре алмастан, мақұрым қалар.

Ал жақсы сипаттар нұрға ұқсас, ол нұр – діл айнасында қарар тапса, барлық зұлмат күнәларды айқын көрсетіп тұрар. Осыған байланысты Әзіреті расулі әкірам саллалаху әлейкі уассалам айтты: «Әрбір жаман амалдан кейін бір жақсы амал істегін, сол жақсы амалың жаман істеріңді жоқ қылар». Сонымен, қиямет күнінде раушан ділдер Алла тағаланың пенделеріне мархабат қылады екен. Ол жәнінде Шура сүресінің 88–89-аятында: «Күнәкәрларға малы, дүниесі мен перзенттері пайда бермейді, Хақ тағаланың кеңдігіне раушан, пәк қалыбында келгенде ғана пайда береді» депті.

Қорыта айтқанда, адам ділі, шындығында, темірге ұқсас, сондықтан айна сияқты раушанданып тұрар. Егер, айнаны таза және пәк ұстаса, барлық нәрсе одан жарқын көрінер. Егер ол айнаны шаңтозақ басса, оның ішінен еш нәрсе де көрінбес.

Осы жайында Һақ тағала Мұтаффифун сүресінің 1-аятында: «Ақиқат биігін шаң баспаған жағдайда адамдар қылған амалдарын көңіл айнасынан көрер», – депті.

Тоғызыншы тарау

ДІЛДІ КІР-ТОЗАҢНАН ТАЗА, ПӘК ҰСТАУ

Адам болмысында жыртқыш жануарлар, шайтандар мен періштелер сипаттары бар деп әр кезде айтып жүрерсің. Адамның асылы періштелер гауһарынан екенін және өзге сипаттардың жарамсыз екенін қандай дәлелмен білеміз? Адамды періштелер қасиетіне бейімдеп жаратып, басқа сипаттарды бейім етіп жаратпағанын қайдан білеміз?

Бұл жағдайды білгенде ықтият болғын, оны тек дәлелмен білесің. Шын мәнінде, адам жыртқыш және төрт аяқтылардан кемелділік шамашарқымен жоғарыда тұр. Алла әр нәрсеге бір кемел беріпті, ол кемел – сол нәрсенің өзіне тән дәрежесі ғана, оны тек сол қасиеті үшін жаратқан. Мұның мысалын ат пен есектің айырмашылығынан көруге болады. Есек – жүк көтеру үшін жаратылыпты. Атты – қазылар, батыр шабандоздар астында шабуыл, жарыс майдандарында шабу үшін жаратыпты. Есекке де, атқа ұқсас шабатын қуат беріпті. Бірақ, жаугершілікте ат үстінде ер-тұрман салып шабу кемелдік дәрежесін байқатар. Бұл кемелдік төмен болса,

онда оған тоқым салып, есек орнына жүк артып пайдаланар еді. Бұл мәртебе – оның кемшілігі, кемелдіктен жұрдай екенін көрсетер еді.

Оныншы тарау

ДІЛ ҒАЛАМЫ ҒАЖАЙЫПТАРЫ ШЕКСІЗДІГІ

Ділдің шарапаты – салыстыра қарасаң, барлық нәрселерден ғажайыптығымен ерекшеленеді. Көптеген адамдар оның қыр-сыры ақиқатынан хабарсыз. Сонымен, ділдің шарапатын екі жағынан байқауға болады: бірі – ілім жағынан болса, екіншісі – құдірет күші болар. Алайда, ділдің шарапаты ілімдік жағынан қарағанда екі топқа бөлінеді: біреуі – көзге көрінетіндерден, жалпы халық білетін болса, екіншісі – көзге көрінбейтін, жасырын болғандықтан, әркім біле бермес. Сондықтан да бұл бөлігі біріншіден ғазиздеу болар. Алайда, бірінші бөлігі көзге зайыр көрініп тұрғандықтан, оны жалпы жұрт біледі.

Осы тұрғыдан қарағанда ділде барлық ілімді, барлық өнерді еркін білетін күш-қуат бар. Барлық кітаптардың мәнісін түсінер сондай-ақ сызу ілімі мен есеп ілімі, дәрігерлік ілімі мен астрономия, жұлдызнама ілімдерін, шарифат ілімі басқа да түрлі кәсіп ілімдерін айтуға болады.

Соған да қарамастан, ділдің бір бөлігі тағдыр үшін қабылданбас. Бар ілім оның қалыбына сыйып кетуге лайықты. Бәлкім, барлық ғаламды ділге сыйғызып жіберу – дарияның тамшысы

тәріздес. Әрбір сәтте өзінің пікір-әрекетімен төменнен ең биікке, шығыстан батысқа сейіл құра алар. Солай болса да, ол жер топырағына аяқ тіреп аялдайтындардан және барлап аспан жұлдыздары сызық жолдарының барар бағдарын біледі. Балықты иламен дария тереңінен шығарар. Аспан ауасында ұшқан құсты жерге түсірер, жолбарыс пен пілді, жылқыны және бұдан басқа жанжануарлардың күштілерін өзіне бағындырар. Әрбір нәрселер ғалам ғажайыптарынан, оларды да іліммен тану, қалау – бес сезім арқылы жүзеге асады. Бұлардың да ғажабы, ділдің ішкі жағымен періштелер ғаламы – жәннат бағының есігін ашуға мүмкіншілігі бар болар. Сонымен, ділдің тысқы жағынан ғалам табиғи болмысындағы нәрселерді танитын бес сезім – яғни бес дарбазаның ашық екені.

Ғалам болмысындағы нәрселерге түрлі заттар жатады. Ғалам періштелер деп рухани ғаламды айтады. Толығырақ айтсақ, ғалам халқы – ғаламдық денелер, заттар. Ал ілімнің жолы деп бес сезім қалауын айтар. Бұл ілімнің де өмірі қысқа. Ділдің ішкі жағын ғалами періштенің тұрақжайы деуге екі дәлел бар: оның бірі – түс көру. Адам ұйқыға барған кезде сезім жолы байланар. Сол кезде діл құдіреті күшінде болар, яғни ділден тысқарыға түндік ашылып, періштелер ғаламынан лауһил-мақпұздан ғайып істерді көрер. Алдағы болар нәрседен хабар берер. Біреулері айдан анық көрінсе, біреулеріне түсініктеме қажет болар. Ілімді үйрену үшін ұйықтамау зиянды деп адамдар күмән қылады екен. Алайда ояу кезде ғайыпты болжай алмайды. Ал түс көргенде

ғайыпты болжап біледі. Түс көрмектегі шындық ақиқатты бұл кітапта талдап баяндап беру мүмкін емес. Сонда да бір ғана білгенің жөн: діл – айна сияқты. Лауһіл-махпұз айнаға ұқсар, онда барлық нәрсенің суреті жазылып қойылған. Сондықтан, екі нәрсені қарама-қарсы қойса, бір айнадан сурет екінші айнаға түскенге – ұқсас, лауһіл-махпұздағы бейнелердің суреті де – осылай, діл айнасынан көрінер. Бұл мәртебе сол кезде пайда болар – ол діл айнасы таза болып, сезім сәулесінен өзінің парқын бөліп, періште ғаламына өткізіп, пайда қылса, сонда ғана періштелер ғаламы ға-жайыптарды көзге көрсетер. Егер қалау жолы ұйқысынан тұрған жағдайда бәрібір қиял өз жайында ұқыптылықпен тұрар. Бұл тұрғыдан алғанда, көрген нәрселерді қиял құралының мысал пердесінен көрер. Алайда, анық раушан күйінде көре алмас. Адам уақыты жетіп, опат болса, не қиял қалар немесе қалау қалар. Әр нәрсені ешқандай тосқынсыз көрер. Сондықтан, Хақ тағаланың Құран Кәрімдегі Қап сүресінің 12-аятында: «Қатты күнді сізге қияметте тосылған кезде көрсетеміз» депті. Сол сияқты Сажда сүресінің 12-аятында: «Пәруардігер біздерді ғибрат көзімен көретін қыл, жан құлағымен естіп, жақсы амал істейтіндерден еткейсіз деп Алла тағалаға жалбарынады және «қиямет күнінің қорқынышын көрдік, сүрдің даусын естідік. Сен бізді қайта фәни дүниеге жібер, біз енді жақсы істерді істейміз» дейді. Ділдің барар арман-мекені, періштелердің тұрақ-жай екенінің екінші дәлелі – ғажап, сирек парасатты және таңданарлық мәслихаттар Алланың айтуымен

көңіліне түсетін ешқандай адам жоқ. Сондықтан да бұл мәселе Алланың қалау жолы болмайды. Бәлкім, ғалам ғайыптан діл мекен-жайына түскен болар, яғни Аллаға тән рух болар. Енді бұл дәлелмен біліп алғын, діл – бұл ғаламнан емес, бәлкім періштелер ғаламынан екен және қалау, ықылас әуестігін, бұл ғалым ілімін кәсіп қылмау үшін жаратты. Әлсіз, нашар ділге періште ғаламы нұрлы жайларын көруге перде тосқауыл болар. Қашан қалау ықыласы кемелденбейінше, періште ғаламына жол таппас.

Он бірінші тарау

ДІЛГЕ ПЕРІШТЕ ҒАЛАМ-ЖОЛЫ ҚАҚПАСЫНЫҢ АШЫЛУЫ

Бұл мекен-жай діл не ұйықтамай не өлместен бұрын дарбазасын ашпайды деме. Мәселе олай емес. Мүмкін ояу кезде де кісі өзіне қиыншылықты қабылдай білсе, ділді ғазап, ашу, шауһат құмарлығынан, өзіне тән нәпсі құмарлықтан тыйып, өзін қоршаған ортадан оқшау ұстап, дүние ісінен назарын аударып, қалау әуестік жолына тосқауыл қойып, ділдің назарын періште ғаламына аударып, онымен достасу талабын пайда қылса, Алла тағала сөздерін шын көңілмен және тілмен айтып, тілді басқа артық әрекеттерден тыйып, өзінен және басқа да ғаламнан хабарсыз болып, Хақ нұрлы Алла тағаланы аузынан тастамай, өзгеден үмітін үзсе, өзін осы қалпында ұстай білсе, егер ояу болса да

жұмақ есігі ашылын өзгелердің ұйқыда көргенін ояу кезінде-ақ көреді. Оңған әруақтар өрісі және періштелер пайда болып, жақсы суретте көрінер және Пайғамбарларды көрер, олардың медет-жәрдемдерін көрер. Аспан мен жер періштелері аян болар. Періштелер мекен-жайы ашылған кісіге, ұлық дәрежені нәсіп етер. Бұлар ауызекі айтылатын аңыздамадан тыс. Хақ тағаланың сөзінің Анһом сүресі 75-аятында: «Жерді, шығыс пен батысты, яғни барлық жер жүзін көрдім, аспан мен жер періштелерін Ибраһим Әлейһисаламға көрсеткендей көрсеттім» депті. Бәлкім барлық ғұлама әулие, әнбие, Әлейһус-саламға рухани жолы бір болар, таным мен тағылым жолы бір емес және бұл мәртебе, бұл дәрежелер қиыншылыққа төзіп, барлық күш-қайратын аянбау нәтижесінде қолға келер. Сондықтан Алла тағала, Муззамил сүресінің 8-9-аяттарында айтылған сөздерінің мағынасы «Батыс пен шығысың – пәруардігердікі. Басқа ешқандай Алла жоқ, оның өзі ғана бар. Сондықтан сіз өзіңіз үшін, Оны ғана бас өкіл етіңіз». Ал соңғы 10-аятта: «Сабыр қылғын, дінге сенбейтіндер айтқан сөзге (берген азарына) олардың сөзін әдемілеп жоққа шығар» депті. Бұл айтылған дәлелдер жалпы қиыншылыққа төтеп беріп, шыдай білудің тағылымы болар. Сондықтан да діл – халқының дұшпаны, дүниеқорлық және көзге түртіп, ерекше көрініп тұрған нәрселермен шұғылдану ісінен пәк таза болуы керек. Сопылар жолы, әулиелер жол-жорықтары – осылар. Дегенмен оқымақ пен үйренбектен, ілім-білімді болу ғұламалардың жолы болса, бұл ұлық шарапатты дәреже болар. Ал әулие мен

әнбиелер кісіден тәлім алмай, Хақ нұрлы Алла тағаланың кеңдігінен, Алланың жолыменен, ділдері раушандалып арнайы жаһандық кәмілдікке қолы жетер. Бұл ілімге қол ұрғанмен бірдей. Ол ілімді қысқаша айтсақ, діл мекен-жайына жолдың ашықтығын тәжірибе жолымен де жетуге болатынын дәлелдейді. Егер саған бұл ілімдердің ләззаты мәлім болмаса да, иман келтіріп сенгін және куәландырғын, сонда үш дәрежелі ілімнен махұрым болмайсың. Сондықтан да діл ілімі ғажайыптарының бірі осы болар. Осылармен ғана діл адамының шарапаты.

Он екінші тарау

ДІЛ – ЖӘННАТ МЕКЕНІ

Бұл мәртебе мен дәреже пайғамбарларға ғана тән қасиет деп күмәнданбағын. Бәлкім әрбір адамның гәуһары – асыл қасиеті етпелі дәуір мемлекеті талабына лайық пайда болар. Сондықтан да адам ділі темірге ұқсас, жаратылысында айна сияқты, жаһан суреті көрінгендей болуға бейім тұрар. Егер айнаны шаңтозаң басса, тот басып қараңғы қалыпқа түсер. Ол айналық қасиетін жоғалтар. Дәл осыған ұқсас діл де дүние-қорлықтан, күнәға батудан кірленіп, пәктіктен айрылып, дәрежеден мақрұм болар. Сондықтан өзіне лайықты әнбие, әулиелерге жақтастығынан Хақ нұрлы Алла тағала Асыраф сүресінің 172-аятында «Олардан сұрады, мен рәббіңіз емеспін бе? – деп, олар дәл солай

деп жауап берді». Сондықтан да барлық адамдар түптеп келгенде, Хақ нұрлы Алла тағаланың кешіруіне лайықты. Бұған дәлел ретінде Лұқман сүресі 25-аятында: «Ал егер сен (Мұхаммед) кәпірлерден аспан мен жерді жаратқан кім деп сұрасаң, әлбетте Алла жаратқан» дейді. Бұл дәлелден білетініміз, бұл Пайғамбарларымызға тән қасиет емес, өйткені әулие-әнбие, Пайғамбарлар да адам баласы ғой дегенге саяды. Қап сүресінің 110-аятында: «Айтқын Мұхаммед (С.Ә.У.) мен де сіздерге ұқсас адам ғой, алайда тек маған Алла уақи (аян) жіберген» депті. Бірақ та ол кісіге діл-жұмақ мекенінің жолы ашылып, жалпы халықтың аңсағаны – халықты имандылыққа шақыру жарлығы болса, онда оны пайғамбар дейді. Сонда ғана оның халыққа тағлым берген жолын шариат дейді.

Ол адамның діліне жұмақ мекенінің жолы ашылып, халықты имандылыққа шақыруға жарлық болмаса, онда ол кісіні уали дейді. Ондайлардан пайда болған әдеттен тысқары амалдар, керемет дейді. Әр кісінің діліне, жұмақ мекенінің ашылуы міндетті шарт емес. Иманға шақыру үшін мұхр белгісі болуы шарт. Уалиде бұның болуы шарт емес. Әзіреті Пайғамбардан соң (С.Ә.У.) дүниеге Пайғамбар келмейтіндігін еске сақтағын. Бірақ білгенің жөн, әулиелер кереметінің куәландырығанын дұрыс орындағын. Уалиліктің әуелгі шарты қиыншылыққа төзе білуі болар. Бұл істе, өз ықтияр қалауына да жол бар. Әрбір кісі дәнді шашқанымен емес, орғанымен оның өнім-дәнін қолына келтірер. Бірақ әрбір атқарылатын іс ғазиз да, шарапатты да болар. Оны табудың

жолы, орындалатын шарттарының қиындығы да, мүшкілдігі де болар. Сондықтан мәртебелі уали адам ахуалының кемелденуі, оның шарапаты болар. Бұл мәртебені қиыншылықсыз талап қылмақ және кәміл пірсіз қолға келмес. Уақыты жетіп, бұл екі шарт жүзеге асса, қашан жаратушыға тәубесін айтқанша және Хақ нұрлы Алла тағала ешуақытта бұл бақытты ол кісіге үкім қылмаса, мұратына жете алмас. Бәлкім, дүниеде көзге көрініп тұрған ілім де көсемдік дәрежесіне ие болуы ықтимал. Бұдан басқа жағымсыз пейіл қалауының бәрі әзәл өкіміне лайықты, яғни Алла әміріне байланысты.

Он үшінші тарау

ДІЛ ҚҰДІРЕТТЕРІ

Адамзаттың білім жолындағы шарапаты мен қасиетін таныдың. Енді ділдің құдіреті жағынан да пайда болатын қасиеттер бар екенін біл. Бұл қасиеттер де періштелік сезімталдыққа тән, ол өзге хайуанаттарда жоқ. Ол қасиеттер негізінен періштелер ғаламына мойын ұсынар. Олар Әзіреті Хақ Тағала талабы арқылы халыққа қажет болған уақытта, жаңбыр жауғызады. Көктем кездерінде жел ескізіп, жан-жануарларға ана сипатты қамқор болып, жер жүзіне нұр шашып, жайнаған жақсы суреттерді пайда қылар. Сол бір жаратылыстың әрбір түрлі жынысына топ-тобымен періштелер қамқоршы болар. Діл – адамға тән періштелер гауһары жынысынан болар. Оның да өзіне тән құ-

діреті бар. Ғалам жыныстарының кейбіреуі ділге тәуелді. Бұлардың ғаламы – өзіне тән ғалам. Әрбіреуі – өзінше дене. Дене – ділге бағынышты.

Діл сыртқы дененің ықтиярында емес екені мәлім жағдай. Ілім де, жігер де, қайрат та - дене ықтиярынан тыс. Діл жарлық бергенде ғана басқалар, яғни саусақ, аяқ, қолдар әрекетке кіреді. Кей кезде ділде ашу ғазабы пайда болса дене тамырлары бадырайып кетер және бұны жаңбырға ұқсас деуге болады. Кей кезде шауһат құмарлығы көңілге жол тапса, зауық шабыты белгі беріп, қиял ғаламын сан- саққа жүгіртер. Кейде тағам жемекті қаласаң тіл астынан су пайда болып, аузыңнан сілекей ағатын жағдайлар да пайда болады. Бұлардан шығатын қорытынды, ділдің денеге жасайтын ықпалы айдан анық және дене ділге мойын ұсынатындығын білеміз. Бірақ біліп алғаның артық болмас, кейбір ділдер болады: бірі – артығырақ, болса, бірі – одан кемдеу болады. Періштелер жауһарына бірі – жуықтау болса, бірі – қашықтау болады. Бұл сипаттағы ділдерге, өз денелерінен өзге болмыстағы нәрселер де мүдделі, тәуелді деуге болар. Мәселен олардың айбаты арыстан мен жолбарысқа түссе, арыстан мен жолбарысқа жеңіліп тұтқында мүдделі болар. Егер адам жан-ділін салып кеселдерге қараса, ауруы жазылар. Егер дені сауға ашу-ызамен қадалса, ауру болар. Егер алыстағыны жақын қыламын десе, көзді ашып- жұмғанша алдына келтірер. Егер жаңбыр жаудыруды кеңілі қаласа, күнді жаудырар. Бұл сияқты істерді орындау, тәжірибе іс-жүзінде белгілі. Көз тимек

пен сиқырлық жасауда осыған ұқсас нәпсіқорлық пен әуесқорлық, шауһат құмарлығының да денеге ықпалы бар. Сондықтан біреу қастықпен жануарға немесе адамға тандана қараса өліп кетуі немесе нашарлауы ықтимал. Осындай жағдайға байланысты бір хабарда «Көз тимек – адамды қабірге кіргізер, түйені қазанға түсірер» депті. Міне, бұл да ділдің ғажайып құдіреттерінің бірі. Бұл сияқты қасиеттер, егер халықты иманға шақыратын адамнан болса, бұны мұғжиза дейді. Ол кісіні Пайғамбар дейді. Ал егер иманға шақырмай қайырымдылық үшін істегендерді уали дейді.

Ал егер, жаман істер үшін бұл сипаттағы ғажайыпта пайда болса, оны сиқыр дейді. Сонымен сиқыр да, керемет те, мұғжиза да адами ділдің қасиеттері тобынан. Бұлардың арасындағы айырмашылық парықтары өте көп. Бұл оны талдап, тәмәмдау мүмкін емес.

Он төртінші тарау

ДІЛДІҢ ШАРАПАТТАРЫ МЕН ҚАСИЕТТЕРІ

Адамдар бұл сияқты мағыналарды білмеген екен. Ақиқаттың мөрі мен ұлықтығынан ешқандай хабары болмапты. Дауыссыз есіту, Пайғамбарлық мөр, нұбибат және уалилік – діл ғаламының дәреже шарапатынан дедік. Бұл мағынаның мәнінде үш қасиет бар: бірі – не нәрсені де жалпы халық түсінде көрер, Пайғамбар мен уали

оны ояу кезінде де көре алар; екіншісі – жалпы халықтың ділі, өз денесіне ғана әсер қылар. Ал Пайғамбарлар мен уалилер басқалардың денесіне әсер қылар; үшіншісі – жалпы халық оқумен, үйренумен ілім-білімге ие болар. Ал олардың қасиеті кісіден үйренбейді. Хақ тағала олардың ішкі жан дүниесін кемелдендіріп білдіріп қояр. Зерек те таза ділді болғандықтан, көптеген ілімдерді үйренбей-ақ біліп алар. Бұл сипаттағы ілімдерді іліми Ладуный дейді, яғни Аллалық ілім дейді. Сондықтан да Хақ тағала Қахф сүресінің 65-аятында: «Біз Пайғамбарға Алла ілімінің бағзыларын білдірдік» депті.

Осы үш қасиет бар кісі – Алланың Пайғамбары, не әулиелер қатарында болар. Егер бұл үш дәреженің бірі ғана болса, соншалықты айырмашылығы да болар. Хазіреті расулі (С.Ә.У.) кемелі мен шарапаты осы үш дәрежеге де ие еді. Хақ тағаланың қалауымен жалпы халыққа ән-хазірет алайхи салламның мөр нұбидаты барын білдірген. Пайғамбар алайхи салламның айтқандарын істеумен мәңгі бақилық бақытқа қолың жетер.

Міне үш қасиетті Алла тағала адам баласына сый еткен. Сондықтан түс көрмек бір қасиет, ақыл-парасатты беріпті. Екіншісі, ілім алуды табандылықпен үйрену ақиқаты, үшінші қасиет болар. Адамдарға өз нәсіл затында нәрселерді куәландыру мүмкін емес. Әрбір нәрсе діл арқылы суретінен көрмесе оны анық, айқын біле [алмайды]. Осы себептерден де Әзіреті Хақ нұрлы Алланың ақиқатын өзінен өзге ешкім де біле алмас. Бұның жолы есепсіз көп. «Маонийн Ас-

моұллах» [Алла Тағаланың көркем есімдерінің мағыналары] бұны жан-жақты анықтап баяндап бердім. Айта кетейін дегенім, әулие-әнбиелерде бұл үш қасиеттен басқа да қасиеттер болуы мүмкін, бірақ оны біз білмейміз. Бір анығы – ондай қасиеттер біздің жаратылысымызда түп орнымен жоқ деуге болады. Сондықтан нұрлы Хақ тағала сырын өзінен өзге ешкім де біле алмас. Бұған ұқсас әнбиелердің қадір-қасиет шарапаттарын әнбиелердің өздері білер, біздің іліміміздің шама-шарқы әнбиелердің қадір-қасиетін игеріп қамтып ала алмас. Сондықтанда нұрлы Хақ тағала бізге ұйқыны беріпті. Біреу бізге ұйқы жайында әңгімелеп бер десе, ұйқы деп соны айтуға болады – егер кісі өзінен хабарсыз болып, барлық іс-әрекеттен қол үзіп, есту, сөйлеу, көру, ұялу қасиеттерінен айырылса. Егер ояу болса көреді, естиді және басқа да нәрселермен шұғылданып, олардың қадір-қасиетін білер еді. Бұл әңгімелерге біз онша мән бермейміз. Сондықтан Хақ тағала Құрандағы Жүніс сүресінің 39-аятында: «Олар Құран іліміндегі аяттардың мән-мағынасын білмей тұрып, жалған айтады» депті. Ал Ахкоф сүресінің 2-аятында: «Олар өздері тура жолды таба алмай, бұл ескі үлгі – ескі қалып дейді» деп мәлімдепті. Бұл сияқты таңданарлық қасиеттер әулиелер мен әнбиелерде ғана болар. Ол сипаттардың ерен қасиеттерімен ләззаттануға болады. Ал басқаларда бұл сияқты сипаттар бола бермес, ондай ләззаттардан құры алақан болар.

Он бесінші тарау

КӨЗГЕ АЯН ІЛІМ, СОПЫЛЫҚ ЖОЛЫНЫҢ ПЕРДЕЛЕРІ

Жоғарыдағы айтылған тараулардан діл ғаламының шарапаттары мағлұм болды. Сопылық жолынан да хабардар болдың. Енді бұларды білген соң сырт көзге аян беріп, Тасаууф жолындағы (сопылық) перделерін аңғарған соң – хабарын болсын, көзге анық аян ілім – сопылық жолының пердесі дер. Бұл сөзге таңданбағын, бұл сөз ақиқат шындық. Бұл құрметпен сезім жолы арқылы шұғылданып, тереңге шомсаң, әлбетте, перделерді көресін. Ақиқатына келсек, діл мысалы, суқойма һәуізге ұқсар, оның қалауы бес сезім сияқты, бес арыққа ұқсар. Бұл арықтармен һәуіз сияқты көңілге су кірер. Егер көңіл қалап, һәуіз түбінен таза су шықсын десең, оның жолы һәуізге кіретұғын арықтарды бекем байлағын. Оның ішіндегі суды шығарып тастағанда, түбін терең кеулесең таза су шығар. Дәл осыған ұқсас көзге аян ілімдер діл айнасының талабы бойынша бес сезім қолымен пайда болар. Мұнымен шұғылданбаса, діл тереңінен ілім бұлағының шығуы мүмкін емес. Сондықтан діл айнасының қалау талабына сай, оның жолы мәлім болатын деректерден хабардар болып, һәуізділдің түбін қиыншылық кетпенімен қазған жағдайда, әлбетте, таза білім бұлағының көзі ашылып, айнасы жақыннан болар. Сонымен, көзге аян ілім жолының перделенуінің себебі сол екен, уақытында кісі ақылы, орындалатын жол-жорық

және жұртшылықтың көзқарас әдет-ғұрпын толық білсе, оны басшылыққа алса, одан үлкен басқа ілім жоқ. Егер көңілге ақиқат жағынан көктем гүлдерінің иісі сезілсе, бұл мен білген ілімдерге кереғар деп айтар едім. Бұл сияқты істер негізсіз. Сонымен, бұл сияқтыларға ақиқат әр уақытта мәлім бола бермес және орындалуы шарт ақыл, сүннәт және жамағаттың қалыптасқан әдет-ғұрып аңыздарға негізделген. Соқыр сезімдер, жалпылап айтқанда, халықтық ақиқат қалыбында болып көрініс табар. Бірақ ол шын мәніндегі ақиқат емес және білім деген сол болар, ақиқат сол бір қалыптан бойын тіктер. Сондықтан ол сыртқы қабықтың ішіндегі маңызы сияқты.

Он алтыншы тарау

СЫРТҚЫ ІЛІМ МЕН СЫРТҚЫ-ІШКІ ІЛІМ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖӘНЕ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚТАР

Сонымен, көрер көзге аян – тысқы ілім қабығы, ішкі ілім ақиқат маңызы екенін білдік. Адам ерекше жеделдік әрекеттерімен тысқы ілімді және соқыр сеніммен орындалатын ақылға қияс және жұртшылықты өзіне тартуымен ақиқатты таба алмайды. Ондайлар тек тәкаппарлықпен, барлық ілім менің білгендерім деп күмән келтірер. Бұл сияқты күмәнданушы кеудемсоқтар ақиқат жолына тек перде болар. Егер адамдар бұл сияқты кеудемсоқтықтан аулақ болса, тысқы және ішкі

ілім ақиқатына тосқын перде болмайды. Тысқы ілім құралымен, өте қиын істерді жеңілдетіп, оның ахуалының мәртебе дәрежесін көтеріп, кемеліне келтірер.

Алайда бағзы сопылар ашудың атына мініп, мүдесіне жетемін деген ұзаққа созылған қияли, негізсіз, бос әурешіліктің тұтқынында қалып, ұзақ уақыт шүбәлі перденің тасасында қалар. Сонымен қатар, кісі ілім шырағын қолына келтірді дейік. Бұл жағдайда шүбәлі ойдан аман, кеселді қатерлерден сау-саламат табандылардан болар. Егерде тысқы ілім – ақиқат жолындағы перделер деген сөзді ұлық уәлилер және білгір кәсіпкер дәрежесіне жеткен кісіден аңғарсаң танданбағын. Бірақ ұят дегенді жинастырып қойып, жеңілдікке салынып, арам және мәкүрі істерді өздерінше халал немесе мүба (халал мен арамның ортасында) деп біліп, жеңіл табиғаттылардан болғансып, киелі жерді тәуап еткен болып және қабірстандарға зиярат етіп, пірлерімнің қызметінде болдым деп жүргендер бұл заманда пайда болыпты. Әр уақытта мұндайлар ақиқат жолын таба алмас хабарсыз болар. Бірақ олар кейбір ғибраттарды сопылар қауымынан жат алыпты, бұл сияқтылардың қылар істері қыдырымпаздық пен қонақ болу мардымсыз, жағымпаз сөздермен жұртты алдап, өсек-аяң таратып, халықты тура жолдан шығуға итермелер. Ол үстіне сопылардың шекпенін киіп, беліне белбау байлап, мойындарын түрлі-түрлі моншақ тәспімен безендіріп, ілімді ғұламаларды наһақтан жамандаудан да қайтпайды. Бұлар сияқтыларды өлтіру керек. Олар шайтанның қызметкер-

лері, шайтандық сипаттағылар. Құдай тағала мен Расулилланың дұшпаны болар. Құдай Расулилла барлық халыққа ілім үйретуді бұйырыпты.

Анықтап айтсақ, бұлар сияқты жеңіл табиғатты опасыздарда қандай кісілік болмақ. Ілімді ғұламалар ілімге тән мәліметгер жайында теріс үгіттерін айтып, тіл ұзындығын жасар. Ал шын мәнінде, Алла тағала Расулилла С.Ә.У-нің Хадис Шәрібінде, Құран Кәрімде сан рет ғұламалар мен ілімді мадақтапты.

Сонымен, бұл мұңдар-опасыздар ілімнен, не діннен ләззат ала алмай, не тысқы ілімнен несібесін таппай, бұл сияқты жағдайға не үшін тап болған? Бұл сияқтылардың ахуалы ақымақтардың халіне ұқсайды. Есіткенім бар еді, химиягерлік алтын жиғаннан абзал деп, өйткені одан өлшеусіз алтын пайда болар. Абзалдығы – ақиқат, бірақ алтын зерін асыл дейді ғой. Бұл тұрғыдан қарасақ, олар химиягерліктен түк те хабарсыз. Химия – алтыннан абзал деп лапылдап сөз айтқанымен, әуре көр-саналықтан, яғни аштық аш-көздіктен опат болар. Шын мәнінде, әулие-әнбиелердің жаңадан тапқан кереметтері химияға ұқсайды. Олардың ілімі де алтынға қадір-мәртебесі химия зерінен анағұрлым абзалдығы белгілі. Солай болғанымен, бұнда да аз да болса бір өлшем қасиет бар. Мысалы, бір кісіден жүз динар алтыны болып, химиягерлікті білсе, мың динар алтыны бар кісіден абзал емес пе? Химиягерлік деген сөз ғаламда есепсіз. Бірақ химиягерлікті игеріп, қолына келтіргендер бұл кезде табыла бермес. Алайда, ол бір тобыр-топтар химиягерліктің қилы тарабынан сөз айтар, олардың түп мақсаты,

өздерін ғана ойлап, өзгенің көзін бояп алдау. Ал сопылардың да халі дәл осыларға ұқсас. Адамдар қиыншылықпен сопылық жолға кіргенімен, кемел дәреже таппағы қиын, шамалы ғана болар.

Ақиқат жолына сондай дәреже тапқанымен, ғұламалардан артық болмас. Және сопылардың халі осындай жағдайда бола тұрып, бастапқы кезеңде кейбір нәтижелерді көрер. Шариатқа теріс істерінің себебінен, ол мәртебеден түсер. Кейбіреулері қияли делбе ақылдан азғындағандар қатарында болар. Одан ешқандай нәтиже шықпас. Күмәнданушылар де болар осы жолмен білім дәрежесіне қолы жетер деген. Алайда бұл үміттен түк те шықпас. Бәлкім ғұламалардан ол кісілер абзал шығар, іліми ақиқатта елеулі жетістікке жеткен, дін исламға қатысты барлары болады. Ілімді кісіден үйренбекке қажеті болмай өз алдына Аллалық Ладуный ілімді игеріп, бұл мәртебеге душар болған шығар. Әнбие мен әулиелердің ілімдегі ашқан жаңалықтарын куәландыра білгін. Бұл сияқты мұндарлар халінен аулақ болмақпен бірге, әулиелердің де жоғарғы құрмет дәрежесінен ықыласыңды аудармағын, олардың айтқандарын жоққа шығарушы болма. Кімде-кім ілім мен ғұламаларға құрмет көрсетпей, менмендік аңғартса, әлбетте, ол – бұл дүние де, ол дүниеде де несібесіздіктің белгісі болар.

Он жетінші тарау

АДАМДАРДЫҢ БИІК БАҚЫТЫ ОЙ- ШІКІР САНАСЫН ЖЕТІЛДІРУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН – ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ, ОНЫҢ ДӘЛЕЛІ

Діл – адамдардың биік бақыты, Әзіреті Хақ нұрлы Алла тағаланы танымақта себепкер екенін қандай дәлелмен білеміз? Оны мына дәлелмен білгенің жөн. Әр нәрсенің бақыты – сол нәрселердің рақаты мен ләззатында болар, егер оны табиғаты жақтыратын болса. Ал табиғаты оны жарата қойсын, оны ол не үшін құрметтер, не себеппен мадақтағай? Байқасаң, шауһат құмарлығының қалауы – өз талап тілегіне жетуді ойласа, ашу ғазаптың қалауы қарсыласын сынамақ, яғни өшін алудың жолында болар. Көздің қалауы – келісімді сұлу сурет, көрікті, табиғи әдемілікті қалар. Құлақтың қалауы – әсем ән, әсерлі дауыс естігісі келеді. Осыларға ұқсас ділдің қалауының өзіне тән қасиеті болар. Ділді сол үшін құрметтер. Діл адамның ардақтайтын қалаулы қасиеті. Ділдің қасиеті сол болар, Хақ нұрлы Алла тағаланы аспан көк сипаттарынан бастап, барлық дүниедегі заттардың ақиқатын білуінде. Барлық шауһат шабыты, ашу-ғазабы, басқаларды да бес сезім жолымен білуге болады. Бұл қасиет үй жануарларында да бар, осы тұрғыдан алып қарағанда, адам өзі білмеген нәрселерді білмекке талап, әрекет қылады. Оны уақытында білсе, көңілі шаттанар. Егер білуге ықыласы болмаған жағдайда, көңілсіз болмас. Мысалы шатраж ойы-

нына ұқсас шатражды білетін адамға, ойнамағын деп айтсаң, сабыр етіп тоқтауы өте қиын. Өйткені, ол өте қызық ойын. Оны ойнауды мақтаныш та мәртебе көрер. Ділдің қалауы – ақиқат жақсы істерді білу болар. Қай нәрсенің ілімдік тағлымы, ғазиз және игілікті іс екенін, оның ләззатының да толық екенін білгейсің. Біреу уәзірімен көңіл-дес болып, падиша ахуалынан хабары болса, әлбетте, шат болар. Ал падишамен дос, көңіл-дес болып мемлекет жағдайынан хабардар болса, оның шаттығы одан асып түсер. Егер сызу ілімін меңгеріп, аспан-көктің мөлшерін білген кісінің ләззаты, падишаның ләззатынан, шатранж білген кісінің ләззаты одан да артығырақ. Әр түрлі нәрселерді білу жақсы қасиет. Жақсының ләззаты да ұлығырақ.

Сонымен, дүниеде бар нәрсенің Алла тағаладан артығырағы жоқ. Барлық нәрселердің жақсылық шарапаты соның қолында. Жалпы ғаламның падишасы да – сол. Бұл ғаламның ғажайыптары да Хақ тағаланың жарату құдіретінің күшінен болар, яғни Алла құдіретінің нышан белгілері болар. Шын мәнінде, ол ешқандай ілім-білім Хақ Тағаланың білімділігінен ғазиз да, артық та емес. Ешбір көрегендік Әзіреті Пәруардігер ғалам иесінің ғажайып өнері, теңдесі жоқ күш құдіретінің көрегендігінен артық та, ләззатты да емес. Өйткені, ділдің табиғи қалауы да, талабы да, тілегі де осы. Ділді сол үшін жаратыпты.

Сол ділде, бұл ілім-білім қалауы да, талабы да, дерті де денеге ұқсас қарама-қайшы екен. Оның назарында киім мен нанның парқы болмас. Егер дертті жанның сауығуына дәрі беріп, іштаһасы

ашылып, тәбеті жайына келмесе, ол дертті бақытсыздығынан әуре-сарсаң болар. Ол дүниенің көңіл зауқына басым келіп, Әзіреті Хақ нұрлы Алла Тағаланың ілім-білімге деген зауқына сай болмаса, әлбетте, ол дертті болып қала бермек. Егер жедел шара қолданбаса, дүниеде қарабет болып жеңіліс табар. Түрлі ерекшеліктің өзіне тән ләззаты болар. Көңіл зауқы да адамның денесінен орын тебер. Бәрі де текке өлмекпен жоқ болар. Ол зауықпен ләззаттар, ал қаншама ренжу мен азапты еңбектері зая кетер. Әзіреті Хақ, Нұрлы Алла тағаланың ілім-білімі мен ләззаты ділден берік орын тауып, өлген күнде де жоқ болмас. Бәлкім, сан рет іске асар, бәрібір адамдық діл жоғалмас. Аллалық білім-ілім де ділде мәңгі бақи сақталар, таза күйінде раушандана берер. Бұл сөздердің жалғасын осы кітаптың соңындағы «Махаббат жолдары» тарауында баяндармын. Иншалла Тағала.

Он сегізінші тарау

ДЕНЕ, АДАМНЫҢ ЖАРАТЫЛЫСЫНДАҒЫ САН ТҮРЛІ ҒАЖАЙЫПТАР

Діл ғаламы гауһарының сипаттары бұл кітабымда мұншалықты айтылғаны жететін шығар. Егер оқырман бұдан көбірек білуді қаласа «Ғажайып құлып» деген кітапта баяндағанмын. Ол кітапты жақсылап оқысын. Сонда да екі кітапты оқығанымен, адам өзін түгелдей тани алмас.

Өйткені, бұл екі кітапта да адамдағы ділдің кейбір сипаттары ғана еді.

Біліп алғын, діл сипаты бір таяныш тіреу болса, тон сипаты да бір таяныш тіреу сияқты. Тән – адамның жаратылысы. Ол бастағы болмысында көптеген ғажайыптар бар және әрбір мүшелерінің сырты мен ішінде ғажайып мағыналар мен әрбірінде тіпті, кем ұшырайтын хикметтер сырлар бар.

Адамның тәнінде неше мың сіңір мен тамыр және сүйектер, әрбірі бір бөлек бола тұра, бір-біріне тәуелді байланысты болып түзілген. Бір сипаттары арнайы жолдармен ұштаса демеп, бір-бірінің мүддесіне қызмет ету үшін жаратылысты. Бұлардың сен бәрінен де хабарсызсың. Қолды ұстау үшін, аяқты жүру үшін, тілді сөйлеу үшін жаратқанын білерсің. Жалпы біліп алғын, көзді он қабат түрлі-түрлі нәрселерден жаратыпты. Бұл он қабаттың әрбіріне тосқауыл зиян жетсе көруге нұқсан келтірер. Бұл он қабаттың әрбірін Хақ тағала бір-біріне мұқтаж етіп, қошеметпен қызмет етуге жаратыпты. Көрудің бұларға не үшін қажеті бар? Көзді ғылыми кітаптарда жан-жақты зерттеп талдапты. Жануарлардың ішкі ағзаларының қасиетінен бейхабарсың. Мысалы, бауыр, қараталақ, өт, бүйрек, қуық және тағы басқаларды жаратыпты.

Біліп алғын, түрлі қажетті тағамдар асқазан арқылы бауырға барар, бауыр оның қажеттісін сұрыптап, қанның қалабына түсірер. Денеге сіңіруге қолайлы жағдайлар жасар. Уақытымен қан бауырда жетіліп, шамаға келсе, одан біраз залалзардап қалдығы шығар, олар запыран сияқты.

Бұларды бауырдан бөліп алу үшін, қараталақты жаратыпты. Ол запыран сияқтыларды өтке жинап, қанды тазартып, денеге жіберер. Өтті сол үшін жаратыпты. Ол сары көбік сауда запыранды бауырдан сорып алар. Кейде қан бауырдан шыққанда қою және қуатсыз болар. Ол үшін бүйректі жаратыпты. Ол запыран көбікті бауырдан алар, сол сияқты артық суды да алып, қан сауда запырансыз тамырларға жетер. Ал егер өтке зиян жетсе, қанға запыран араласып барады. Ондай жағдайда адамның көзі, денелері сарғайып кетер. Сары кесел пайда болады. Бұдан басқа да запыранға байланысты кеселдер бар. Ал қараталақ зияндалса, сары көбік қанға араласар. Содан барып саудайлық кеселі пайда болады. Ал егер бүйрекке кесел жетсе, су қанға араласар одан қарынға су жиылу кеселі пайда болар. Айта берсек, бұларға ұқсас ғажайып жайлар дененің сырт және ішкі дүниесінде әрбіреуін, әрбір істі атқару үшін жаратыпты. Денеге бұларсыз нұқсан келеді. Адамның денесі бұл сипатта шоғырланғандығынан әлемдегі барлық жанды нәрселерден кемелдісі болар. Бұл ғаламда неше түрлі нәрселер бар болса, адам денесінде олардың бір белгісі бар деуге болады. Сондықтан сүйек тауға ұқсар. Тамыр жаңбырға, дене түктері талдарға, таңдай аспанға, қалау қасиеттері жұлдыздар нышанына ұқсар. Айта берсек, бұл сипаттағы сөздер түсініктемесінің есебімен саны жоқ. Бәлкім, дүниедегі бар нәрселердің бәрі де адам денесінде бар сияқты.

Сондықтан да доңыз, бөрі және ит пен басқа да төртаяқтыларды, пері мен періштелер және

басқаларды жоғарыда мәлімдедік. Барлық әлем ішіндегі өнерлілер мысалын адам денесінен көруге болады. Мәселен, қуат сипатын қарынмен байланыстырар, қарын аспаз мысалы, тағамды пісіріп бір жөнге келтірер және ол қуат тағамның таза маңызын бауырға, ал ауыр қалдықтарын ішекке қарай бөліп жіберетін бағбан сипатты. Ол қуат тағамды бауыр арқылы қан реңіне келтіріп, рең беретін бояушыға ұқсас. Сол қуат қанды қатындардың көкірегінде ағартып сүт етеді. Еріннің тіл астынан ас сіңіруге себепкер сілекей су шығарып, тағамның керектілерін өзіне тартар. Тағы да сол қуат, бауырдың суын тартып, қуыққа жеткізетін қушығы ұқсар.

Тағы да сол қуат деген қалдықты ішек арқылы тысқа шығаратын сыпыратын қызметкерге ұқсар. Сол қуат денедегі сауда запырандар зиян етпеу үшін тысқа шығарып жіберетін әділ емірлерге ұқсар. Бұл сөздердің де талдайтын, түсініктеме беретіндері өте көп. Жалпы айтылмақ мақсатты білгенің жөн дененің ішкі әлемінде есепсіз жан-жануар, жәндіктердің бәрі күндіз-түні сенің қызметінде болып, бір сәт те дамыл таппайды.

Алайда сен ұйқы ғапілетіненсің, не бұл қызметкерлерді білерсің, не білмессің. Білсең, бұл қызметкерлерді берушіге шүкірлігіңді айтып ризалық борышыңды орындарсың. Егер саған бір адам бір қызметкерін бір жылға пайдалануға берсе, бар өміріңде сол адамға рахметіңді айтып, оның алдында борышты екеніңді мойындайсың. Алайда Алла тағала сан мың қызметкерлерін денеңдегі ішкі және сыртқы дүниеге қызмет етуге сый етіпті. Олар бір сәт те қызметінен хабарсыз

болмас. Сол ұлық затты, оның сыйлаған қызметкерлерін, еш жадында сақтамайсың. Шүкірлік ақысын қайтаруды ойыңа да алмайсың. Енді перзент, білгенің жөн, тысқы және ішкі ағза мүшелерін зерттейтін ілімді «ташрих» (анатомия) деп айтар. Ол ілімнен халықтың көбі хабарсыз. Оны дәрігер тәуіп болу үшін оқиды. Ал дәрігерлік емдеу ілімі керемет жақсы ілім. Оны ұстаз болу үшін оқиды. Бұл ілімді білмеген жан, тағлім ілімін біле алмас. Алайда бұл ілімді білген кісі Хақ нұрлы Алла тағаланың ғажайып сирек кездесетін жаратылыс құдіреттерін білумен үш қасиет пайда болар. Біріншісі – бұл дүние, бұл қалыпты жаратушы өзінің қадір-қасиетімен ең кемелділерден, ешқандай айып-кемшілік оның құдіретіне жол таба алмас. Әр істі қалауынша істей алар және ешнәрсе де одан ғажабырақ емес. Бір тамшы судан адам жаратып, оны халық қатарына қосады. Ал бұл сияқты керемет иесін өлгеннен соң тірілтпек тіптен оңай. Екіншісі – Хақ тағала ғұлама ең кемелділерден, өйткені оның керемет жақсы ілімдері мұхит сипатты. Бұл сияқты ғажайып мақлұқаттарды ұлы даналықпен жарату, кемел ілімінсіз, негізінен, сірә да мүмкін емес. Үшіншісі – Әзіреті Хақ нұрлы Алла тағаланың пенделеріне жарылқаған мархабаты, қамқорлығы адам баласынан басқа ешкімде де жоқ, пенделерге керекті нәрселердің бәрін жаратыпты. Ешнәрседен кем қылмапты және ол нәрселердің болмағы қажет екенін біліп, бәрін де түгелдепті. Сондықтан діл мен бауыр және басқа да адам ағзалары, қол мен аяқ, тіл мен көз, басқа да мүшелердің болғандығынан – тән сұлулығы

пайда болар. Бұларға да ие қылыпты, сол сияқты түктердің қаралығы, еріннің қызылдығы, қастың иірлігі, кірпіктің туралығы және бұдан да басқа көріктілік қасиеттерді беріпті. Хақ тағаланың қамқорлық сыйлары жеке бір адамға тән емес. Семіріккүс, шегір баяннан масаға дейін, пілден шымалға дейін, бәрі де жаратылысқа жат емес, қатынасы барлардан. Бәрін де түрлі-түрлі сурет, рең өрнектермен сипаттар беріпті.

Сонымен, дененің жаратылысына, түзіліміне назар салмақтық – Хақ нұрлы Алла тағаланың ілім-білімінің кілті болар. Сол себептен де оны ілім-шарип деп атайды. Шарапаты тәуіптердің ісі түскені ғана емес. Сондықтан «Шердар» және өзге де кітап өнерлерінің, өнеркәсіп ғажайыптары мен оны кемде-кем кездесетіндері ақындар мен жазушылар, өнерпаздар, қадірін білерсің. Хақ нұрлы Алла тағаланың ғажайып сирек кездесетіндерді жарату құдіретін көре білудің өзі Әзіреті Хақ нұрлы тағаланың сипаты мен жолын танудың бір кілті болар. Сонымен, дене ілімін білмек – өз жаратылысын танымақтың бір тарауы.

Бірақ ол – діл іліміне қатысты сипаттама берумен қысқаша тұжырымдалмақ. Алайда тән – мінетін ат-көлікке ұқсас, ал діл – атқа мінетін шабандозға ұқсайды. О баста жаратылысынан арғымақ аттар шабандоздар үшін жаратылыпты. Енді өзінді оңай тани білгін, ешнәрсе өзіңе өзгеден жақын емес. Әр кісі өз жаратылысын танымай, өзге нәрселердің ақиқатын білуді қаласа, ол – кедейлерге ұқсас. Ол жеуге нан таппаса да қаладағы мүсәпір бейшараларға нан берсем

деп, бостан-босқа әуреленер. Бұл сияқты құрғақ талаптың сырты бүтін болғанымен, іші бос – бір нәрсе бар сияқты болар.

Он тоғызыншы тарау

АДАМҒА СЫЙ – ДІЛ ГАУҒАРЫ

Жоғарыда айтылғаннан діл гауһарының шарапатын және ұлықтығын білдің. Енді сол ғазиз гауһарды саған кім берді және денеңе кім пайда қылды? Сол қымбат баға гауһарды талап қылмасаң құралақан бос қаларсың. Бұл жағдай өзіңе ісеген қиянат және зиянкестік болар. Жалпы, ділдің бұл ғаламдағы шарапаты сол – ділдің ақіретте ізет шарапатын көрмек-ті. Оны табуды лайықты істермен қолға түсіргейсің және бұл күндерде адамнан сорлы бейшаралау нәрсе жоқ шығар – аштық пен сусау, ыстық пен суық, бейнет пен қасірет қайғылардың тұтқыны деуге болады. Әр нәрсе оған ләззат, рақат кейде зиянды да жеткізеді. Олардың ақыры ренжу, машақаттар болып шығар.

Сонымен, әр кісінің ізеті мен шарапаты ілім және күш-қуат құдіретімен, не қымбатымен не болмаса, сұлу сипат суретімен болар. Адамның

іліміне назар салсаң, одан азапты жоқ. Егер көмейдегі бір тамырға зиян жетсе, қатерлі хал болар, оның ләжі не болар? Егер оның қуаты мен күдіретіне қарасаң, одан әлсіз нәрсе жоқ, егер маса-сона тұмсығын қадаса, ұйқысызданып бейжай болар. Егер оның қымбаттығына назар салсаң, тағамнан бір ноқат сияқты нәрсе зардап жеткізсе, ренжу болар. Егер жамалы мен суретке назар салсаң, халі мүшкілдерден іші толы бір былғаныш, екі күн өзін жумаса кір-қоңдылықтан рәсуә болар.

Хикаят. Бір күні шайық Әбу-Сайд сопыларымен сейілге шығып, бір жерге жетеді. Әжетхана қиын сол жерге шығарып тастаған еді. Сопылар мұрындарын ұстап, беттерін бұрып тұрды. Шайық біраз басын төмен салып тұрды мүридтеріне қарап: «Бұл лас нәжістердің маған айтқан сөзін естідіңдер ме?» деді. «Аңғармадық» деп жауап берді мүридтері. Шайық айтты: «Бұл нәжістің маған айтқаны, мен күндіз-түні әр түрлі әсем безендірілген күйімде сатушылар мен аспаздардың алдында тұратын едім, сіздер қалталарыңыздан динар, дирхем теңгелерін беріп, мені қолға түсірдіңіздер. Сіздерменен бір түн де сұхбаттас бола алмастан, бұл халге түстім. Менің сіздерден қашқаным жөн бе, я сіздер менен қашасыздар ма?» деді. Мүридтер бұл істерден қатты қынжылды.

Сонымен, ақиқатына келсек, адам бұл ғаламда есепсіз олықлық, әлсіз шарасыздықтан, опасыздықтан құры емес және оның барар жайы қияметте болар. Егер бақыт химиясын көңіліңе алсаң, оны амал қылсаң, хайуандық мәртебесінен періште-

лік мәртебеге көтерілерсің. Ал егер дүниеге көңіл қойсаң, қиямет күні ит пен доңыздан жаман боларсың. Саған айтарым, ғаріптер топырақ болып, тозақ азабынан аман, тыныш болар екен. Ал күнәлілер, тозақ азабына тап болады екен. Сондықтан шарапат жол-жорығын таныдың. Енді кемшілік, бейшаралығыңды да білгейсің. Ілім-білімнің пайда болуы – Хақ тағала ілімдерінің кілті. Енді өзінді танымаққа лайықты айтылған сөздер, жеткілікті шығар. Бұл кітап қысқаша болғандықтан бұдан артық талдауды көтер алмас.

Жиырманшы тарау

ТАҒАЛАНЫ ТАҢУ

Өткен әнбиелер кітаптарында мынадай қаулы жазылыпты: «Өз жаратылысыңды танысаң, өз пәруардігеріңді танырсың». Ақбаршығармасында айтылыпты: «Әрбір кісі өз жаратылысын таныса, пәруардігерін де шын мәнінде, ақиқат таныр». Бұл сөздер жоғарыда айтылғандарға дәлел болар. Адам жаратылысы айнаға ұқсар. Егер кісі айнаға қараса. Хақ Тағаланы көрер. Көптеген халықтар жаратылысының айнасына қараса да Хақ тағаланың жамалын көре алмас. Сен Хақ Тағаланы көретұғын жолмен, сол айнаға қарау тәсілін білгейсің. Ол екі түрлі тәсілмен қолға түсер. Әуелгісі жасырын (халі мүшкіл қураған ағаш сияқты), көптеген адамдар ол тәсілдің пайымына жете алмас. Сондықтан кісі пайымына сыймайтын сөзді айтудың өзі орынсыз. Екінші тә-

сілді жалпы халықтың пайымдауы оңай. Бұл оңай дегеніміз адам өз заттының болмысынан, Хақ нұрлы Алла тағаланың заты міндетті түрде орындалуға тиіс болмысын таныр. Өзіндегі сипаттардан, Хақ тағаланың сипаты құдіретті тағлымын білер. Өз мүлкі – өз денесін қолына алып, иелік жасаудан Құдай тағала ғаламаның күллі ғаламға иелік етуін байқар. Бұл сөздердің мән-мағынасы, кісі – уақытында өз болмысын таныса, бұлғаламға келместен бұрын атасының беліндегі бір тамшы судан пайда болғанын білер еді. Онда ақыл-ес, құлақ, көз, қол, аяқ, сүйек, сіңір, ет тері жаратылған жоқ. Ал бұл ғажайыптар адам болмысына өзінен-өзі пайда болды ма, я біреу пайда қылды ма? Ал сен осы халінде бір түк сияқты нәрсені жаратуға шамаң келмес. Ал сен ол кезде бір тамшы су едің, бұдан да әлсіз халде едің. Енді сол әлжуаз затында бұл дәрежеге жеткізген, қадірлі табандылығымен, күш-қуатымен ерекшеленген ғалам пәруардігерінің құдіретін тамаша қылғайсың. Әр уақытта адам өз денесіндегі тысқы және ішкі ғажайыптарына назар салса, жаратушының таңқаларлық құдіреттерін білер еді. Бір тамшы судан жетілдіріп, бұл сипаттағы кемелділікке, көрік-келбет, керемет сұлулыққа ие етіп жаратыпты.

Сонымен, адам өз сипаттары ағзаларының сирек кездесетін қасиеттерін көре білсе, сол сияқты тысқы ағза – қол, аяқ, көз, құлақ, тіл және ішкі ағза – бауыр, қараталақ, жүрек және бұдан басқа барлық таңданарлық та, сирек кездесетін сипаттарының керемет екеніне таң берер. Хақ тағаланың ілімі мен құдіреттерін, кемелін білгейсің. Құдай

тағаланың ілімі әр нәрсені мұхитша орап алған. Оның білетін ілімінен тыс еш нәрсе жоқ. Егер барлық нәрселер топтасып, қол ұрғанымен адам ағзаларының бір бөлігін де дәрежесінде жарата алмас. Хақ тағала жаратқан суреттен артығырақ, сұлуырақ сурет жасай алмайтынына ой жіберіп ұялса, ұқсату мүмкін емес. Мәселен, денедегі тіс суретінің және бір басқа суретте болмағын ойланса жетеді. Сонан соң, сол ауыздағы отыз екі тістерінің алдындағыларының ұшы өткір тағамды кесіп немесе үзіп жер. Ал азу жақ тістер тістердің анасы сипатты. Олар тағамды жаншып, диірмен сияқты майдалап ұсақтаса, тіл астынан сілемей су пайда болып, шайналған азыққа су қосып, дәм кіргізіп, асқазанына дайындап берер. Енді жалпы ғаламның ақыл-есі барлары, бұдан жақсырақ бір суретті жаратып, жүзеге келтіруі мүмкін емес. Осыған ұқсас саусақтар – бас бармақ төртеуінен бөлек суретте, басқаларынан оқшаулау орналасқан, жуан, келтелеу. Бұлардың әрбірінің атқаратын міндеттері бөлек екені мәлім. Төрт бармақтың буындары үшеуден, бас бармақтың буыны екеу. Қолмен қалаған нәрсені ұстар, бұдан да бөлек қызметтерді атқарар. Егер барлық ақыл ғаламы жиналып, саусақтар суретін басқа бір сипатта болуын қалаған жағдайда, мәселен саусақтың бәрі-бірдей болуын немесе үш саусақтың бір суретте болуын, я саусақтардың алтау, я төртеу болуын, бұдан өзге де суретте жаратылуын қаласа, әлбетте, бәрібір ойдағыдай жетілген кемелділікте бола қоймас. Шындық осыны дәлелдер. Хақ нұрлы Алла тағала аса бір шеберлікпен жаратқаны мәлім екенін осылардан

байқауға болады. Жаратушы – бар ғаламға мұхит сияқты екенін, барлық ғаламдағы нәрселердің даналықпен өз орнына сай жаратылғанына осылардың өзі дәлел.

Сонымен, адам ағзаларының әр бөлігінде бұл сияқты керекті жайттарға назар салсақ, ол ағзалар тағам мен киім-кешек, мезгіл мен мекен және бұдан да басқа темір мен мыстан болған құралдар, басқа да нәрселерді Хақ Нұрлы Тағала өз қалауымен жаратыпты. Енді бұл пайда болған сөздерден пенделердің Хақ тағала пенделеріне деген мейірбандығын білуі шарт, сондықтан Хақ тағала: «Менің мейірім-шапағатым ғазабымда белгілі» депті. Әзіреті пайғамбар (С.Ә.У.): «Хақ тағаланың пенделеріне шапағаты және мархабаты сүт емізген балаға анасының шапағат мархабатынан да артық» депті. Енді адамзатының күш-құдіретіне Әзіреті жаратушы қадірімен кемелділігі белгілі болды. Қоршаған ортаның күш-қадірінен, Алла тағала ғаламының ілімі барлық нәрселерге мұхиттығын аңғартар. Бұл өз атырабының мән-мағынасын және ғажайып қасиеттерін біліп, хабардар болуы – Хақ тағаланың құдіреті мен кемелдігін көрсетер. Пенде өзіне керексіз болатын, я қажет уақытта керек болатын әсемдік, безену үшін керекті нәрселер өзінде, өзінің ықтиярында. Барлығы Хақ тағаланың өлшеусіз жарылқайтын мархабаттарын білдірер. Осы себептен де өз жаратылысыңды танымақ – Хақ нұрлы Алла тағала ілімінің кілті екенін білгін.

Жиырма бірінші тарау

СИПАТТАРЫН ТАҢУ

Сонымен, өз затыңды танымақпын, Хақ нұрлы тағаланың тұр-тұлғасын таныдың. Өзіңнің куәландыруыңмен Хақ Нұрлы Алла тағаланың пәктігі мен ғазиздігін таныдың. Енді Әзіреті Хақ нұрлы Алла тағаланың пәктік мүбәрәктігіне келсек, ол сап таза және ғазиз теберік те және қиялдайтын нәрселерден де таза. Ешбір жай, Алла тағаланың тұрақ жер мекені деуге болмайды. Адам жаратылысында да бұндай жағдайдың белгілері бар.

Рух ақиқатына діл деп ат қойдық. Бұл – сап таза, оған өлшем, мөлшер, сызу, есеп, әдет сыйыспайды, жоқ десек болады. Олардың қажеттігін керек етпейді. Оның түс-тұлға реңі де жоқ. Әр нәрсенің рең-түсі болмаса, өлшемі де болмас, қиялдап сипаттауды да қолына түсіре алмас. Қолына түсірген оны көзімен көрген, немесе сол сияқты бір нәрсені көрген адам жоқ. Алуан түрлі реңдер сыртқы – тұлғалардан бөлек көз және қиялмен нені көріп, нені болжай аласың? Мәселен, ешкім білмеген нәрсені бұл немене деп сауал қылса айтар еді. Немене деудің мәнісі – қандай тұлға, үлкен бе, кіші қандай реңде демек. Ол нәрседі бұл сипаттар болмаса, бұл қандай деп сауал қою жоққа шығар еді. Егер де көңілің қаласа, немене өзі дегенге жол таппай тұрған нәрселерді айтар. Өз ақиқатына қарағанда, ақиқат орны ілім-білім болар тағдыр-жазмыш қабыл қылмасқа, өлшем мен мөлшер жол таппас. Егер бір кісі саған сауал

қойып: «Рух немене өзі?» десе, жауабы: «Немене деудің өзі оған баратын жол таба алмас» дегін. Уақытымен өзінді осы сипатта танысаң, Хақ тағаланың сап тазалығы, дәулеттілігі шектен тыс екенін білесің. Ал адамдар таңқаларлық діни болмыстағы түрлі нәрселер не үшін тұрлаусыз болар? Адамдар өз тәніне дұрыс есеп берсе, көптеген нәрселер тұрлаусыз, баянсыз. Мысалға ғашықтық дертін алайық, оның азабы мен ләззаты неліктен деп сауал қоюдың өзі дұрыс емес. Егер адам дыбыстың, дәм мен иістің ақиқатын білейін десе, қандай рең, қандай бейнелі суретте екенін біле алмас. Бұл тұрғыдан алғанда, неліктен дейтін қиял талабын тек көрумен ғана жүзеге асатынын білер еді Алайда сол нәрселерді құлақпен естіп білуге болар, көздің одан алар ешқандай үлесі жоқ. Өйткені дауысты көзбен көріп болмас. Сол сияқты сурет пен рең, түрлі-түстен құлақтың бахар алар ешқандай үлесі жоқ. Ол нәрселерді ақыл, ой және ділмен ғана білуге болады. Бұл сөздердің талдауын «Мақұлықат» атты кітабымда кеңінен талдағанмын. Осы айтқандарымның өзі жеткілікті шығар. Басты мақсат бұл айтылғандардан, адам өз затындағы сырт көзге сезілмейтін рухани ішкі жұмбақ сырлары көп екенін білуі керек. Хақ тағала заты болмыс тұлғасындағы: «Ол немене, неліктен?» дейтін қасиеттерін де білгенің жөн. Жан – бар нәрсе, ол – дененің падишасы. Дененің ішінде көп нәрсе бар, оны жіті сезім, зерек пайымдылықпен білуге болады. Соның бәрі де – жанның мемлекеті. Бұған ұқсас пәруардігер ғалам күллі әлемнің падишасы болар. Ол мекенсиз де, тұлғасыз да. Әр нәрсенің мекені мен Өзіне тән

тұлғасы арқылы сипатталатын зат екені белгілі. Әр нәрсенің белгілі мекені мен өзіне тән тұлғасы бар. Сондықтан діл бұлардан өзгеше, діл – Өзіреті Алла тағаланың мемлекеті, сопы иелігінде болар. Ол – пәк тазалықтың белгісі. Өзіреті Нұрлы Хақ тағала бір мекен-жайда тұрады деп айтуға болмайды. Мәселен жан, қол мен аяқ, не баста немесе басқа бір ағзада деуге болмайды, мүмкін дененің барлық ағзасы тағдырын қабылдар, ал жан тағдырын қабылдамас. Қош, тағдырды қабылдамайтын нәрсе, тағдырды қабыл қылатын нәрсе де, қарар табар, ол уақытта, жан да тағдырды қабыл қылушы болмағы ләзім болар. Сонымен, жан, ешбір бөлек ағзаға тән емес және бірде-бір бөлегі оның ықпалынан шығып кете алмас, барлық дене жанның қамқорында. Ешбір нәрсе оның ықпалынан шетте емес. Мүмкін денедегінің бәрі де дене жанының бұйрығын орындар. Жан – жалпы, дене.

Жиырма екінші тарау

ХАҚ НҰРЛЫ АЛЛА ТАҒАЛА – БҮКІЛ ҒАЛАМ ПАДИШАСЫ

Сонымен, Хақ тағаланың сипатын танымақ – әрбір адамның міндетті парызы. Оның сипаты ежелден белгілі мекенсіздігі және тұлғасыз екендігі. Заман-замандардан бері қарай оның мекенсіздігі мәлім болды. Бұл жағдайды білмектің кілті, адам өз жаратылысын танымақта екені баян-

далды. Хақ тағаланың бүкіл ғалам мемлекеті падишасы болуының себебі неліктен? Бұны қайсы дәлелмен білуге болады? Періштелердің бұйрық қылмағы,періштелердің бұйрықты орындамағы және ғалам істеріне періштелердің көңіл бөлмегі, аспаннан жерге бұйрықтарды жеткізбегі, аспан мен жер және жұлдыздарды сейіл қылмағы және рызық-несібелердің қоймасын аспанға қоймағының себебі неліктен? Бұл тарауда осылардың ақиқатын баян етемін.Хақ тағаланың ілімін үйретпекте ұлы қасиеттер бар. Бұны кең пейіл, ұлық Алла дер.Өйткені,әуелгі тарау – Алланың заты мен сипаты деп аталған еді. Сондықтан ұлық Алла сипатын танымақтың да кілті адамның жаратылысын танымақта болар. Егер де өз дененің мемлекетіне падишалық етуді білмесең, ықпалынды жүргізе алмасаң, Хақ тағаланың падишалық ету ықпалының сипатынан не білерсің? Әуелі өзіңді танығын және өз сипатынды білгін. Мәселен, «Бисмилланың» пайда болуын білгің келсе, ол адамның тілек-талап, мақсатында пайда болар. Ал оның мұратын шешуші діл болар. Бір парша ет-жүрек көкіректің сол жағында тұрар. Сонымен ділден кеуде арқылы көмейін әрекет қылар. Бұл кеудедегі жүрек сөздерін тәуіптер рух деп атар. Барлық қуат, іс-әрекеттер бұлармен байланысты, бірге болар және бұл рухқа өлім жол табар. Адам мен хайуандардың өлуімен бірге, бұл рух та өлер,бұны хайуандық рух дейді. Бір рух бар – біз оған діл деп ат қойдық. Бұл – жануарларда жоқ нәрсе. Әр уақытта өлім оған жол таппас және бұл рух – Құдай Алла тағала ілімінің орны болар бөлек, уақытымен

хайуани рухтын көмейіне жетсе, «Бисмилла» суреті сол көмейдін қазынасы болар. Қуат пен қиялдын мекені сонда пайда болар және көмейден асып, аяқтарға жетіп, барлық денеге тарар. Жіпке ұқсап таралып,бармақтардын ұшына дейін тарар. Бұл сіңірлі жіптерді арық адамның қол-аяғынан көруге болады. Енді бұл жіп-сіңір тамырлар саусақтарды әрекетке кіргізеді. Сонымен, «Бисмиллах» қиял қазынасында сурет сипатында қағазда пайда болар. Бұл суреттің қағазда пайда болмағы сезім талабы жәрдемі арқылы болар. Сондықтан ол көзбен байланысты,қашан көз қиығы түспегенше болмас. Пенденің қылар ісінің әуелгі талап-тілек қалауы да көңілде пайда болар. Бұған ұқсас, Әзіреті Хақ нұрлы Алла тағаланың сипаттарының бірін пайда қылар. Алғашқыға байланысты, қатынасы бар барлық істер жігердің сипаты болар. Сондықтан пенденің қалауымен жігерінің пайда болатын жері әуелі ділде пайда болар, одан кейін ділдің көмегімен өзге ағза қуатқа кірер. Хақ тағаланың жігірлендіру әсері әуелі ғарышта пайда болар,одан кейін басқаға жетер. Сондықтан пенденің жаратылысында көкірек көзі пайда болар. Бұған хайуандық рух деп ат қойдық, ділдің тамырларынан бұл із-таңбаны көмейге жеткізер. Осыған ұқсас Хақ тағаланың жігерлік із-таңбасы ғарыштан күрсіге жеткізетін, жауһарлы сөздер бар екен,оны періште деп атайды немесе рух дейді. Кейде рұхл Құддус та дейді

Сондықтан пенденің күш жігерінің ізі көмейіне жетіп, ділдің қазынашысы болар. Бұған ұқсас Хақ нұрлы Алла тағаның жігер сипатының ізі ғарыштан күрсіге жетеді екен,күрсі ғарыштын ас-

тында болар, сондықтан пенденің пейіл құнының суреті көмей қазынасының алдыңғы бөлігінде пайда болар. Одан кейін ғана сыртқы сипатын табар. Осыған ұқсас әр нәрсе де ғаламда пайда болар. Олардың суреті ләуһіл Махфузда пайда болып, одан кейін ғана ол нәрселер ғаламда пайда болар. Көмейдегі сөз қуаты сіңір-жүйке тамырларын іске қосар. Саусақ сіңірлі тамыр түзілісін, қаламды да іске қосар. Бұған ұқсас Хақ тағаланың ғаршы күрсіге тиісті періштелері бар, олар аспан жұлдыздарын іске қосар. Көмейдегі қуат сіңір-тамырлары арқылы саусақтарды қимылға келтіргендей, періште қызметкерлер жұлдыздар орталығы және уақыт, сағат, ғаламдық төрт асыл (төрт элемент) – топырақ, су от, желді әрекетке келтіріп, іске қосар. Яғни қызулық, ылғал және құрғақтық, ыстық-суықтық іске қосылатын болар.

Содан кейін қалам, сияны бөлек-бөлек пайда қылып дайындар. Енді «Бисмиллах» суреті қағазда өрнектелер. Осыған ұқсас періште уәкілдіктері ыстық пен суық, төрт асылды іске қосар. Қағаз бен сияны істегенге ұқсас төрт асылдың (элемент) ылғалы сияқтыны қабыл қылар. Құрғақтық ол – көріністі сақтаушылардан, егер ылғал болмаса, өрнек көрінісі пайда болмас. Егер құрғақтық болмаса, өрнек тұрақтамас. Сондықтан саусақтардың көмегімен қалам іске кірісіп, өз істерін орындап, «Бисмиллах» суреті қиялдағы өрнекке сай, қалау сезімдері жәрдемімен қағазға сурет болып жазылар. Осыған ұқсас төрт асыл – ыстық пен суық та іске кірісіп, періште өкілдерінің жәрдемімен өмір және өсім-

діктер дүниесі, бәлкім, жалпы жаратылыс суреті, ләуһл Махфуздағы суретке сәйкес дүние майданына келер. Сондықтан пенденің қылатын істері әуелі ділде пайда болар. Сонан сон адам діліндегісін өрнектегенде дене мемлекеті оны амалға асыруды мақұлдар. Бұған ұқсас Әзіреті Хақ тағала ғарышты жаратқыш және ғарыштың иесі бар құдірет кемелімен бірге ғарышты жаратып, ғалам мемлекетін жасауды амалға асырушыдан. Жүніс сүресінің 3-аятында: «Әзіреті Хақ тағала ғарыштың иесі. Барлық ғалам мемлекет істерін амалға асырушы болар». Білгін, бұл қажетті де белгілі ақиқатта. Ақыли-ақиқатқа ашылған жаңалық – анық көрінуімен мағлұм болар. Ақиқатты білу керек, падишалықты падишалардан өзге кісі білмес. Егер Хақ нұрлы Аллах тағала жаратылысының мемлекетінде ділді падиша қылмаса, Әзіреті Құдай тағала ғалам падишалығын білмес еді. Енді шүкір қылғын, ол падиша ием сені жаратты, сол жаратылысының мемлекетіне сені падиша қылды. Сонымен, саған ділді ғарыш дайындап берді, көмекейлі күрсі пайда қылды, қазынайы қиялдан ләуһл Махфуза берді. Көз бен құлақ – бес сезімнен періштелерді пайда қылды.

Көмей күмбезінен барлық сіңірлі тамырларды таратып, оны аспан мен жұлдыздар іспетті жаратты. Және саусақ пен қалам, сияны ділге мүдделі етіп, бас игізді. Сонымен, сені жалғыз Аллах мекенінді де, Тұлғанды да баянсыз етті. Бұлардың бәріне сені падиша қылды және Хақ тағала саған тапсырды: өзіңнен және падишалығыңнан ғапұл болмағың, бұлардан ғапұл болсаң-пәруардігер-

ден ғапұл болғаның. Шын мәнінде, Аллах тағала адамды өз суретіне ұқсастырып, бірге жаратты.

Ей, адам өзіңді және жаратушыңды білгін!

Жиырма үшінші тарау

ЖАРАТУШЫ ҒАЛАМНЫҢ ПЕРІШТЕЛЕРІ

Сонымен, адам баласының падишалығы және жаратушы ғалам падишалығын танымақты Ұлы мәртебелі Алла екі ілім жолымен тануды ишарат етіпті: әуелгі ілім – адам өз жаратылысын танымақ болар. Ағзалар қатынасының түзілісі және қуаттар мен сипаттар ахуалын білмек. Бұл ілім – ұшы-қиыры жоқ үлкен ілім. Оның баяны бұл кітапқа сыймас. Екінші ілім – Әзіреті жаратушы ғалам мемлекетінің періштелерімен қатынасы және періштелердің бір-бірімен байланысы. Ғарышы мен күрсі және аспанның алыс-берісі, қарым-қатынасы жайында ілім, өте үлкен салмақты дүние. Бұл ілімі де әуелгіден ұзағырақ. Мақсат – бұл ілімдердің ишаратын білуі шарт, өйткені әрбір кісиде зеректік те, даналық та болады. Бұл ілімдерді үйреніп қана қоймай, оны меңгеріп, өзіне бағындырумен, Хақ нұрлы Аллах тағаланың жаратылысын танығай. Әзіреті жаратушы ғалам сипатынан, оның биік дәрежесінен хабарсыз (алдану зиянын көрген), оның жамалының кемелдігінен хабарсыз, құралақан мақұрым қалған кісі – нағыз надандар қатарында болатынын өздері де білмес. Ол бейшара құралақан қалғандардан;

табиғат танушылар, астрономдар – ғалам істерін жұлдыздар ықпалында деп даурығатындар да баршылық. Бұлардың мысалы, шамамен майда шымалға ұқсайды, қағаздың үстімен жүріп, оны өзі байқар, қағаз бетінде жүру нәтижесінде өзіне тән сиялы із-өрнек пайда болар. Қаламды көріп, шаттанып, «Бұл істің ақиқатын білдім, бұны пайда қылған қалам ғой» – деп айтады екен. Бұл табиғат жайынан мысал, төмен мәртебелі әрекеттерге тән, мәселені жетік біле бермес. Табиғи деп (материалистік тұрғыдағы көзқарас) ғалам ішінде пайда болған бар нәрселерді аспан – көк және уақыт – дәуірге байланыстыларды айтар. Мысалы, көктем кезінде гүлдердің ашылуы, уақытында суық болмағы және мұз қатпағы, өз дәуірінің табиғатынан деп білер. Ал одан үлкенірек құмырсқа келіп, айтар – сен қате істедің, бұл істің ақиқатын мен жақсы біліп алдым, бұл нақыш өрнекті пайда қылушы қалам емес, бәлкім саусақтар, ол сол саусақтарға тәуелді дейді. Бұл жұлдызшылардың мысалы болар. Табиғатты жұлдыздарға бойұсынатын тәуелді де дейді. Бұл да таңданарлық. Өйткені жұлдыздардың періштелерге тәуелді екенін білмейді, сонымен жұлдызшы (астроном, астрологтар) жұлдыздардан жоғарыға жол таба алмапты. Сондай-ақ табиғатшылар мен жұлдызшылар арасында да шектен тыс қарама-қайшылықтар бар. Толығырақ айтсақ, ғалам жаратылысы денелерін жан-жақты талдасақ, ғалами әруақтан сондай несібе тапса болады екен. Бұл дәрежеден артық қосуға ұмтылмаса да бұл топтар не ғалами әруақ (рух ғалами), не жол таба алмас – тосқауылға тап

болар. Сонымен, ғаламдық әруақ – ғаламның хош иісі іспетті, одан да бұл сияқты қиыншылық тосқауылдар есепсіз. Кейбірінің дәрежесі жұлдыздарға ұқсас және кейбірінің дәрежесі айға, бағзысы күнге ұқсас болар. Бұл жағынан қарағанда, ол кісінің ғарыш алдындағы Миғражы болар, аспан мен періштелерді оған көрсететін шығар. Сондықтан да Хақ нұрлы Алла тағала Ибраһим Халиоллаға хабар бергені жөнінде Аңғам сүресінің 75-аятында «Яғни, біз Ибраһимге дүниенің ғажайыптарын көрсеттік» депті. Осы мағынаға байланысты, Әзіреті Расули ақрам (с.а.у) хабар берген хадисының мәнін «Мушакатул анбар» (Нұрлар зиясы), «Сифатул асрар» (Сырлар сипаттары) кітаптарында баяндағанмын.

Басты мақсат – табиғатшыл бейшаралар, ғалам ісін ыстық пен суыққа байланыстыратынын айту. Шындығында егер ыстық – суық Алланың құрал аспабының тобынан болмаса, дәрігер-тәуіптік ілім жоқ болып құрыр еді. Алайда бұл жөнінен қате қылар еді, назары шектелген төмен мәртебені ыстық-суық деп, бұны асыл-негіз деп білер. Кімге тәуелділігін, бой ұсынатынын білмес. Қадірін де, кемелін де танып, қызметкерлігін танымас. Ыстық пен суық-ең төменгі дәрежедегі қызметкерлер тобынан.

Астрологтар жұлдыздарды Алланың құрал-аспабы тобынан санауда, шындығында егер сондай болмаса, күндіз бен түн болмас еді. Сонымен, ыстық жалын жұлдыздар, ғалам раушандығы, ыстықтығы сонымен бірге болар. Зымыстан-қыс, жадыраған жаз барабар болар ма еді. Жаздың ыстықтығы шектен тыс болар, ыстық аспанның

ортасында жақын жүрер. Жаратқан құдай аспанды ыстық және жарық қылыпты, Сатурнды суық етіп және құрғақ етіпті және Шолпанды ыстық және ылғалды етіпті деп сендірудің мұсылманшылыққа ешқандай зияны жоқ. Алайда астролог жұлдызшылар ол себептерден бір бөлек түсіндіріп, жұлдыздарды асыл-негізі деп санап, ғалам істерін оған жүктейді. Жұлдыздардың кімге тәуелді екенінен хабарсыздығын байқатар. Ағраф сүресінің 54-аятында: «Ыстық күн мен ай жұлдыздар Хақ нұрлы Алла тағаланың әміріне бағынышты және бойұсынатындар» деп басқа біреудің жарлығымен іс қылатындарды айтады. Ал жұлдыздар өздігінше ешқандай жұмыс істей алмас, бәлкім періштелер жарлығымен іс қылар. Сондықтан сіңір-тамыр, жүйке атқаратын істері – тұтас денені қимыл мен іс-әрекетке кірістіру көмейдегі қуаттың әсерінен болар. Сондықтан жұлдыздар соңғы мәртебедегі қызметкерлер тобына жатады. Егер ескеретін заттардың бастылары өз дәрежесінде болса да тәуелді ғаламнан болар, төрт асыл элементтері ұқсас, төменгі мәртебедегі қызметкерлерден. Яғни, жазушы қолындағы қаламға ұқсас деуге болады.

Жиырма төртінші тарау

ТАБИҒАТТАНУШЫ- МАТЕРИАЛИСТЕР ОСАЛДЫҒЫ

Халық арасында бұл мәселеден толығырақ түсініп берілсе, бәрі де шындық деп айтар еді.

Бірақ бағзылары көрмесе де көріп-білгендердің дауын айтар. Бұлардың мысалы – көзі көрлерге ұқсас деуге болады. Есіткенім бар еді – олардың мекеніне бір піл келіпті. Кілең көзі көрмейтін көрлер жиналып келіп, пілді қолдарымен сипап танымақшы болады. Кейбіреуі пілдің құлағын, біреуі аяғын бірі тісін сипап, асып-сасып ол жер-бұл жерлерін ұстап, байқағансып, қалған соқырларға піл жайында хабар беріп, аяғын ұстағаны – ұстынға ұқсаған екен десе, тісін ұстағаны – япырай піл пышаққа ұқсаған нәрсе екен дейді. Ал құлағын сипап көрген-піл кілемге ұқсаған болады екен дейді. Бұлардың бәрінің де – шындық, бірақ қате айтып тұр. Пілдің барлық ағзаларын танығанмен, тұтасынан, толық бітім тұлғасын танудан көңілдері күмән. Өйткені кейбір ағзаларын қолымен ұстап танығанымен өзге толық түр-тұлғасынан хабарсызы екені ақиқат. Жұлдызшы, табиғаттанушы (материалист) қауымы да, Әзіреті Хақ нұрлы Алла тағаланы қызметкерлерінің кейбірін таныпты. Алланың құдіретіне таңданып, Қазі Рәббі падиша осы екен депті. Алла тағала бұларға да анық жолды көрсетіпті. Бәрінің де кемшілігін көріпті. Бұлар да біреудің жарлығымен болған шығар, бәрі де тек қызметкер – Құдайлыққа жарамас.

Жиырма бесінші тарау

ҒАЛАМНЫҢ ТҮЗІЛІСІ

Жұлдыздар мен табиғат және аспан күмбезіндегі жұлдыздар, күннің жылдық қимыл және әре-

кет жолын бойлап жайласқаны он екі екен. Ғарыш бұлардан өз алдын бөлегірек, басқаша ерекшелігі бар. Падишаның, мысалы, отыратын үйі бар. Уәзір де, падиша жанында, сол үйде отырады және бұл үйдің маңайында қоңсы-көршілері болар. (Олардың саны он екі-хамал, сәуір, зауза, сары атан, әсет, сүмбіле, мизан, ақырап, қауыз, жәди, дәлу, хұт). Сол он екі көршілес үйлердің сипатында уәзірдің орынбасары отырар және жеті атты жолбасшы бұл он екінің сыртқы жағынан айналар. Бұл жеті ат үстіндегі жолбасшылар уәзір орынбасарларының жарлығына бағынады. Төрт жаяу бұғау салғыш құрықшылар, жеті ат үстіндегі жолбасшылардан аулақтай маңайда, Әзіреті падишадан қандай жарлық келеді деп, мұнтаздай болып дайын тұрар. Төрт бұғау қоғанақты, төрт жаяуға беріпті. Олар жарлық талабына кейбірін падиша жаққа тартса, кейбірін аулақ алыстатар. Әзіреті Алла тағаланың бір үйдегі уәзірінің мемлекетіндегі періште сұхбаттастары оның қарарында болар.

Көк күмбезіндегі жұлдыздар сол бір үйдің пеш хайуаны іспетті. Он екі жұлдыз, он екі сипат. Уәзірдің орынбасарлары бірнеше періштелер болар. Бұлардың дәрежесі, уәзірмен сұхбаттастығы болғанымен, сәл төменірек болар. Бұлардың бәріне ілімді істі тапсырып қойыпты. Жеті жұлдыз жеті атты жолбасшыға ұқсас. Әрдайым сипан маңайын айналып жүрер және әр сипаннан әртүрлі жарлық оларға жетер. Олар әр нәрсе төрт асыл деп аталатын. Олар – от, су, жел, топырақ, яғни төрт жаяу қызметкерлер, бұлар өз отандарынан сапарға шықпас және

бұларға төрт тәуелділер бар. Олар – ыстық, суық, ылғалдық және құрғақтық. Бұл төрт бұғаулы құрықтар, төрт асылдың қолында болар. Мәселен, уақытында біреудің хәлі ауырлап, дүниеден жүз үйіріп қайғымен уайым жеңіп дүниенің қызығы да ризығы да көңіліне жақпай ақырет қамы оған басым келсе, тәуіп бұл ауру қапашылық меланхолиясы деп атайды екен. Бұнын емі қызыл реңді дәрі шөп, дәмі тықырлау ащы болар. Оның қайнатпа шербеті есінен айырылған құсалық, рухани кеселдерге дауа болар дейді. Кейбір көңілдегі дітімен болжайтын тәуіп бұл кесел қыстың зымыстан құрғақ суығы салдарынан пайда болған, көктем келіп, ылғал басым болмайынша, дені сауықпайды дейді. Жұлдызшы айтар: «Бұл кесел жалқық көбіктің көбеюінен, бұл жағдайдың қалыптасуына, Меркурийдің ықпалы бар. Егер Меркурий Марсқа жақындаса, сөз жоқ кесел пайда болады. Уақыты келіп, Меркурий екі дәреже алшақтық дәрежесіне жеткенше, бұл кеселден айыға алмайды» дейді. Сонымен, бұл аты аталған топтардың бәрі де шындық айтқан іспетті, бірақ тек өз білгендерін ғана айтар. Алайда бұл топтарға Әзіреті Хақ тағала кеңдігімен олардың бақытына сол екі жолбасшы, дана керуенді Меркурий мен Марс деп атауға өкім етіпті. Ол заттар уақыты жетіп, жер жаяулық кеңдігінен аспанның көк кеңдігіне жаяулап шығады екен. Ұзын бағаулы құрықты көмейдің басынан іліп, дүние ләззатарынан жүз үйіріп, ғам қайғының қамшысын ұрып, жігерлене талап, шылауын қолына алып, Әзіреті Алла тағала кеңдігіне қарай тартар. Сонымен, бұл тәуіптік ілім табиғат ілімі

және астролог ілімінен болмай, бәлкім бұл Пайғамбардың телегей теңізінің тамшылары шығар, барлық атрап мемлекет және барлық басшылар да бағынушылар да, қызметшілер де қазіретке мұхит болар. Сонымен, бұл ілімді білушілер әр кісіні не үшін жаратқаны және жаратушыны қалайша талдап түсінер және қайсы істен шет қалдырар? Ал енді астролог, тәуіп табиғатшылар тобы әр сөзді айтар, не айтса да шын айтар. Бірақ Қазіреті падиша мәртебелім және оның сыпайы салт атты қызметкерлерінің ахуалынан хабар таба алмапты. Хақ тағала бұл сияқты бәле-кеселдерді саудайы (Меленхол) бейнет пен кеңдігіне жетелер және ол кесел емес деп айтады екен. Бәлкім, ілтипат мархабатымен бұғауына түсіріп өзіне тартар. «Әулиелерімді сол бұғау арқылы өзімен тартамын деген сипатты. Яғни «Ақиқаттан қиыншылық, әуелі Пайғамбарларға, одан кейін соларға ұқсастыларға лайық депті. Сонымен, сен бұларға кеселді назарымен қарама, бұлар мына топтағылардан: я Мұса, бұлар жөнінде мынандай хабар бар, кесел болдым, бәрібір жат қылмадың мені, Мұса! (бұл жерде егер кеселді барып көргеніңде, мені көрген болар едің мағынасында). Сонымен, әуелгі мысал, адамның денесіне падишалығы дәлел болар. Екінші мысал, адамның өз денесінен өзге мемлекетте падишалық ету. Осы тұрғыдан алғанда, бұларды білмек те қазіреті Хақ тағаланы танымау жағдайынан екенін айта кету еді. Бұл себептен де ілім-білім мағрифаттың жаратылуын әуелгі етіп алға тарттық.

Жиырма алтыншы тарау

«СУБХАНАЛЛАҒЫ УАЛХАМДУ ЛИЛЛАХ» МАҒЫНАСЫН БІЛУ»

Субханаллаһи уалхамду лиллахи уа лә иләһә илаллаһу уаллаһу әкбар! Мағынасын білгейсін, бұл сөз талдаудың қысқаша жинағы. Хақ тағаланың пәктігін білгенін – Субханалланың мәнін білгенің болар. Уақытымен өзіңнің падишалығыңның іс-әрекетінен Хақ Субханаллаһу уә тағаланың падишалығын таныдың да, жалпы мақсатқа жету құралдары оған тәуелді және жазушы қолындағы қалам оның мысалы болар. «Әлһамдулиллаһ» мағынасын білсен, Хақ тағаланы білсең өзге ризық-несібе беруші жол екенін білгенің. Ал Хақ тағаладан өзгеге мадақ пен шүкіршілік етуге лайықты арзитындай да еш нәрсе жоқ және Лә иләһә илаллаһ мәнісін білгенің болар. Енді Аллаһу әкбардың мәнісін білгейсін. Біліп алғың, Хақ тағаланы халық өздеріне ұқсас қылмақ пенен ғана біле алмас. Аллаһу әкбардың мағынасы, Алланың өзінен өзгелерді ұлығырақ деп болмас. Талдап көрсек, Хақ тағалаға теңдес ешбір де зат жоқ екен, Хақ тағалаға осыны лайықты деп танумен бірге жалпы ұлықтық онда болса және барлық жаратылыс Хақ тағалаға нұр шұғыласынан болар. Мәселен, жалынның нұрын сол жалыннан ұлығырақ деп болмас, сол сияқты бөліп те болмас. Сондықтан Аллаһу әкбардың мәнісі сол болмақ – адам ақылы оны тек салыстырмалы жағдайда ғана танығай. Алла сақтасын. Қазіреті Хақ тағаланың пәктігі мен дәулеті адамның пәктік дәулетіне ұқсас бол-

мас. Хақ тағала жалпы жаратылысқа ұқсамақтан сап таза, адамдарда нендей ықылас болмақ, Аллаһ сақтасын! Хақ тағаланың падишалығы пәк және биікте – адамдарда қандай ол сияқты қәдір шарапат болар.

Бәлкім, бұл айтылғандағы лайықты үлгі шығар – Әзіреті Хақ нұрлы Аллаһ тағаланың кемелі және ұлылығын танымаққа. Адамдар кемшіліксіз емес – әлсіздеу де, тек болжам көрегендікпен жол табады. Сонымен, баяндалған сөздерде мысалы – соған ұқсас. Егер нәресте бізге сауал берсе:

«Падишалық және мемлекет басшысы болмақтық амалы мен ләззаты қандай? десе, жауап айтар едік: «Асық, доп ойнаудың ләззатына ұқсар» деп. Өйткені жас нәресте бұдан артық айтқанды түсіне бермес және адам ол нәресенің нендей зат екенінің ақиқатын танымақ қой, салыстырумен оны біліп болмас. Мәлім жағдай – падиша салтанатының ләззатына, асық, доп ойнау ләззаты жанаспайды. Бірақ әр екеуіндегі шаттықты ләззат деп айтса болады. Жанына жақын болу себебінен де салтанат ләззатын, ойын ләззатындай деп балаға аңғартуға болар. Ал бұған ұқсас Хақ тағаланың кемелі мен ұлықтылығының ақиқатын өзінен өзге ешкім де білмес.

Жиырма жетінші тарау

АДАМНЫҢ БАҚЫТЫ – ПЕНДЕЛІКТІ ӨТЕУІНДЕ

Әзіреті Хақ нұрлы Алла тағала ілім-білімін талдай берсек, өте ұзақ, бұл кітапқа сыймас.

Мұншалықты талдаудың өзі жеткілікті болар, егер талапкерге барлық ілім-білімді үйренуге құштарлық зауқым пайда қылса. Адамдықтың бар бақыты – Хақ тағаланың ілімін үйренбек пен оған ғибадат етіп, пенделігін өтемекте. Себебі уақытымен адам дүниеден өтсе, Хақ тағаладан өзге пана болмас. Алладан өзге шара көрсетуші жоқ, яғни қайтып баратын жер – Хақ тағаланың кеңшілігі ғана. Әр кісінің баяндылығы өз досымен сүйгені құзырында болар, достығы қаншалықты шынайы болса, бақыты да одан артық болар. Хақ тағаланың ілімін білмейінше, оның сөздерін толық айтпағанша, Алла тағаланың махаббаты оның діліне жайласа алмас. Егер адам не нәрсені дос тұтса, оның айтқанын түгел орындайтыны мәлім жағдай. Сол сөз арқылы жасалған мәмілелер арқылы достығы қалыптасып бекемделе түсер. Бұл жөнінде Алла тағала Дәуіт (а.с): «Сенің дертіңе дауа қылушы және панаң мен болармын. Барлық қолбасшың мені білер, менің айтқандарымнан бір сәтте ғапыл қалмағын» деп хабарлапты.

Ал көңіліндегі көрікті сөз сол сәтте ғана жеңіске жетер – егер пенде тағат пен ғибадатқа бой ұсынып, оны міндетіне алып, ғибадаттың ләззаты мен азабына шыдағанда ғана пайда болар. Алатын алыс-беріс дүние ләззатынан қолын үзсе, сол сияқты шауһат нәпсісін де тиып, қолын үзген жағдайда күнә істеуден қолын тыйса ғана, жеңіске қолы жетер. Ал күнәдан қол тартпақтың мәнісі, көңілін суыту жағдайын пайда қылмақ себебінен болар. Тағат және ғибадат та орнына келтірмектік Хақ тағаланың айтқан сөздерінің жеңіске жетке-

ні болар. Бұл екеуі де Хақ тағаланың махаббаты себебінен. Адамдық бақытының ұрығы осылар болар, бұл мағынадан тек жақсылық, қайырсақауат, басқа да ізгіліктер пайда болар. Яғни бұл істер Хақ тағаланың махаббатына тән жағдайлар. Хақ тағала жарлық беріп, Ағла сүресінің 14–15 аятында: «Ол момындарға мағрифатты махаббатты заттан. Ол ғарыш ұлығы аталатын өте биік дәрежелерден», – деп хабарлаған. Жалпы, амал Хақ тағалаға ғибадаттан абзал емес және жалпы дүние ләззатынан қол жию да шарт емес. Өйткені егер адам тағам жемесе өледі. Егер ерліқатынның қатынасы болмаса, ұрпақ көбеймес. Кейбір ләззаттан қол тартқанмен, бағзы біреулерін орындауы ләзәм, яғни нәпсіні орта дәрежеде ұстағаны жөн. Екі жағынан да құр алақан болмағаны жөн. Адам өзінің ақыл қалауын шын көңілімен іске асырар немесе бір кісіден үйрену арқылы жүзеге шығарар. Сондықтан әуестік қалауы жеңіске жетуінің жалғасы, рухани Хақ тағаланың көңіл көк жиегінде сақтауда болар. Әр бір мұрат-мақсат, нәпсінің – қалауы болар. Ол дұрыс емес нәрсені кісіге дұрысқа ұқсатып көрсетер. Сонымен, сен ықтияр тізгінін әуес қалауының қолына бермегейсің. Мүмкін, бір кісіге тапсырарсың. Ол – халайықтың таңдап алған таза тап-тұйнақтай әулиелер сәлемдемесі іспетті болар. Ал төмен тәртіпсіз шариат және молласымақтар Хақ тағаланы өзі тарапынан таратқысы келер, өздерін дақындалуға бейімдер. Пенденің бақыты мен құлшылығы да осыларға ұқсар. Әрбір кісі шарифат талабынан шығып, өз ықтиярымен амал қылса, қатерден аулақ болмас. Осы бір мағынаны

Хақ тағала Талақ сүресінің 1-аятында: «Кісі Хақ тағаланың жарлығынан шет шықса, ол ақиқатында өзіне зұлымдық жасар» депті.

Жиырма сегізінші тарау

АҚЫЛ ЕРКІНДІГІНІҢ ҚАТЕЛІКТЕРІ

Бұл ақыл еркіндігіне қол қою өз алдына бір мәселе. Хақ тағаланың әрбір жарлығынан шығатындардан екен. Ал бұл мәселенің қате болмағы білімсіздіктен пайда болар.

Әуелі негіз – көптеген білімсіздіктен құралады да, Хақ тағалаға иман келтірмеуге тіреледі. Хақ тағаланы да көзбен көріп, қолмен ұстап көруді талап қылар. Оның мекенсіз де, тұлғасыз да екенін білместен, көзбен көргісі келер. Жалпы жаратылыс ахуалын жұлдыздар мен табиғатқа байланыстырар. Олардың айтуынша адам мен жан-жануарлар – барлық жаратылыстағы құбылыстар өздігінен жаралған, өзінше пайда болған дейді. Әр уақытта пайда бола бермек дейді. Иә, бәрі де о бастан табиғи, өзінше пайда болар және біреудің себебімен пайда болар деп бар даусымен жариялар. Сондықтан бұл топтағылардың мысалы – бір сауатты жазылған кітапты көріп, бұл кітапта өздігінен пайда болған дегенге ұқсайды. Тура-сын айтса, бұл ғаламның жаратылуына іңкәрлігін ғана аңғартар. Адамдар бұл жағдайға бой ұрса, бақытсыздықтан өзгені көрмес Табиғатшылар мен жолбасшылардың қате көзқарастары жоғарыда баяндалды.

Екіші негіз – ақыретті қаламаушылар. Олардың

айтуынша, адам жан-жануар мен өсімдікке ұқсас. Уақыты жетіп өлсе, жоқ болар. Оған сауап та, азап та болмас. Ал бұл білімсіздер өз жаратылысына сәйкестендіріп, өздерін әрбір жәндік немесе өсімдік қатарында санар. Ол топтағылар да адам ақиқаты жайында айтылғанымен, оны танымайды, ол рух мәңгі-бақилық өлмейтіннен екенін білмес. Денеден ол рухты алады, оны өлім деп атайды. Бұл сөздердің ақиқатын төртінші тарауда баяндағанмын, иншалла Алла Тағала.

Үшінші негіз – бұл білімсіз топтар. Құдай тағаламен ақыретке иманы кәміл болар, бірақ шарифат мән-мағынасын білер емес. Олардың айтатыны – ғибадат және күнә оның кеңдігіне барабар. Бұл жағдайды Құран да көрмей ме екен, Хақ нұрлы Алла тағала «Фитир» сүресінің 18-аятында және «Анкабут» сүресінің 6-аятында: «Кісілер өзін күнәдан пәк ұстапты, бұдан өзге емес те, өз жаратылысының мән-мағына қасиеті үшін күнәдан өзін пәк ұстапты. Адамдар кәпірлермен күрес істепті. Бұдан басқа ештеңе де емес, өз жаратылысының қадір-қасиеті үшін күресіпті және олар жолдарын туралаушылардан, тек өз жаратылысының қадыр-қасиетін істер. Яғни, бұл қылған амалдарын қиямет күні өзі көрер. Ал бұл сияқтылар шарифатқа теріс қарайтындардан».

Кейбір күмәнданатындар, қызметті – кісі Құдай үшін істер, өз табиғатынан істемес дейді. Бұлар, мысалы, сондай ауруларға ұқсар – өзі күтінбесе, тәуіптің айтқанын істеу-істемеуден тәуіпке келетін не зиян бар дейтіндерден. Бұл сөзі шындық, бірақ күтінбегені – аурудың асқынуына себепкер болушы, ал тәуіп сауығудың жо-

лын көрсетуші және оны дәлелдеп беруші ғой. Сондықтан дәріні жеу-ішумен қатар, күтіну – дененің саулығына себепкер. Тағат қылмақтан ілімділік пайда болса, күнә істеуден сақтанып күтіну – ділдің саламаттығына себепкер болар. «Шуара» сүресінің 88–89-аятында: «Ол күнде мал дәулеті пайда бермес, Алла құзырына таза келген кісілерге ғана пайда берер» депті.

Төртінші негіз – бұл топтың өкілдері шарифат үкімдерін білмейтіндерден тұрады. Олардың айтуынша, шарифат үкімі ділден – шауһат пен ғазап ашуды және екіжүзділікті босату шарт дейді. Ал бұл сөздер дұрыс деуге болмайтын және орындалмайтын қиын үкім. Сипаттап айтсақ, олардың бұл сөздері қара киізді жуумен арту керек дегенге ұқсайды. Бұл болмайтын сөз, бұл білместік және ақымақтық деуге болады. Шарифат бұндай іске жарлық бермейді. Ал шарифатты жарлығы «шауһат пен азап ашуды – ақылдың тұсында тұтқын етіп ұстау керек» дейді. Шарифатқа ақылға басым болмасын және көсемдік жасамасын дейді. Ал пенде шарифатты әрдайым есінде сақтағаны ләзім және күнәкарлықтан сақтанғаны жөн. Сонда ғана Хақ Тағала кешірімді болар. Бұл істерді орындайтын мүмкіндігі бар. Көп адамдардың бұл мәртебеге қолы жеткен, Әзіреті Расул Акрам саллалаху алайхи саяям: «Адамдардың ойында ашу ғазабы, шауһат шабыты болмаса, қатын құрлы емес. Мен де адаммын, ашуланамын кейбір адамдар ашуланғаны сияқты» депті. Алла Тағала «Әл-и имран» сүресінің 137-аятында: «Сіздерден де ілгері көп жолдар – тәжірбиелер өткен. Ал жерді айналып жүріп, Алланың дінін жалған

дегендердің жаман салдарының қандай болатынын бір көріңдер» деп хабарлапты.

Алла тағала ашуын жұтушы, халықтың күнәсін кешірушіні мадақтапты. Тегінде ашусыздарды мадақтамапты.

Жиырма тоғызыншы тарау

ДҮНИЕНІҢ АҚИҚАТЫН ТАҢУ

Дүние – мезгіл сипаты. Адамдар – жолға шығулар, олардың жолдары Алла тағаланың кеңдігіне аттанады. Дүние базары – кең-байтақ, дала сахара жолдарымен шектесіп жатар. Тек мүсәпірлер ғана ол базардан керектілерін алады. Дүние мен ақырет екі түрлі қасиетімен ерешеленер. Өлгеннен кейінгі кезеңді ақырет дейді. Мақсат сол болар, бұл дүниеде ақыретке қажетті заттарды дайындап алу болар. Алла адамды әуелде жаратқанда өте қарапайым, көптеген кемшіліктермен жаратыпты. Солай болған күнде де уақыты жетіп, кемелденуне жағдай жасапты. Әзірет Хақ тағала өзінің кеңдігімен кемелдендіріпті, ол жарылқағандарына да жамалын көрсетушілерден. Адамның ең соңғы бақыт сағадаты да осы болар. Адам көрушілер қатарында бола алмас, қашан көңіл көзі ашылғанша, ішкі жан дүниесінің көзі ашылмай, Хақ тағаланың жамалын көре алмас. Сол сияқты, ілім-білімін де көре алмайды. Ал ілім-білім – Алла тағаланың дидарын көрудің кілті. Хақ тағаланың ғажайып жаратылысымен кемде-кем ұшырайтын күшіті құдіретін көрудің құлпын ашып берер.

Алла тағаланың жарату тәртібінің кілті бес сезім қалауында болар. Тән қалауы – адамдағы ажырамайтын қалыпты жағдай су мен топыраққа байланысты. Сондықтан су мен топыраққа түсіпті. Ал бұл ғаламнан керек-жарақты заттарын дайындап, өз жаратылысын тану мен қалау жолы өнерімен Алланы тану арқылы, Хақ тағала ілім – білімін бойына дарытар. Уақыты жетіп, қалау қасиетінен айрылса, ақыретке барғаны болар. Ал адамның дүниелік болмысының себебі осыларға сабақтасатыны баяндалады. Адамның дүниде болуы екі түрлі жағдайға қажетті. Бірі – діл. Ал діл талаптары – Хақ тағаланың ілім-біліміне құштарлығында. Таратыңқырап айтсақ, әр нәрсенің дәм-тұзы өз кезегінде қажетіне лайықты болар. Бұл жағдай жоғарыда баяндалды. Ділдің жойылуы себебі сол болар, Хақ тағаланың өзге нәрселермен достасуға бет бұрар болса, тәнді сақтау діл үшін қажет. Тән – пәни-өткінші, діл – мәңгі-бақи болар. Сонымен тән ділге, қажылардың түйесіне ұқсау деуге болады. Қажылар қажылық жолында сапарда жүргенде қажет болғандықтан, түйелерге су, пішен, басқа да жетіп жатса, ол бейнеттер естен шығып кетер. Ал түйелерді бағу, қажетті жағдайлардың бірі еді. Уақытымен әр қажетті жағдайларға көңіл бөлінбесе, керуен тобынан ажырап қалып, адасып опат болуы сөзсіз жағдай. Дәл осыған ұқсас, адам да денесін тәрбиелеуге көңіл бөліп қарамаса, қажетті қару жарақтарынан жұрдай болып, ақырет бақытынан мақрұм қалар. Дене – бұл дүниеде үш нәрсені қажет етпеуі мүмкін емес: жемек, кимек және мекен-жай. Ішпек-жемектік – тағат-ғибадат қылу

үшін қуат пайда қылар. Ал киім дененді сақтауға қажет, мекен-жай ыстық-суықтан сақтап, басыңа пана болар. Сонымен, адамға дүниеде бұлардан қажетті зәрулер кем болар. Бәлкім, дүниенің негізгі қажеттілері де осылар болар. Ал ділдің ең қажеттісі – Хақ тағаланың ілім-білімі болар. Егер бұдан айырылса, жоғалғаны деуге болады. Дегенмен, Хақ тағала адам денесіне шауһат құштарлығын пайда қылыпты, оның қалауы әрдайым тамақ ішпек-жемек, жеңіл, әдемі киінбек және үй салуды талап етер. Ал дене болса, рухының қызметкері қашан өлгенінше шауһатты бойында сақтар. Шариатты Пайғамбар Әлейһус салам сөздерімен жіберді. Шариаттың негізгі шарттарын сақтауға ықтияттық жасау қажет. Алайда бұл шауһат шабыты адам денесінде жас сәбилік шағында пайда болғандықтан, ақыл мен шарифатқа көсемдік жасады. Сондықтан адам да бар қымбатын тағам және киім, үй-жайға жұмсады.

Осымен сен дүние, ақырет ақиқатымен дүниелік талаптардың (қажеттіліктердің) бәрін таныдың. Енді дүниеде бұтақталуын және шүбәлі жерлерін танып ал.

Отызыншы тарау

ДҮНИЕГЕ БЕРІЛМЕКТИҢ ЗИЯНЫ

Уақытымен дүниенің жай жапсарына назар аударсаң үш нәрседен ғибраттануға болар. Біріншісі – жердің бетінде жаратылғандардың есепсіз көптігі. Бұларды жанды-жансыз деп те өсімдік, хайуанат деп те атап жатады. Жер-

ді мекен етіп, зиярат ету үшін жаратқан. Ал ондағы заттар – алтын, күміс, мыс, және темір – құрал сайман, басқа да заттарды жасау үшін қажеттілер. Ал жануарлар жемек, мінбек үшін қажет. Адамдардың жан ділдерін бұларға үйір қылыпты. Бірақ ділді дүниеге қызықтырмапты. Ол тәннің қабілеттілігін, дұрыс қызмет істеуін жолға қойып отырар. Ділді дүниеге қызықтыру мәселесінде неше түрлі сипаттар пайда болар, оның себебі тәннің өлуіне байланысты. Сонымен, бірге ашкөздік пен бақылдық, қастандық пен дұшпандық, басқа есепкерлер де баршылық. Денені дүние игіліктеріне дос еткеннен кейін діл өзін ұмытар және кейбірі бар қымбатын дүниеге сарп етер. Сол себептен дүниенің негізгі игілі үш нәрсаеден тұрады: тағам, киім, мекен-жай. Өнермен нашықтану адамға қажет. Олар да үшке бөлінеді: диқаншылық, тоқушылық, құрлысшылық. Бұлардың әрбірінің бұтақшалары бар. Мысалы, тоқушылық, шығырықшы және жіп иіруші, бұлардың ісіне де көмектесіп қажетті дәрежеге жеткізер. Сондықтан тоқушы және егін егушілердің түрлі аспап, құрал-саймандардың қажеттілігі болар. Ағаш, темір бұдан да басқа заттар қажет болар. Ал адам бар қажеттіліктерді бір өзі тауып, тауыса алмас. Басқаға қажеті түскен себебінен халықара қызметі пайда болар және әр кісі өз ақысына риза болмай, бір-біріне қастық жасар. Бұл жағдайдан да үш түрлі сипат пайда болар: бірі – салтанат пен саясат, біреуі – қазылық және бірі – өкімет. Бұлардан басқа діни қағида, жол жоралғы мен салтанат және саясат заңдарын халыққа жария етер. Осы істермен

дүниенің ой-қыры толықтанып, адамдар рухани бақыт сағадатын ұмытар. Бұл дүниенің асыл негізі үштіктен тұрмайды екен. Тағам, мекен-жай және киім бұлар тәнді сақтау үшін, ал тән – ділді сақтау үшін керек. Себебі, дене – ділдің қызметкері. Діл – Хақ тағалаға тән. Ал адам о дүниеге жалғыз кетумен бірге, өзін де және Хақ тағаланы да есінен шығарыпты. Сонымен қажылық ниетімен шыққан адамдар түйелерін семірітпекпен шұғылданып, керуеннен қалып кетіп өзін де, Қағбаны да есінен шығарғандықтан, адасып, қажы бола алмай, қор болған «Қажылардың» халіне ұқсар. Міне, дүниенің ақиқаты осында болар. Әр кісі өзін бұл дүниеде: мүсәпірлік жағдайда тұтпаса және қымбат дегенін ақыретке арнамаса, дүниенің уақ-түйегінен қолын үзе алмай, қызығына түсумен әуре болса, ол дүниенің негізгі асылын танымағаны болар. Бұл білместіктің себебін, Әзіреті расулі ақрам салалаху Әлейһи уассалам айтып кетіпті. Дүние Харут пен Маруттан да артығырақ (жәдігерлеу), одан азар болып шеттеген жөн. Уақыт өте дүниенің жәдігөйлігі мәлім болар. Оның мекерлігі мен адастырушы екенін білмек халықтың парызы болар. Енді дүниенің жәдігөйлігін бірнеше мысалдармен білдірейін.

Әуелгі мысал – дүниенің жадылығы сол болар, өзін саған екі ғаламда опа қылғандар қатарында көрсетер. Әрдайым сенімен бірге болғандай қалпын сақтар. Шын мәнінде олай емес. Бәлкім, дәйімі сенен ұзақтап қашуда болар. Бейопалылық, бейбақтығын аңғартар. Алайда астыртын әрекетінен опасыздық, қулық, сұмдығын саған білдірмес. Өзіңнің көлеңкеңе ұқсап жақындап, сая-

лағың келсе, сенен қаша берер. Бірақ жырақтап кеткені саған мәлім болмас. Ал өмірінде сенен қашатындардың бірі одан сенің хабарың болмас. Жақын да, жаны да сенімен бірге ұқсап көрінер. Және бір мысал, дүниенің сыйқырлығы сол – саған өзін дос көрсетер. Ал сен оған ғашық боларсың, саған сондай болып көрінер, тіпті, одан өткен әлемде сұлу жоққа ұқсар. Бірақ уақыты келгенде дұшпандығын аңғартып, сыртын көрсетуі де – лезде. Және бір мысалы, ол – жәдігөй немесе жәдігөй кемпірге ұқсар. Халықты өзіне ғашық етіп адастырар, үйіне кіргізіп, оп-оңай қолына түсіріп, жеңіске жетер. Иса Әлейһисалламнан қалған нақыл екен. «Қанша ой-пікірін жүргізіп, көзбен көріп, қолмен ұстап, дүниені сұлулар суретінде, өздерін тіпті білмейтін сипатты, сұлу жүз назды көзқарастарымен безендіре көрсетер. Бір сұлудан «неше ерің бар?» деп сұраған екен: Дүние көптігінен оның санының қанша екенін білмеймін депті. «Бұларды сен талақ еттің бе, жоқ өлтірдің бе?» дегенде айтқан екен: «Бәрін де өлтіргенмін, қалғандарын да өлтіруге дайынмын» депті. Иса Әлейһисалам айтыпты: «Таңым бар менің, ол – ақылсыздар, дүниенің қулық-сұмдығын көре-біле тұрып және соған бар ықыласымен ұмтылып, өзгелерден ғибрат алмайды» депті де: «Ей, Құдай тағала, сақтағын бізді дүниенің сыйқырынан» деген екен. Және бір мысал, тағы бір сиқыры көзіңе көрінгенді мейірімді және опалы сияқты жарқырата безендіріп көрсетер. Халыққа жеткізетін бәлелер мен бейнетті жасырып тасада ұстар, білімсіз надандар оның сырт-сыпайы көрінісіне сеніп, таңданар. Оның мысалы нағыз

сайқалдарға ұқсар, жүзіне перде жамылып, әсем киімдер киініп, безенген түрлі заттарды тағып алып, өзіне жасанды көркемдік беретіндер сияқты. Кімде-кім оны алыстан көрсе ғашық, болмауы мүмкін емес. Уақыты жетіп, оның пердесін сыпырса, боямалығы мағлұм болып, өкінішті жағдайға тап болар. Сенімді хабарларда дүниені, байлықты қиямет күні кейіпсіз, түсі жаман, аяр қатындарға ұқсатып қояр. Жүзі кір, лас, көзі көк, тістері ақсиып, аузынан шығып көрініп тұратын сұмырай суретімен халыққа көрсетер. Халайық оның аузынан шығатын сасықтарынан шошына жиреніп, бұл шерменделік пен рәсуалық қалпынан бойын тартып, шыдамсыздықпен шеттеуге мәжбүр болады екен. Періштелер айтады: «Бұл дүние сендердің жақсы көрген сұлуларың еді, бұның соңына түсіп, бір-бірлеріңе қастық қылып, нақақтан қанын төктіңдер, рақымсыздықпен қарындас-қауымдарыңды жұрдай қылып қапаландырдыңдар, бұған құмар болдыңдар».

Шын мәнінде, дүние сені тозаққа тастар. Дүниелік ақыл да жақсы көрген байлықтарыңа ілесіп, отхана мен асхананың – ошақтарына енер. Және бір мысал, адам өз әзәлдағысына жақсы есеп берсе, әзәлдің бұл дүниеде болғаны жоқ. Сол сияқты есеп берсек, атышулы абатшылық та бұл дүниеде болмапты. Байқағын, әзәл мен абатшылықтың арасында неше күн бұл дүниеде болды екен? Бұл дүниенің мысалы мүсәпірдің сапар қылатын жолына ұқсар, әуелі бесік болса, ақыры – көрдегі жай болар. Ал мұның расында неше санаулы уақыттар бар. Әр жыл – бір маусымды мезгіл. Әрбір сағат – бір қадамға ұқсас. Әрбір

ай – бір парсаңға ұқсар, «парсаң 6 шақырымға жуық». Әр күн – бір мильге «4000 қадамға» тең болар. Адам бұл сапарда дәйімі жүрумен әуре. Кейбірі маусымға жетер, кейбірі парсаңға кетер. Бұл дүниеде он жыл, я он күн болуың мәлім емес. Дүниелік ақыл ләззатын дүниеден көрер. Ал оның ренішін, расуалығын ақыретте көрер. Мұның мысалы сол бір кісінің халіне ұқсар – тағамның майлы тәттілерін мөлшерден асық жеп, оны асқазаны сіңіре алмай, күпті болғандарға ұқсар. Бұл кеселден көрген машақаты – жегенін желкесінен шығарып, ақыры үлкен өкінішке тап қылар. Сондықтан тағам тәтті болғанымен, оны сіңіру жағдайы сөтті бола бермес. Дүниенің ләззаты да әрдайым бойға тарап кете бермес. Бұл жағдай жан берер уақытта мәлім болар. Әрбір адамның бағы – бостандығы, құл-кәнизағы, алтын-күміс сияқты қазыналары көп бола қойсын. Дүниеден өтіп, жан берер уақытында онымен қоштасып, айырылысу жағдайы өте қиын болар. Дүниемен қоштасу – өлу – қиыншылық, ренжулерімен тынбас. Ол достық ділінің сипаты болар. Ділге – өлім жол таба алмас. Және бір мысал, дүниенің ісі адамдарға жеңіл де, қысқа да көрінер. Ал адамдар бұған күмәндана қарап, бұл іспен шұғылдану жағдайын ұзақтатқысы келер. Жақыны – сол бір істен мың іс пайда болар. Бар өмірі де сонымен тәмәм болар. Иса әлейху саллам айтқан екен: «Дүние іздеушілердің халі, Шор-Дария суынан ішушілердің халіне ұқсар, қанша ішсе, шөлдегені сонша өрши түсер, қашан өліп тынбайынша, шөлдегені басылмас». Әзіреті расуллі акрам саллалаху Әлейһі уасаллам айт-

қан екен: «Суға түскеннің құрғақ шығуға шарасы жоқ» деп. Дүниеге былғанған кісінің бұзылмауына лажы жоқ. Және бір мысал: бір адам дүниеге келіп, ержеткен соң кісіге ұқсап, бір атақты қонақ-үйге түсіпті. Ол қонақжайдың иесі қонақ түсетін сарайын жарқырата әсемдеп – бар жағдайларды жасап, алтын табақтарға түрлі тағамдарды салып дайындап, күміс табақтарға хош иісті сусындарды құйып, оқтың-оқтың қонақтарды аралап, ұша етін пісіртіп, бір-бір кесегін қонақтарға береді. Ол кісі ақылды еді. Қонақүй қожасының әдетін білетін. Берген тағамдарын рақаттана ішіп-жеп, жан жадыратар шербеттерінен шөлін қандырып, өз мекеніне қайтатын еді. Кейбір надан опасыздар кетер уақытында да сол дастарқандағылардан сүйгендерін үйіне алып кетеді деп күмәнданатын. Міне дүние мысалы – осыған ұқсас қонақ сарайы, мүсәпірлер бар жайып қойған қажеттілерін ішіп-жеп кете береді. Бірақ алып кетемін деп дәме қылмайды.

Және бір мысал, дүние-ай, ақылдың дүниеге қызығып, ақыретті ұмытуы – кемеге мініп, теңізде сапарға шығып, жазира шөл жиегіне жеткен қауымға ұқсайды. Жиекке шығып, табиғи қажеттіліктерін өтеп, дәрет алып келмек. Кемеші тысқа шыққандардың бір нәрсеге айналып кешігіп қалмауын ескертеді. Дәрет алудан басқа іске алданбауы керек. Өйткені кеме кешікпей жүріп кетеді. Сонымен, бір топ адамдар жазираға шығады. Ол топ тез дәрет алып, кемеге кіріп, таза ауалы жақсы жайға орналасады. Бір тобы, жазирадан ғажайып таң қалғандай әдемі құстардың даусын естіп, көз жауын алатындай

лағыл-маржан сияқты заттарды көремін деп кешігіп келіп, кемеден жақсы жай таба алмай, көңілсіз қараңғы жерге орналасады. Және бір тобы көргеніне қанағаттанбай, таңсық заттардан олжаланамын деп, тіпті кешігіп келіп, кемеден отыратын жай таппай қалады. Бұл топтағылардың реңі қашып, тапқан олжалары бойына тармай, қиын жағдайда қалып, ренжу азабын тартады. Бір тобы жазираның ғажайыптарын тамашалаумен кемеден ұзап кетеді. Кеме оларға қарамай, жүріп кетеді. Сол жазирада кейбіреуі шөлдеп өлсе, бағзыларын жыртқыш хайуандар жеп қояды. Сонымен, әуелгі топ – тәртіп сақтайтын момындардың мысалы деуге болады. Ақырғы топ тілге көнбейтін тәртіпсіз кәпірлердің мысалы. Өйткені өздерін Құдай тағала және ақыреттен хабарсыз етіп, бар ықыласын дүниебайлық, қызықшылыққа жұмылдырып, есіл-дерті дүние қамы болып, ділдері де дүние махаббатына байланғандардан. Нақыл сүресінің 107-аятында: «Дүниенің тіршілігін және достық махаббатын ақыреттің мәңгілік өмірінен артық көргендер» деп айтқандарға осы топтағылар жатады. Арадағы екі топ, момын жалпы пенделердің мысалы. Бұлар иман негізін саламат сақтағандар. Бірақ дүниеден қол жимағандар. Бағзылар байлығының көбеюімен көңілді, бағзылар ауыр тұрмыс жағдайында өмірі өтсе, кейбіреулер кезбеліктің киімін киіп, қиыншылықпен өмірін өткізеді.

Отыз бірінші тарау ДҮНИЕНІҢ АДАЛ ИГІЛІКТЕРІ

Нақақтан жамандауға әдеттенген өсекшілер – дүние шарабынан жаратылғандардан. Дүниедегі бар нәрсенің бәрі түптеп келгенде, жаман болып шығатынына күмәнданбағын. Бәлкім, жаратылысы дүниеге тән емес, дүниеде кейбір нәрселер бар шығар. Сондықтан да ілім және оны пайдаланып амал қылмақ – дүниелік болғанымен, түптеп келгенде, дүниелік болмай шығады. Ілім мен амал – адаммен бірге ақыретке баратындардан. Амал шын мәнінде өзі жолдас болса, оның әсері де жолдас болар. Амалдың әсері екі түрге бөлінеді. Әуелгі бөлігі – діл жауһарын пәк және сап таза сақтамақта. Күнә қылудан басқа да қолайсыз нашар істерден күтіне, сақтана білу керек. Екінші бөлігі – Хақ тағаланың айтқан сөздерімен бір пікірлес болу керек. Тағат және ғибадатқа бар ықыласымен кірісіп, оны бұлжыттай орындауымен асыл болар. Сонымен, ілім мен амал ең қажетті істер қатарына жатады. Ақыретте адаммен бірге болатындардан, сондықтан, Хақ тағала Құран Кәрімнің Қаһф сүресі 46-аятында: «Жақсы істер мәңгі-бақи қалар» депті. Сонымен, ілімнің ләззаты – ғибадат етіп сыйыну ләззаты. Хақ тағаланың сөздерімен бір пікірлес болып, оны жан-діліңмен қабыл алудың ләззаты – бар ләзаттардан артық та және ұлық та болар. Ілім мен амал дүниелік те, дүниелік емес те дедік. Ал ләзаттардың барлығы, оның мазмұны бола бермес. Бәлкім, кейбір ләзаттар дүниелік болмауы ықтимал. Ал біреулері дүниелікке тән бо-

лады да, өлгенінде ақыретке жолдас болып бірге бара алмас. Сондықтан қатын алмақ және тағат етуге қуат беруші азық, тамақ, киім-кешек, отан құрмақ, жыныс қатынасы – бірден-бір дүниелік қажеттіліктерге жатады. Ал бұларды қадір тұту, ақырет жолдарының шарттары болар. Дүниеден тиетін бұлардың үлесіне қанағат қылу керек. Кей-бір қарама-қайшылық болса да, бұлармен ақырет ісін үлкен талап-талпыныспен орнына келтіру керек. Бұл жолда болған адамдар ақылы дүние (есі-түсі дүниеге шығып кеткендер) қатарында болмас. Дүниенің мазмұндық мәртебесі сол болар. Дүниеден ақырет мақсатының нәтижесін табу болмаса, бәлкім өкінішке себеп болып, бұл ғаламда тұрақтап қалуға көңілін байлап және ақыретке жиіркенішпен қараса, бұл жағдайда болмақ жиіркенішті мазмұн болар. Осыған байланысты, Әзірет (С.Ә.У.) дүние лағынатталған (жиіркенішпен қаралған) және түрлі нәрселер дүниеде болар. Олар да лағынатталған. Егер Хақ тағаланың айтқаны мен сөздеріне сай болса, медет, көмек беретін нәрселер мақтауын тауып, жақсылығы баяндалады. Сонымен, бұл дүние мақсаты мен ақиқатын мұншалықты сөз етуімнің өзі жеткілікті шығар, қалғанын үшінші бөлімде баяндармын. Інші Алла тағала.

Отыз екінші тарау

АҚЫРЕТ АҚИҚАТЫН ТАҢУ

Біліп алғын, ақыреттің ақиқатын ешкім де тани алмас. Қашан өлім ақиқатын танығанша,

өлімнің ақиқатын білмес. Қашан тірлік ақиқатын танығанша, тірлік ақиқатын танымас. Қашан рухының ақиқатын білгенше, рухын тану ақиқаты, өз жаратылысын танумен байланысты екенін жоғарыда айтып өткенмін. Жоғарыда айтылғандай, адамның денесі қызметкерлерден ғой. Екі асылдың бірі – рухы, біреуі – дене болмысы. Ал рух – атты кісіге, дене болмысы – оның қызметкеріне ұқсар және бұл рухқа ақыретте қызметкер орындаушы ретінде, дене қалыбының қажеті болар. Және оған жұмақ пен тозақ та бар. Ол рух қалыбының ешқандай серік немесе өнімі болмай, өз затына да қажеті болмас. Онда тозақ пен жұмақ, бақыт пен бақытсыздық та бар. Бар игілік ләззаттары діл қалыбына сай пайда болмай, өздігінше пайда болар. Бұларға «Жұмақ рухани» деп ат қойдым. Ғалам және бақытсыздық, дене қалыбының орындаушысы болмастан, рухқа жетуін «От жалын руханиы» деп атадым. Бұларды «Жұмақ пен тозақ» деп атайды. Орындаушы қызметкер денемен бірге болар. Жалпыға мәлім жұмақта түрлі-түрлі дарақ, миуа, шербет, пәк таза шарап, әдемі сарай, хор қыздары, түрлі қажетті игіліктердің бәрі бар. Ал тозақ ішінде жыланшаян, от-жалын, көлеңкесіз, көріксіз ербиген алып дарақ, ысқырған ыстық самал және бұдан басқа да азаптаушы ғаламаттардың көп екені мәлім. Жұмақ пен тозақтың сипаты Құран хабарларында мәлімденген. Бәрін де пайымдайтындай етіп „Ихио” атты кітабымда өлім жайында айтылған сөзімде баяндағанмын. Бұл жерде өлім ақиқатын баяндамаймын. Рухы жұмақ және тозаққа ишарат жайынан айтпақпын. Бұларды әр адам біле

бермес. Осы жайында Хадиси құдсида хабар беріп: «Жақсы жолдағы пенделерім, жақсы жолдағы пенделерім үшін, бәрін де дайындап қойғанмын, оларды біреу көрмеген де, біреудің құлағы есітпеген де, олар ешкімнің де қаперіне келмеген де» дейді. Ал бұл дәулет пен игіліктер жұмақ руханида болмақ, ділдің ішкі жағынан, ғалами періште жағына қарай есік бар. Сол есіктен жоғарыда айтылған игіліктердің бәрі ешқандай шүбәсіз анық көрінер. Ол адамдарға жұмақ есігі ашық болар. Ақыреттің бақыты, шарапатының несібесі, өткір көз, сезімталдық – қасиетті нәтижесімен раушандалып, анық көрініп тұрар. Естіп, ғибраттанудың қажеті жоқ. Бәлкім, сондықтан да денеге тәуіптің бақыт әкелуі немесе бақытсыздық әкелуі мүмкін, оны саулық немесе кесел ауруы деп айтар. Саулықтың себебі, аздан өте тоя жемеу. Бір қалыпты мөлшермен жеу керек. Ал кеселденудің себебі, мөлшерден артық тоя жеудің себебінен болар. Осыған ұқсас тәжірибелерімен мәлім болуға тиіс. Ділге, яғни рухани адамға бақыт та, бақытсыздық та бар. Ғибадат пен мағрипат (ілім-білім) бақыттың дәруі, білімсіз надандық – бақыттың тосқауылы, у-захәәрі деуге болады. Сонымен, бұл ілім – ең бір ғазиз және теберік те. Ғұламалар бұл ілімді көп үйрене алмадық деп өкініште болар. Бәлкім, кейбіреулер ілімге іңкәр емес, тән алмайтындар болуы мүмкін. Жұмақ-тозақты қолымен ұстап, көріп, сезетін жанды дүние деп түсінер және ақыретті тану үшін есту, тыңдау, ғибраттану арқылы нақпа-нақты біле алмас.

Бұл сөздерді кең түрде талдауды „Ихио” атты

кітапта көптеген дәлелдермен баяндағанмын. Адамдар зерек және дана болып, ішкі жан дүниесін күнәдан таза ұстаса, бұл ілімге жол тауып ақырет діліне мықты және берік болар. Керісінше жағдайда, халықтың иманы ақыретке зағиб және сус болар (яғни ақыретке соқыр сеніммен бару деген сөз). Егер ақиқатты қаласаң, өлімнің әсерінен осыларды пайым қылғайсың адамда екі рух бары белгілі болды. Бірі – хайуани рухы, бірі – періште рухы жынысынан. Бұны адами немесе Инсани рухы деп атайды. Рух – хайуанидың мағынасы сол діл болар. Бұл деген – бір парша ет, адам кеудесінің сол жағына жайғастырылған. Рух – хайуани құрылыс шеберлерінің тілсіз сөздеріне ұқсас, хайуаннаттың ішкі жан-дүниесінен болар. Оның мінезі мен әдеттері тағат ғибатшылар сияқты. Рухани-хайуани – бұл бір рух. Яғни, зауарип атты тамырдың әрекет ықпалы мен көмейге және дененің қабат ағзаларына тарар. Рухы күш-қуат, қимыл-әрекеттерді көтеріп жүруші болар. Уақытымен бұл рухы тамыр мен көмейге жетсе, ыстығы көтеріліп, тағат-ғибатшыл болғысы келер. Көз сол рухтың қуатымен көре алар. Құлақ та соның ықпалымен ести алар. Бәлкім, жалпы сезімдердің бәрі де, сол рух деп қуаттанар. Сонымен, рух-хайуанның мысалы – шыраққа ұқсар. Шырақты қараңғы үйге қойса, қараңғылықты жарық етер. Осыған ұқсас, Әзіреті Хақ, нұрлы тағаланың құдіретімен рух хайуани денеде болмақпен бірге көру, есту және басқа да сезімдер арқылы қуатқа ие болар. Егер бағзы тамырға тоған байлап, рух-хайуани сөйілге шықса, ол түрлі іс-әрекеттерден қалып,

қураған шөлге айналар. Сонымен, рух-хайуани – шырақтың отына ұқсас, ал діл – пілігіне ұқсас. Сондықтан шырақта май болмаса, шырақ өшер. Осыған ұқсас адам ішіп-жемесе, хайуани-рух халі нашарлап, жеңіліске ұшырап, адам өлімге тап болады. Шырақтың пілтесі май талап еткен сияқты, хайуани-рухы да ішіп-жеуді талап етер. Сол сияқты шыраққа таяқ немесе тас тисе, ұшып түсер. Егер пілік пен майы орнында болса жанады. Осыған ұқсас адамға, хайуанға қатты зақым жетсе, оның себебінен өлер. Егер рух хайуанидың сипаты тағат-ғибадатта болған күнде де, рух-хайуани қуат пен сезім әрекеттерін Хақ нұрлы Алла тағаланың жол дәстүрімен, аспан періштелері – нұр сәулесі арқылы қабылдар. Уақытымен рухи-хайуани мінез сипатындағы ыстықтық үстемдігі, не болмаса суықтық қасіретінің көбеюі, басқа себептердің басымдығымен періштелер нұрын қабылдауға мүмкіндігі болмай қалар. Сол себептен айнадай анық, болса, барлық суреттерін қабыл қылар. Уақыты өтіп, шаң басса, қараңғы күңгірт тартса, ешқандай да суретті қабылдай алмас. Рух-хайуани періштелер нұрларын қабылдауға, бар қалыбымен ғибадатта болуы шарт. Уақыты жетіп рух-хайуани әдеті жоғалса, періштелер нұрларын қабылдай алмас, сезім әрекетінен де қалар. Сонымен, адам мен хайуандардың өлгені осылар болар. Бұл рух хайуани әдеттерін қатардан шығарып тастаудың себептерін іске асырушы, Алла тағала Махлұкатының мақлұғы оны «мәләкул мәуіт» деп атар, халайық содан біліп алар. Рух ақиқатын танымаған жағдайда хайуанат өлгенінің

мағынасы осы болар. Жалпы адамның өлуі және бір себеппен болар. Өйткені адамда рух-хайуани бар ғой. Және бір рух бар екен. Оны рухи адами деп атағанбыз. Және оған діл деп ат қойдық. Өткен тараулардың кейбіреулерінде баяндаған болатынбыз. Алайда, рух-адами – рухи-хайуанидан емес. Рухи-адами жасайды, яғни дене емес. Сондықтан тағдырды қабылдамайды. Хақ тағаланың ілім-білім мағrupаты рухи-адамида қарар табар. Хақ тағала жеке дара болғандықтан, ілім үлесін қабыл қылмас. Даралардың мағripат ілімі де жеке болмақ. Ілім үлесін қабылдас. Хақ тағаланың мағripаты ілім үлесі өзінде ғана қарар табар. Сонымен пілік, шырақ оты, нұр шырақ, бұл үшеуін байқап көргін: пілік – ділдің мысалы, шырақ оты – рухани-хайуанидың мысалы, шырақ нұры – рухи-адамидың мысалы. Сондықтан шырақтың нұры, шырақ отынан абзалырақ. Оған анықтаманың керегі болмас. Рухи-адами да осыған ұқсас – рухи-хайуаннан артығырақ үлес тарату оған жол таппас. Бұл мысал рухи-адамидың маңызы мен нәзіктігіне назар салмақпен анықталар. Және бір себеппен, бұл мысал анық дәлелденбес. Шырақтың нұры шыраққа бағынышты және оның шашыраған шапағаты бұтақ тармағы сияқты. Уақыты келіп, оның әсілі, негізі жоқ болса, одан тарайтын нұры да жоқ болар. Сонымен, рух-адами, рух-хайуаниға тәуелді емес. Анығы рух-адами жоқ болмас, бәлкім, мұны қаласаң иман нұрын жоғары етерсің, шырақтың нұрынан жақсырақ болсын десе, шырақтың бір жағы ол нұрмен болғай. Ол уақытта бұл мысал дұрыс келер. Ал рухи-хай-

уани – рухи-адамидің қызметкері сипатты. Уақыты жетіп, рухи-хайуани жоқ болса, өлсе – солай болмақ. Онда бәрібір рухи-адами өз жайында қалар. Бірақ қызметкерсіз әлсіздікте болар. Ал қызметкердің өлуі, хал-жағдайын нашарлатқанымен, атқа мінерлері де түгелдей жоқ болмас. Сонымен, рухи-хайуани, рухи-адамиға куш-куат беретіндерден екен. Хақ нұрлы Алла тағала, мағрипат ілім-білімін көсем басшы еткей! Егер мағрипат көсемін қолға берсе, хал жағдай және қызметкерлері жоқ болмағы, рухи-адамиға жақсылық болған артықшылықтан құтылар. Бұл жайында Әзіреті расул акрам: «Өлім – болмысқа сауға да тартуда» депті. Сонымен, кісі әрбір демін сайдтік үшін (көсемдік үшін) сақтар. Уақытымен сайдтік қолға келсе, демінің таусылып, жоқ болуын ғанибет деп білер. Егер Алла тағаладан пана тілемек, сайдтік қолға келместен, ілгері (бұрын), бұл жағдайға сай қызметі болмаса, оның қасіреті мен күнәсіне шек жоқ. Бұл ғалам қасірет-азабы қабірінің алғашқысы болар.

Отыз үшінші тарау

АДАМИ РУХТЫҢ АҚИҚАТЫ

Осы кезден біліп алғын, хайуани-рух – бұл ғаламдық төменгі дәрежедегі тән түзілісі болар. Шығыт тастындылары төртке бөлінеді: олар – су, от, топырақ, жел-ауа және әуестену әдеті (яғни қалауы) сол сияқты қан, қақырық, запыран, жалқық. Сонымен су, от, топырақ, жел және қалау қалпы қызығу, әуестену әдеті, әр түрлі де, бір-бірімен

сабақтас болмақта. Ыстықтық пен суықтық, ылғалдық пен құрғақтық, мығдарлық өлшемінің ара-қатынасы тәуіп, дәрігерлік іліміне қажет болады. Бұл төртеуінің орта дәрежедегі ара қатынасы ыстық және суық, құрғақтық пен ылғалдылық тең түсуі – орташа, жағымды делінеді. Орташа ұстамақпен хайуани-рух қалыбын (сипатын) сақтай білу керек. Бұл адами-рухқа қызмет етіп, күш-куат беретіндерден болар. Сонымен, адами-рух, бұл ғалам сапындағылардан емес. Бәлкім, жоғарғы ұлық, ғалам періштелер жауһарынан болар. Бұл ғалам да рухы тән шахарында ғаріп-мүсәпірлерден, бірақ бұл адами-рухқа ғаріптік себебінен ақырет сапарына қажетті заттарын дайындап берер. Сол себептен де Хақ тағала Бахара сүресінің 38-аятында, 71–72-аяттарында: «Бұл – ақиқат, адамды топырақтан халық етіп жаратқан мен боламын. Уақытында дайындап адам жасайтын, адам денесіне өз рухымды пайда қылдым» дейді. Міне, бұл аяттарда екі рухтың бар екендігіне ишарат бар. Біреуін алғаш, яғни лайға қарығанда пайда қылыпты. Және оның жаратылыс қалыбына бұл ғибаратпен бірге жақсы хабар жіберіп, оны шын мәнінде, жан-жақты дайындадым депті. Міне, қалыпқа түсіру деген осы болар. Одан кейін рухиды өзіме тән дейді. Бұның мысалы сол болар. Бір парша матаға от тұтатпақшы болсаң, әуелі ол матаны отты қабылдауға жақсылап дайындау қажет, одан кейін матаны отқа жақын келтіріп үрлер, содан кейін ғана от тұтанар. Хайуани-рухқа да сипат қалыбы қажет, және тәуіп-дәрігерлік ілімінде ол рухидың қажеттілігін біледі. Осы жол-

мен аурудың алдын алып, өлім қаупінен аман сақтайды. Осыған ұқсас адами-рухтың ақиқаты діл болар. Оның да қалыбы бар. Жақсы ғибадат және ұқыптылықпен шариат жолы арқылы оны білуге болады. Өйткені, шариат адами-рухды бір қалыпта сақтар. Оның саулығына себеп болар. Бұдан кейін мұсылмандықтың ұлық дәрежесін баяндаймын. Кісілер ақиқатында адами-рухты білмесе, ақыретті де зеректік парасатымен тани алмас. Хақ тағаланы танымақ та мүмкін емес. Өз жаратылысын танымақ – ақыретті танымақтың кілті болар. Діннің негіз әсілі – иман келтіріп, Алланы тану мен ақыретті тану болар. Осы тұрғыдан алғанда бұл ілімді жан-жақты талдадым. Жалпы адами-рух ұлықтығының бір сырын баян еткенім жоқ. Себебі оны баяндауға рұқсат жоқ. Ол ешбір жанның да пайымына сыя бермес. Хақ тағаланы танымақ және ақыретті танымақ – бәрі осы бір әсілге байланып қойылған. Қиыншылықта, оны жеңу қайратының тарихымен ғана ол әсілді білерсің. Егер біреуден естісең оны қолға түсіріп, тұта алмассың. Ал халық Алла тағаланың өлшеусіз бұл сипатын аңғарған-ды, бірақ сене берме. Бұл сипат адам болмысында бар екеніне қалай сенесің? Бәлкім, ол сипат Хақ тағаладағы жаратылыста бар екеніне аят, хадистен айдан анық дәлел жоқ болар. Пайым ақылына сыймаған сөзді, халық естумен ғана іңкәр болар деп Пайғамбар Әлейһумус салам: «Адамға ақыл және пайымына сыятын сөзді айтыңдар» депті. Әнбиелердің кейбіреулеріне уақи хабар келіпті: «Сипаттарымнан халайықтың пайымына сыймайтынын баяндамаңдар. Тек

пайымы жететінін ғана айтыңдар, егер пайымы жетпей іңкәр болса, өздеріне зиян болар”.

Отыз төртінші тарау

РУХТЫҢ МӘҢГІ-БАҚИЛЫҒЫ

Шындығына келгенде, адами-рух – қалыпсыз, өз затында – мәңгі-бақилық. Өз затының жөн-жоба, діл сипаттарының қалыбын айту қажетсіз. Өлім – ақиқат рухын набыт қыла алмас. Бәлкім, өлгеннің мәнісі – адами-рухты қолына алудың әрекеті болар. Өлу, өлгеннен соң тірілу, мәңгі ұйқының мағынасы ол емес. Рухының өлгеннен соң тірілетініндігі болар. Бәлкім, мағынасы сол болар, рухын қалыбына келтірер. Бұл мән арқылы набыт болған денені жан-жақты дайындап, рухының қолына берер. Сондықтан әуелгіде де бұл сияқты жағдай жасаған болатын. Мүмкін алғашқысынан оңайлау болар. Ілгеріде де рух қалыбы айқындаған еді. Ұйқыдағы кезінде рух мәңгі-бақи, ол қалыбының дәрменсіз әлсіздігі де мәңгі-бақи болар.

Отыз бесінші тарау

ДЕНЕ ЖӘНЕ РУХ

Жолдары белгілі бұл мәндегі діл ілімділерінің арасында адамның өлімімен бірге, рухы да жоқ болады дегендер табылар. Тек одан кейін қайтадан денеге келтірер дегендер де болар. Бұл қаулы – теріс қаулы, әр кісі біреудің сөзімен амал

қылса, құры алақан болар. Сонымен, кісі бұл жолға бара қойсын, ақылдың ішкі көрінісі емес, сыртқы көрінісі деуге де жарамас. Егер ақылдың ішкі көрінісінен хабары болса білер еді, дененің өлмегі – рух ақиқатын набыт қыла алмас. Егер ақылдың сырт көрінісі болса, аят пен хадис мазмұнымен білер еді.

Адам өлгеннен кейін рух екіге бөлінер: бақыттылар, бақытсыздар рухы деп аталады. Бақыттылар рухы жөнінде Құранның Әл-и Имран» сүресінің 169–170-аятында: «Ол тайпалар Хақ жолында өліпті, өлік күмәнданбағын, бәлкім, олар Хақ Тағаланың өз пәзіл-кәрәмінен сый еткен игіліктерінен аямастан, мархабат етіп берген түрлі нәрселерінен шад-шадыман көңілденген болар». Алайда, кәпірлер оның сыбайластары жөнінде, Әзіреті расуллі акрам (С.Ә.У.) Бадр шайқасында өлтірілген кәпірлерді жинатып, бір құдыққа тастатты. Әзіреті расуллі Әлейһихус салам ол құдықтың басына барып, кәпірлердің әрбірінің атын атап айқайлап: «Ей, пәленше, уәде бойынша, Құдай тағала дұшпандарға қаһар ашуын төгіп, жаза беруді біздерге тапсырып еді. Бәрін де шын мәнінде орындап шықтық. Құдай тағала ол уәделерін ақырына жеткізді және сіздерге де өлгеннен кейін азап қинауға саламын деген уәделерінің ақиқат екенін көрдіндер ме?» деген екен. Сахабалар: «Я, Расулилла, бұл мүрде өлік қой, өлілер де сөзді есітеді ме?» – дегенде, Әзіреті Пайғамбар (С.Ә.У.): «Қасам етемін, Құдайдың атымен, Мұхаммедтің жаны – оның құдіретті қолында. Өліктер, сіздерден есіткіштеу, бірақ жауап беру қасиетінен айрылған» депті. Әрбір адам өліктермен тамырлас

болған хадистер және ақпарлардан хабардар болса, соншалықты ақыл, қайғы-қасіретінен хабардар болмағы және зиярат қылғанды және ғаламда болып жатқан жағдайлардың бәрінен де хабары болар. Сонымен, сенімді хабарларға қарағанда, рухының жоғалуына ешқандай негіз жоқ. Бәлкім, сипат уақыт жоқ болар. Сондықтан, хадисте келтірілгендей, қабір – адам рухы жасайтын ғар (үңгір) және ол – тозақтың ғарларынан, жұмақтың бау-бақшаларынан болар.

Өлумен бірге, өз затыңнан және затыңа ұқсас тиісті сипаттардан ешқайсысы жоқ болмайды. Бірақ қалау сезімдерінен: әрекет, тағлым, тәбет, кемей мен ағзалар мақсаты бір еді. Өлген соң бұлар жоқ болар. Дүние ләззатынан бөлектенерсің (оңаша, жеке қаларсың). Сондықтан адам денесі қызметкерге ұқсар. Кісінің аты өлсе, жаяу қалар. Ал кісі білімсіз болса, данышпан болмас. Егер көр болса, құрылыс үй-жайларды, түрлі өрнектерді көре алмас, керісінше де солай болар. Атсыздар жаяу қалар, сонымен дене қызметкердің де рухы атқа мінер. Рухы бар қажетті заттардан өзін аулақ ұстап, Хақ тағаланың айтқандарының ағысына ғарық болып шомған күйінде, бір пікірлестікті табандылықпен алып барса, сонда ғана сопылық жолының даңғылына түсер. Ол жолдың талап-талғамы осындай болар. Ақырет ахуалын көре білуге талпынар. Өзгелерге өлгеннен кейін мәлім болатын нәрселерді, болған, көрген нәрселердің бәрі де есте қала бермес. Бірақ әсері мәңгі-бақи қалар. Жұмақты оған көрсеткен болса, рух рақат және шаттықта болар. Ол кісіге көңіл шаттығы нәсіп болар. Егер оған тозақтың белгілерін көрсетсе, азап-

қиыншылыққа тап болар. Ал көрген оқиғалары жадында болса, әңгімелеп берер. Сондықтан айтылған нақыл бар екен. Әзіреті расуллі акрам (С.Ә.У.) намазда тұрып, қолдарын созған екен. Намаздан кейін сахабалары арыз айтып: «Ей, Расулилла, не себептен намазда тұрғанда мүбәрәк қолыңызды ұзаттыңыз» дейді. Расулилла (С.Ә.У.) айтыпты: «Жұмақтан бір бас әдемі піскен жүзімді алғын деп, бұл дүниеге келтіруді жөн көріп, қолымды созғанымда, кенеттен ғайып болды» депті. Ал сен, жұмақ игілігін бұл ғаламға келтіруге болмас па еді деп күмәнданбағын. Жұмақтың игілігін бұл ғаламға келтіруге болар еді. Егер Әзіреті Расулла (С.Ә.У.) келтіремін десе, келтірер еді. Оның қажет, қажет еместігін әңгімелеу ұзақ. Бұл кітабымыздың көлеміне сыймайды. Әзіреті расул Әлейһисалам жұмақтың ахуалын Жәбрейіл Әлейһисаламнан есту арқылы баян қылады дейді. Әзіреті расуллі акрам (С.Ә.У.) жұмақты өздері көріп баяндағаннан. Жұмақ ақиқатын бұл ғаламнан көрген жоқ. Өзі бұл ғаламнан ғайып болып, ол ғаламға барып көрді. Бұл жағдай Расуллі акрам (С.Ә.У.) бір уақытта Миғражға барғаны дәлел болар. Сонымен қатар, ғайып болу екі жағдайда пайда болар. Бірі – хайуани-рухтың өлуіне байланысты, бірі – адами-рухтың сейіл қылуына байланысты. Алайда жұмақты бұл ғаламда көруге болмас. Сондықтан жеті қат аспан, жеті қабат жер бір пісте шопағына сыймас. Осыған ұқсас, жұмақ та бұл ғаламға сыймас. Адамидың бұл ғаламдағы қалауы, әуестік сезімі – жұмақты көрмекке тағат келтіре алмас. Ал ол ғаламның қалау-әуестік сезімі – өзгеше болар.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

«ЕЙ, ПЕРЗЕНТІМ...»

Тағы бір айтатын мәселе, Алланың жақсылық, мархабаты мол, мейірім-шапағаты өлшеусіз деп халықты адастырып қоймағын!

Жүз жыл білім үйреніп, мың кітапты оқып шықсаң да, ондағы айтылғандарды іске асырмасаң, Алланың мейірім-шапағатынан үміт етуге хақың жоқ.

Өлгеннен соң халім мүшкіл болмасын десең, бүгін ойлан!

Бірінші тарау

ІЛІМ ЖӘНЕ ОНЫ ІСКЕ ҚОСУ

(Тараудың алғы сөзі)

Ей, перзент, сақ болғын, Расулилланың үмбеттеріне айтқан ақылдарының бірінде: «Алла тағала пендесін өз кеңдігінен жырақ ұстауының себебі – ол пенденің ақыретте пайда бермейтін істермен шұғылдануынан болар. Ол кісі өмірінің титімдей болса да бір сәтін босқа өткізсе, соның өзі қиямет күні өкінішті жай. Бір адамның өмірі қырық жастан өтсе, жақсы істері жаманынан артық болмаса, бұл кісі де жаһанға дайындық жасай берсін» депті. Осы бір хадисте ақыл ілімін қастерлейтін ұлық ғибрат бар. Ей, перзент, насихат айтпақ оңай. Алайда оны қабыл ету қиын екен. Кейде насихат айту көңіл талабына сай келгенмен, істі атқарушы кісінің табиғатына сай келмеуі ықтимал. Оның себебі, шариғатта жаратпай тасталған нәрселер. Сол бір сәтте ол кісінің көңіліне мақұл келіп, оны қолынан шығарып тастағысы келмейді. Ақиқатында, сондай кісілерге кәләм, шарип, басқа да қисынды ойлау ілімінің талабынан тыс айналып, заң ілімімен керегінен артық шұғылданып, көңілі қалаған дүние істеріне ес-түсі бүтіндей ауып кетеді. Бұларға да насихат айту өте ауырға айналады. Өйткені олар: «Бұл жеке іліміміз Алланы разы қылуға және жаһаннамнан құтылуға пайдасы болар» деген күмәнді пайымдауларға берілгендер. Және ілім болғанымен де іске қажетті жоқ деген ұғымға сай іс істейтіндерден. Осы сияқтылардың өзімен ғана қанағаттанып, істерін

істеп жүргендер баршылық. Мұндай кісілер шариғатты құрметтеген болып, олар ілімі бола тұрып амалға аспаса да бұл сияқты жайттан пайда жоқтығын білмейтіндерден. Қабыл етіп, оқып үйреніп, оны іске асырмай тастаған адамдардың қиямет күніндегі азабы екі есе артық болар. Расулилла (С.Э.У.): «Оқыған ілімі пайда бермеген ғалымның қияметтегі азабы қатты болар» депті. Айтылып келе жатқан дерекке қарағанда, Жұнайт Бағдади дүниеден өткен соң, бір кісі түсінде ол бір қасиетті ғазизден сұраған екен: «Ей, Абул Қасым халіңіз қалай?» деп. Сонда ол: «Оқылған ілімдер бекер болды. «Оны істе, бұны істемеге» ұқсаған нәрселер жоқ болды. Тек түнде тұрып оқыған намаздар ғана пайдаға қалды» депті.

Ей, перзент ісінде амалсыз болма,
Сопылардың сөзінен хабарсыз болма.

Іске асырылмаған ілім ешқашан пайда бермейді. Мәселен, бір кісі шөлде жалғыз қалды делік. Оның он бірдей үнді қылышы және басқа да құралдары бар болсын, өзі де мықтылардан бола қойсын. Кенеттен бір жолбарыс оған қарсы шабуылға шықса, сол құралдарының өзі апаттан сақтай ала ма? Жоқ әлбетте, оны өз қолымен қайратын іске қосқанда ғана, апаттан аман сақтап қалады.

Құрылысшы бір кісі жүз мың мәселені оқып-үйреніп, оны басқаларға үйретсе, ал өзі оны біле тұрып, амал қылмаса, іске асырмаса, мұнда өзіне келетін не пайда бар? Айтайық, бір адамның ыстығы асып, запыранды дертке жолықса, оның емі – „Сканжабин” – запыран айдайтын дәрі бо-

лар. Кеселденген сол дәріні тауып ішіп, іске асыр-маса, оның ахуалы дұрыс болмас.

Екі мың қадақ шарапты шөлмекке өлшеп құйсаң да,
Мас болмайсың ішпесең, жан-жағыңа қойсаң да.

Мысалы: Жүз жыл ілім үйреніп, мың кітапты оқып шықсаң да, ондағы айтылғандарды іске асырмасаң, Алланың мейірім-шапағатынан үміт етуге хақың жоқ. Бұл сияқтыларды Алла тағала Құран Кәрімде: «Адам әр уақытта істеген істерінің нәтижесінде пайда көрер. Кімде-кімнің Алла тағаланың жамалын көруден үміті болса, жақсы істерді істесін. Уақытында істеген жақсы істері – өзіне жақсы сый, жаман істері өзіне жаман жаза болып қайтады. Көптеген кісілер иман келтіріп, тура, таза жолменен жүрер. Оларға жаратқан ие Фирдауси жұмағын мекен етер» депті.

Ей, перзент, бұл хадиске не дейсің? Ислам бес амалмен жүзеге шығып, іске асады: *біріншісі* – Құданың жеке даралығы, Мұхаммедтің Пайғамбарлығына сену, иман келтіру; *екіншісі* – бес уақыт намазды орындау; *үшіншісі* – зекет беру; *төртіншісі* – рамазан айында ораза тұту; *бесіншісі* – шамасы келсе адам өмірінде бір рет қажылыққа зиярат ету.

Осы бес амалдың алғашқысы иман жөнінде. Иман – Пайғамбардың айтып кеткен үкімдерін тілмен айтып, ділмен тастықтап, жан-тәніңмен оны амалға асыруында. Керекті, пайдалы амалдар үшін есепсіз амалдар көп. Бірақ пендесі жалғыз Алла тағалаға тағат ғибадат қылады. Сонда ғана жаратқанның жарылқауымен жұмақтан жай алуға қолы жетеді. Өйткені, тек ізгі істерді істеумен

ғана Алланың мейір-шапағатына лайықты болар. Егер сұрау беріп: «Жалғыз иманмен кісі жұмаққа бара ала ма?» десе: «Бара алады» дейміз. Бірақ иманмен жұмаққа жеткенше пенденің алдында көптеген тар жол, тайғақ кешулі асулар бар. Осы асуларды асып өтпей, жұмаққа жетудің мүмкіндігі жоқ, ол асулардың ең әуелгі және қатерлісі «Иман тауы» болар. Әр пенде өмірінде иманын шайтанның қармағынан сау-саламат жеткізе ала ма, жоқ па – әңгіменің бар түйіні осында жатыр. Осы қиын істердің үдесінен шығуға күші жеткенде ғана, жалғыз иман мен жұмақтан жай алуы ықтимал. Қасан Басири Рахматтула Әлейһи: «Ертеңгі қиямет күнінде Алла тағала пенделеріне, ей, пенделерім тек менің рақым шапағатыммен жұмаққа кіріңдер де істеген істеріңе жараса, үлестеріңді алыңдар» деп жазыпты. Сол айтылғандай, жақсы істері жоқ адамдар, жаратушы Алланың беретін үлестерінен құры алақан қалады екен. Ей, перзент, ықтият бол, амал қылмасаң сауап таппайсың!

ХИКАЯТ Бани Исраиыл халқынан бір кісі жетпіс жыл Құдайға тағат-ғибадат етеді. Құдай бұл кісінің ахуалын періштелерге білдіруді жөн көріп, бір періштені оның құзырына жолдайды да: «Барып айтқын, сонша ғибадатымен ол пенде менің жарылқауыма лайық емес дегін» дейді. Алланың бұл сөзін қалт жібермей, ол пендеге жеткізеді. Сонда ол пенде жауап береді: «Біз ғибадат үшін жаратылдық, ғибадат ету біздерге міндет» депті. Періште Алланың құзырына қайтып келіп: «Я Алла, ол пенденің не дегені өзің аян» деді.

Сонда Алла айтыпты: «Ол пендем маған ғи-

бадат етуден бетін қайтармады. Енді мен де оны жарылқаудан жүз үйірмегенім болсын. Ей, періштелерім, куә болыңдар, мен оны марапаттап жарылқадым» депті. Міне, көрдің, бұл кісі тек ғибадатпен Алланың ризалығына лайықты болыпты.

ХАДИС. Мұхаммед (С.Ә.У.) айтқан екен: «Қияметтің сұрауларынан бұрын, өзіңе-өзің есеп беріп тұрғын. Алла қиямет таразысына тартуға қоймастан бұрын, өз істеген іс-амалдарыңыздың салмағын өлшеп жүріңіздер» деп.

Али Карамулла құрмет иесі айтыпты: «Кімдекім бір жақсы амалға әрекет қылмастан, жұмаққа кіремін деп үміт қылса, ол жақсы кәсіпсіз Алладан тілеушілер қатарында (яғни бір кәсіпті үйренбестен алдын, білгір кәсіпкерлердің ісін атқарамын дейтіндерден). Өз әлін білмей, өзге жақсы іс істегендермен бірге жұмақтан жәй аламын дегендер де өзін қиыншылыққа қалдырар». Қасан Басри Рахматулла: «Амалсыз, яғни жақсы істеріңсіз жұмақты талап етпек – күнәкарлық» депті. Және бір сөзінде: «Амалға сеніп, оған сүйеніп те қалма. Амалды жоққа шығарып, одан жүз үйіруші де болма, тек сонда ғана, жұмақтан орын алуға лайықты боларсың» депті. Мұхаммед Әлейһисалам айтқан екен: «Ақылды кісі деп соны айтамыз. Егер, оның ақылы нәпсісінен басым келсе және өлгеннен кейін тірілуді біліп, жақсы істің амалдарын іске асырар. Ал ақымақ кісі, сол кісі болар, нәпсінің қалауына ілесіп және жаратқанның жарылқауынан үміттенетін жандар» деп. Ей, перзент, ықтият бол, түнімен кітап оқып, ұйқыңды арам қылдың. Мұндағы

мақсат не? Егер ниетің – дүниелік абырой-атақ алу, мүлік жинау, я бұл фәни дүниеде бірден-бір мансап – лауазымға ие болу, немесе жақындарың мен теңдестеріңнің арасында мақтану болса, онда шама-шарқыңа болайын! Егер мақсатың – Рәсулилла шариаттарын тірілдірмек немесе мінез-құлқыңды тазаламақ, пәктеу арқылы жамандыққа бұйырушы нәпсінің мойнын сындырмақ болса, онда саған екі дүниеде де ғазиз бақыт орнасын! Ақындар айтқан екен:

Көзім хақтан басқаны ойлап, ұйықтамауы бекер дүр,
Көзім хақтан басқаны іздеп, жылауы да қате дүр.

Жыламақ, тек Алла үшін ғана болмағы шарт. Ей, перзент, Алланың әмірімен бұл дүниеге қанша қаласаң, сонша жасағын, бәрібір адал ақиқаты сол, сен оны бір күні тастап кетесің. Өлгеннен соң халім мүшкіл болмасын десең, бүгін ойлан! Нені қаласаң, соны өзіңе дос тұт! Бірақ, бәрібір одан ажырасасың. Не істі амал қылсаң, қалауың да, істеген ісіңе қарай тағдырың да – солай болар. Жақсы амал – жақсы ісіңе жақсы үкім, жаман ісің – жаман үкім. Ей, перзент, қисын және қарама-қайшылық жайында ілімдердің саған пайдасы шамалы. Ақыретте пайда бермейтін бұл сияқты дүниелік ілімдермен шұғылданып, Алла алдында күнәкар болып, өміріңді зая өткізесің.

Ұлық иесі Алланың құрметімен Иса Әлейһи саламнан түскен Інжілден көрдім. Мүрдені жаназа уақытынан қабір басына жеткізгенше, Алла одан өзінің ұлылығымен қырық сұрау береді екен. Алғашқы сауалы: «Ей, пендем, сен неше жыл бойы пенделердің көзі түсетін жерлеріңді таза-

лап, пәктеп жүрдің ғой, ал менің назарым түсетін жерлерді неге бірде-бір рет таза сақтап жүрмедің! Мен болсам, ол жағдайдан үміт етіп, күн сайын саған қарайлаудамын. Ей, пендем, адам киіміне оранып алып, менен басқаларға не істеп, не істемедің, халің бұл екен, менен басқаның ықпалынан пайдаланып, бір сәт те болса, демалудың өзі саған лайық емес еді. Сөйле, жоқ әлде сөзді естімейтін саңыраумысың?!» дейді екен.

Ей, перзент, сақ болғын, іске аспайтын амалсыз ілім – делбеліктен басқа ештеңе де емес. Бірақ ілімсіз амал да ешқандай пайда келтірмейді. Соны білгін де есіңнен шығарма. Әр қандай ілім болса да бұл дүниеде күнәдан аулақтатып тағат-ғибадатқа ықпал етпесе, ондай ілім қиямет күні сені жаһаннамнан қайтара алмас. Бұндай ілімнен сақтан!

Егер сен бүгінге дейін және бұдан кейін де істеген істеріңе амал қылып өткізген және өткізбеген күндеріңді есіңе келтіріп, есепке алмасаң қиямет күні әрқашан да: «Біздерді фәни дүниеге қайтар, енді туралыққа негізделген жақсы жолды амал қыламыз» дегенінде, саған: «Ей, ақымақ, өзің ғой сол бір дүниеден келген және не дейсің?» деп жауап береді.

Ей, перзент, рухыңа құрмет қыл, нәпсіңе сыннықтықты қарсы қоя біл. Тән үкіміне өктемдік етіп өлтіре біл. Рух деген ұлық нәрсе, ол кілең жақсы амалдарды қалайды. Соны білгін де жақсы іс, жақсы амалдарды істе. Нәпсің бұйырған істерді істесең, ақыры бір күні жеңілерсің – нәпсіңді тый, оны сындыра біл. Тәніңнің талабына

ерік берсең, ол семіріп кетеді де ғибадат ету мәселесі қиындай түседі. Сондықтан әрі тәніңді бағындырып (арықтатып) ғибадат етуге жеңіл болғын. Түптеп келгенде, баратын жерің – қабір Ол қабір қай күні, қай сағатта баратыныңды күтіп тұрады. Сен болсаң, олар алдын сауығасыз, яғни жақсы ғибадатсыз барудан сақтанғын. Сенен қабір де ренжімесін.

Абу Бәкір Сыддық разиялла анху: «Бұл дене – құстардың қапасы және жабайы хайуандарды қамайтын ағылқана. Ал сен ойлан, осы екеуінің қайсысына лайықтысың. Егер жоғарыда аспандап ұшатын құстар қатарынан болсаң, яғни ізгі ниетті ғибадатты кісілер тобынан болсаң, Алла тарабынан келетін «Ей, пәк, жаратылған» деген хабарды естіп, жоғарыға қарай ұшқайсың. Сен жұмақтың ұлы дәрежелі жайларын құшарсың!»

Бір себеп болып Расулилла саллаллаха Әлейһи уассалам айтқан екен: «Неліктен Сайд ибн Муаз ғаламнан өткен күні Алланың ғаршысына келелді? Әйтеуір, оның иәк тәнінен шыққан пәк рухы ғарыш Аллаға көтерілген еді. Алайда, Алланың өзі сақтасын. Бұл жағдай екінші тайпадағыларға нәсіп болмады. Өйткені, Алланың өзі хабар беріп: «Бұл имансыздар хайуандар сияқты, тіпті, хайуандардан да артық адасқандардан-ды» депті. Бұл халде оларға, дүниеден тура жаһаннамға барып түсуден басқа жол қалмаған еді. Айтылған деректерге қарағанда: «Хасан Басриға мұздай су берген екен. Ол кесені қолына алысымен, есінен айырылады да кесе жерге түседі. Есін қайта жиғанда: «Сізге не болды, уа, Абу Сайд?» деп сұрады. Сонда ол жауап беріп: «Ертеңгі қиямет

күнге тозақтың дәйімі тілегені – арыз-наласы. Ей, жұмақ жайы, бізге мұздай су беріңіздер деп жалынғаны есіме түсті де есімнен танып қалыппын» депті. Ей, перзент, сен біліп алғын, егер іс-амалсыз ілімнің өзі ғана пайда қылатын болса, Алла тағала» менен сұраушы, мағрипат талап қылушы, тәубе қылушы бар ма деп сұрамаған болар еді».

Екінші тарау

ҒИБАДАТ

Аңызнама. Бір жамағат сахабалар Расулланың қатысуымен Абдулла ибн Омарды естеріне алды. Сонда Расулла айтқан екен: «Абдулла, әлбетте жақсы кісіден егер, түнімен намаз оқымаса ондай кісі мадақтауға жатпас еді». Расулла (с.а.у.) сахабаларының біріне айтқан екен: «Ей, пәленше, көп ұйықтама. Алла көп ұйықтайтындарды қиямет күнінде кедейлендіреді» деді.

Ей, перзент, түнде нәпіл намаздарды оқу – Алла тағаланың өзі бұйырған дәстүр. Алла таң сәріде тұрып оқыса, мағрипат талап етушісі момындарды мадақтайды. Бұл жөніндегі аяттар біздерге терең түсінуді талап етеді.

«Таңертең тұрып, ғибадат қылу, Алланың талап еткен сөзі Мұхаммед (С.Ә.У.) Алла тағала үш дауысты дос тұтады» депті.

Біріншісі – сәр уақытта шақыратын қораздың дауысы, ол адамдарды намазға оятады; **екіншісі** – Құран тіләуәт қылған кісінің даусы, **үшін-**

шісі – сәр уақытта Алладан мағрипат ілім-білім тілейтіндердің дауысы. Суфиани Саури Рахматуллах айтыпты: «Құдай тағала бір самал-желді жаратыпты. Ол сондай самал екен, сәр уақытта дүниені кезіп есетін және түрлі дуаларды, жақсы сөздерді, ұлық падиша Құдай тағаланың құзырына көтеріп жеткізеді». Әуелі, ақшамда күн батқанша ғарыш астынан хабар беріп жақтан дауыстап: «Ей, ақылды момын, тұр орныңнан, уақыт жетті» дейді. Момындар тұрып, қалауынша намаз оқиды және бір дауыс болады: «Ей, Құдайдан қорқушы момындар, тұрмайсыңдар ма?» деген. Алладан қорқушы пенделер тұрып, сәр уақыт біткенше намаз оқумен шұғылданады. Күн шыққан кейін хабар беруші: «Ей, өкініште – қалған пенделер, орындарыңнан тұрмайсыңдар ма?» дегенде, олар дәл қабірде жатқан өліктердей төсектерінен қозғалады.

Әрбір момын мұсылман сәр уақытында ұйықтап ғапыл қалушылар тобында қалудан сақтанғаны абзал. Лұхман һәкім балаларына насихат етіп айтқан екен. «Ей, ұлдарым, ерте тұруда сенен қораз пысық болмасын, сәр уақытында қораз шақырғанда сен ұйқыда боласын». Жұхет ақынның нәзік бір өлеңі еске түседі: «Бір ағаштың басына қонған кептер әуезі пәс болса да түнімен зікір айтып, ән салып шығады. Ал біз болсақ, түнімен ұйықтаймыз. Аллаға айтарым, мен жалғаншы болдым. Егер шынымен ғашық болғанымда, Аллаға ғашықтығыммен жылағанымда, хайуандар мені тауда қалдырмас еді. Бұл халмен жыламасам, хайуандар басын төмен салмайды. Мен болмысыз өзімді, Алланың ғашығы деп күмән қыламын.

Әрбір өкініште қалған адам осыған келісетін болсын» депті. Бұл тарауда әуелі хайуандар айтқан пікірден ғибрат алуды жөн көрдім.

Үшінші тарау

ҒИБАДАТТЫҢ МҰРАТ-МАҚСАТЫ

Ей, перзент, ілім алудың басты мұраты – тағат-ғибадаттың түпкі мақсатына жетуі болар. Біліп алғын, тағат-ғибадат жақсы және жаман, әдемі, сұлу да және көріксіз де, адал және арам істер де, сөз бен нақты іс амал да шариғатқа араласуда көрініс табады. Әрдайым сөйлегенінді істегенің, сөйлемегенінді істемеуің, бәрі де шариғатқа сай келетін болсын. Шариғатқа сай емес деп табылған істі істеу, күнә деп саналады. Айт немесе қатерлі операция күндерінде ораза тұттың, я біреуге күш көрсетіп, тартып алған киіміңмен намаз оқыдың. Бұлар сырт қарағанда ғибадатқа ұқсаса да шариғатқа сай келмегендіктен, бәрібір күнәкар қатарында боласың. Ей, перзент, айтар сөзің де, пейіл құның да шариғатқа теріс келмесін! Өйткені, шариғатқа сай келмейтін ілім де, іс амалың да адамды тура жолдан жаңылыстырушы болар. Надан сопылардың шариғаттан тыс айтқан сездеріне алаңдамағайсың, сен солардың суретіне емес, ісі мен жүріс-тұрысына бақ. Нағыз сопылық махамы ғибадатқа түгелдей берілмек. Нәпсілік шауһат талабын қырқуы шарт. Нәпсіге бейімделіп тұрғанды ар-ұят семсерімен шабу арқылы жүзеге асырар. Кейбір жүзеге асыратын

істер жасырын купия атқарылар. Бірақ та шариғатқа қарсы сөйлеу, нағыз шариғатқа жанаспайтын істерді істеп, бейсеубет сөздерді ауызға алмақ сопылыққа жатпайды. Ей, перзент, бұл тіл жақсы, жаман сөздерді сөйлеуші және бұл жағдай шауһат ғапілетімен толысқан жағдайда, бақытсыздық ғаламаты алыс емес екенін біліп алғын. Қашан сен нағыз ғибадатқа бел байлап, осы нәпсілік кеселдерін жеңіп өлтірмесең, жалпы жағдайың, болмыс қалыбың, мағрипат нұрына малына алмас!

Төртінші тарау

БАҒЗЫ БІР ПАРЫЗ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ей, перзент, жазған хатыңда кейбір мәселелерді сұрапсың. Бірақ оларды жазып, не айтумен түгел сипаттап беруге болмайды. Оның мән-мағынасы мен жай-жапсарына қанығып, ілесе алмасаң, көбі көңіліңе аян болмайды. Өйткені, сенің сұраған ілімің рухани шабытқа байланысты, көркемөнер, сұлулық, әдемілікке әуестеніп, қызығу ілімі. Оны «Зауық ілімі» кейде оны (ілімі хал) деп те атайды. Айтып өткеніміздей, ол ілімге тиісті ілімдерді сөзбен жан-жақты сипаттап айтуға мүмкіндік жоқ. Өйткені, бұл ащы, не шырын тағамның дәмін татып көргенде ғана сезіп білетін жағдай іспетті. Хикаяда айтылған екен: «Бір кісі өзінің тәуір керетін досына жыныс қатынасының ләззаты қандай болады» деп хат жазғанда, досы: «Ей, пәленше, мен сені тек жынды деп есептеп жүрсем, енді білдім, сен жынды-ақымақ, екенсің» деп

түңіле жауап жазыпты. Құрылысшының қалау, сезім-ләззатына терең түсініп, ілесе алған жағдайда ғана, бұл ілімге қызығып тереңіне бойлап қадірін білерсің, ал тек айтып жазғанмен ешқандай нәтижеге жете алмайсың. Ей, перзент, сұраған бағзы мәселелерін «Эһяұл-ұлым» атты кітабымда талданып айтылса да төменде қысқаша тоқталып өтемін. Ей, перзент, шарифатқа тән амалдың алғашқы сатысы сабыр-ықтиятың берік болсын! Оны әрдайым, басқа көлденең кесірлерден сақтай біл. *Екіншісі* – тәубеге келген соң, қайтадан күнә істерді ісгеме. *Үшіншісі* – сенен Хақ тағала талап еткендерді түгел орында, бойыңда біреудің ақысы қалмасын.

– Алланың әмірлерін орындауға жететін, саған ақыретте пайда беретін ілімді бойыңа сіңіріп, жинақтауың керек. Осы бір мөлшерден артық білім алу саған міндет емес.

ХИКАЯ. Шибли Рахматуллах Әлейһи айтқан екен: «Төрт жүз пірі мұраттарына қызмет етіп, төрт мың хадисті оқып түсіндім. Бірақ сол төрт мыңнан, тек біреуін бекем ұстап, сол хадисті пайдаға асырдым. Басқасына көңіл аудармадым. Басқаша айтқанда, терең және жан-жақты пікір ойлап сенімді болдым, жаһаннамнан құтылуды ойлап, осы хадиске сүйеніп, ілім үйрендім. Өйткені, сол бір хадистің өзі, қажетті ілімнің жиынтығы екен. Сондықтан, сол хадисті пайдаландым» депті.

Хадис. Расулла саллалаху Әлейһи уассалам кейбір сахабаларына айтқан екен: «Бұл дүниеде қанша уақыт тұруына қарап іс қылғын. Алайда артық істермен шұғылданып, өміріңді босқа өткізбе. Ақыретте қанша уақыт тұратыныңды ой-

лан (мәңгілін ескертіп отыр). Аллаға өлшеусіз мұқтаждығыңды және жаһаннам жалынына қаншалықты шыдай алатыныңа қарап іс істегің». Бұл хадисті терең аңғарып мойындағын. Жаһаннам алаңында сен тағат қыла алмассың және қажеттіліктің күнәкәрліктен айырмашылығы болар. Ей, перзент, осы хадистің маңызына түсініп, оны амалға асырып іс істесең, есепсіз ілімдерді оқып-үйренудің қажеті де болмайды. Шақиқи Балқиямен сұхбаттас болғандардың бірі, Хатам Ұл-Асамнан (Алла екеуін де жарылқағай) және бір басынан өткен хикаядан айтайын, сен құлағыңды салғын. Бір күні Шақиқи Хатамнан сұрапты: «Міне отыз жылдан бері сенімен сұхбаттаспыз, шыныңды айтшы, сол уақыттан бері осы сұхбаттастығымыздан не пайда көрдің? Хатам айтыпты: «Бұл уақытта үйренген ілімдерімнен сегіз пайда көрдім», осы сегіз пайда мені жаһаннамнан сақтауға ықпал жасар деген үмітім бар» депті. Бұл сегіз пайдаң нелерден құралады дегенде, *бірінші пайда* сол – халыққа жүзімді бұрын көрдім.

Әрқайсысының өзіне лайықты ғашық-машық, сүйген дос жараны бар. Бағзы біреулері өлім шербетін ішкенге дейін сұхбаттас болып, ажырамас кейбір сүйіскендер қабір жанында да бірге болады. Ол ғаламнан өткеннен кейін жалғыз өзін қабірге қойып қайтады. Бірде-бір ғашықтардың екі бірдей сүйгендері жоқ. Сүйген жарымен бірге қабірге кірсе, (ғаламнан өткен соң) ол ғашық-машықтар бір-біріне жанашырлық жасап, көмектесе алмайды. Соларды ойлап өзіме-өзім айттым: «Ең жақсы сүйіктім сол болар, ол өлгеннен соң, көрге

өзіммен бірге кірер және жанашырлық жасап жәрдемін береді. Өзіме ізгі іс, ізгі-амалдан басқа қамқор сүйіктіні таппадым, соны ғана дос тұттым, өйткені, ол қабірде де маған жарық нұр болсын және мені жалғыз қалдырмасын!» дедім. *Екінші пайда* халыққа бетімді бұрып және бір көргенім бәрі де көңілі ұнаған бағытқа бет бұрып, нәпсі талабын орындауға асығады. Бұл жағдайды аңғарып, Алла тағаланың мына бір айтқандары есіме оралды. «Кімде-кім Алла алдында жауап беруден қорқып, нәпсісін жамандықтан тыйса, әлбетте жұмақ оның жайы болары ақиқат» дегені. Анық білгенім, Құран – Хақ және Шындық. Алдымен Алла айтқан ғибадаттарына разы болып, мойын ұсынғанша нәпсіге қарсы тұрдым. Оған қарсы ұрыс ашып, өзімді жаман пікірлерден қайтарғанша қатты қиналдым. *Үшінші пайда* – әрбір адамды көрдім. Мал-дүние үшін желіп-жортып жиған малдарын бекем ұстап қайырлы және сауап істерге жұмсамайды. Бұны көріп Алла тағаланың бір сөзін есіме алдым. «Сіздерде болған мал мен байлық таусылады. Алла алдындағы байлықтар таусылмайды» деген. Бұл дүниеде не бір байлық арттырған болсам, бәрін де Алланың разылығы жолында жұмсадым да және оның құзыры алдында жариялық тапсын деп кедейлерге таратып бердім. *Төртінші пайда* – кейбір ел-жұртты көрдім: «Біздің абырой ізетіміз қауым-қарындастарымыздың көптігінен» деп мастанып, астамшылыққа салынады. Кейбір халықтар өздерінің абырой ізеттерін, оның себебін мал-мүлкінің және перзенттерінің көтігінен деп ойлайтыны да болар. Басқалары өз

абырой атағының асқақтауынан десе, біреулері зұлымдықпен мал топтаса, біреулері зорлық-зомбылықпен тартып алып, дүниесін көбейтсе, тағы біреулері бар мал-мүліктерін қажет емес жерлерге сарп етіп, ысырапқа жол берушілік жағдайды армандайды. Сонда Алланың сөзі еріксіз есіңе түседі: «Шын мәнінде сіздің абырой ізетке ие болуыңыз, Алладан қорқып, тахуалық жасауыңызға байланысты» деген. Ал тахуалықты қалап, Құранның нақтығына, шындығына сеніп, иман келтірдім. Әлгі кісілердің күмәнденуі, сенбеуі ғапілетте қалып, адасып абыржуының дәлелі. *Бесінші пайда* – көптеген адамдарды көрдім, кейбіреулері бір-бірін жамандап, сыртынан сөгіп, өсек-аяңмен шұғылданып, ғайбат жасаумен болады. Бұлардың негізі пенделердің мал-дүние, мәртебе үшін бір-біріне қастандық жасау деп түсіндім. Алла тағаланың «Мен олардың бұл дүниеде толық жақсы жасауы үшін жеткілікті ризық-несібелерін бөліп бердім» деген сөздерін есіме алдым. Ризық-несібенің бөлінуі, әзалда Алла тағаланың ұйғаруымен бөлінген және алдын-ала белгіленіп қойылған екен. Сондықтан ешбір жанға қастандық жасамастан, Алланың қалауына разы болдым. *Алтыншы* – әрбір адамды көріп, өткінші дүниенің мәртебе-мансабының қызығына кенеле беремін деумен бір-бірін дұшпан санап, өзара дау-дамай туғызып, араздасады екен. Сонда Алланың бір айтқан сөзі еріксіз есіме түсті: «Шайтан сіздердің дұшпандарыңыз болар, шайтанды өзіңізге дұшпан деп біліңіз». Анық аңғарғаным, шайтаннан басқаның дұшпандықтан артық емес екеніне күмәнсіз көзім жетті. *Жетін-*

iii пайда – не бір кісілерді көрдім. Байлықты көбейту жолында желіп жортып жүріп, қулық-сұмдықтан жиренбей, басын от пен шокқа ұрып, өздерін арам, шүбәлі ісгерден аулақ ұстамастан, өз қадірін кетіріп, өзін-өзі төменге тартып, қор болуда. Бұларды көріп, Алла тағала сөзін есіме алып, қайталап айттым. «Жер жүзіндегі барша мақұлықтың ризығын жеткізуші – жалғыз Алла тағала ғой!» дегенді қайта айтуға мәжбүр болдым. Шын мәнінде, ризық – Алланың ықтиярында екеніне кезім жетіп, оның ғибадатына басымды иіп, басқа жақтан үмітімді үздім. *Сегізінші пайда* – қайсы бір пендені көрмейін, сүйеніші де, таянышы да өзіне ұқсаған және бір пенде. Яғни, мақұлық, болып жаратылады да және бір мақұлыққатты паналайды. Кейбіреуі пұлына, кейбіреуі үй-мүлкіне, біреуі кәсібіне, біреулері өзіне ұқсаған нашар мақұлық қатарында жаратылғандарға сүйенеді. Соларды көріп, Алла тағаланың мына бір сөздері есіме түсті: «Кімде-кім Алла тағалаға тәуекел қылып сүйенсе, Алла оның жәрдемшісі болар. Әлбетте, ол кісінің Алла ісін оңынан келтіріп, кемеліне келтірер, Алла тағала сөзсіз әрбір нәрсені және құбылыстарды өз тағдыры мен жаратушыдан деп Алла тағалаға тәуекел қылдым. Ол менің сүйенішім де, жақсылық етушім де, ұлық жарылқаушым да!».

Шақиқи Балқи айтқан екен: «Мен Тәурат, Забур, Інжіл және Құранды оқып тәмамдадым. Сол төрт кітап мына айтылған сегіз пайдаға ие болуыма себепкер болып, әмірін айтуда, кімде-кім осы сегіз пайданы амалға асырса, сол төрт ұлық кітапқа сүйенгені болады» депті. Ей, перзент, жоғары-

да айтылған екі хикаядан білдің. Көп ілімге емес, көп амалға асыратын істерге мұқтаж екенсің. Енді сен Хақ жолын ұстағын! Оның астанасына қадамыңды басқын! Қадам қойған кісіге нелердің орындалуы міндет екенін жоғарыда баяндадым. Біліп алғын, Хақ жолына кіруші кісіге, әлбетте, кемел тәрбие беріп, тура жолға бастаушы қиыншылықпен қол жеткізуге болатын тура жол. Жаман мінез-құлықтарды қалыптастыру үшін, шайық ұстаз қолында болу міндетті жағдай. Шайықтың мүридті тәрбиелеуі жерден өнген егіннің жақсы өнім бермегі үшін диқан оның маңайын бөтен арам шөптен, тікендерден тазалағаны сияқты жағдай. Дәл осы сияқты әрбір мүридке Алланың тура жолын нұсқап, сара жол көрсетіп, тәрбиелеуші пірі керек болады. Шайықтың шарты – ол тәрбие беруге лайықты, Расулла міндеттеген жолға жетектеп жүре алатын ғалым болмағы шарт. Алайда әрқандай ғалым да шайықтыққа жарай бермейді. Мен бұны әрбір кісі «Мен шайықпын» деп жалғаннан жаңылыстырып жүрмесін деп шайықтардың кейбір ғаламат әрекеттерін қысқаша баяндап беремін. Өйткені, шайыққа ілескен әуелі мал-мүлік заттай байлық жинаудан жүз үйіруі шарт, мансап-мәртебе, қызықшылық дегеннен бас тартып, Расуллиланың жолына бас иіп, сара жолға түсуі керек. Және аз жеп, кем ішіп, көп намаз оқып, көп тағат-ғибадат қылатын ораза тұтып, садақаларын беріп, нәпсісін қиын да болса тыюы шарт. Міне, осы сияқты нағыз шайыққа ілесіп, төмендегі мінез-құлықтарды өзіне жолдас етсе, сабыр-тағат шүкірлік, Аллаға тәуекел, сыпайылық, сақилық,

қанағат, нәпсіқорлықтан өзін тыйып, мүләйім, кемтарлыққа бейім, білімпаз, шыншыл қиялдай білетін және опалылар қатарында болуы керек. Міне, осындай белгілерінен ерекшеленген шайық – Расулла нұрына кенелгендерден болар. Қане енді, сондай шайыққа жолығып, оның артынан ілесетін болсаң! Алайда, бұл сияқты шайықты табу қиын. Бұл сияқтылар қымбат баға қызыл тастан да ғазиз болар. Кімге егер бақыт күліп қарап, сондай шайық кез болып, ол шайық оны қабылдаса, сол мүрид шайықтың құрметін ашық жарияда ішкі жан-дүниесімен құпияда қастерлеуі керек. Жария дегеніміз, сол әр маселеде шайықпен таласып тартыспасын. Ұстаздың қатесін сезіп қалғанда да бәрібір оған құжат көрсетумен шұғылданбасын және құрметсіздік қылмасын. Жайнамазынды шайықтан алдын жазбағын. Шайық намазын тауысып бітірген соң, мүридтік сыпайылығымен, оның жайнамазын жерден жиып алатын болғын. Шайық алдында нәпіл намаздарды бос, артықша оқымағын, шайық нені бұйырса, қолыңнан келгенше орындағын. Енді құпия, яғни жасырын құрмет дегеніміз, сырт көріністе естіп, нені мақұлдаса, екіжүзділіктің ғаламат белгісі байқалып, немесе соған жақындап қалмауы үшін ішінен, сол сырттан есіткенін түгел тастықтауға құмар болмасын, Яғни, сөзі мен ісінде айырмашылық болмасын. Егер де кейбіреулердің сыртқы көрінісі ішкі дүниесіне сай келмесе, оны екіжүзділік дейді немесе соған жақындау болады. Егер мүрид осы айтылғандардың үдесінен шыға алмаса, онда ол тысқы да, ішкі де дүниесіне сай келгенше, шайықтың сұхбатын

жоққа шығарып тұрғаны мақұл. Ілгеріде баяндап өткізгеніміздей, мүрид өз нәпсісіне тиым салып, оған жанашырлық жасауы қажет. Бұл дәрежеге негізінен, жаман, пасық адамдардың сұхбатынан сақтану арқылы қолы жетеді. Көңілінен жайғасқан түпкі тегі жындардан болған шайтанның билігінен тазарасың. Сонда ғана оның қалыбы, жан-дүниесі шайтанның азғыруынан құтылады. Әр уақытта кедейлікті қалағайсың.

Міне, осы айтылған насихаттарды сопылық жолға түспекші болған мүрид үшін бұлжытпай орындау – бірден-бір міндет болмақ. Ей, перзент, біліп ал, сопылық, екі іс болар. Бірі Алла бұйрығымен тура жүрмек. (Алла мұсылмандарға парыз қылған істерді амалға асыру.) Екіншісі – көпшіліктен шектемек, яғни халық арасындағы жаман істерден өзін аулақ ұстамақ. Кімде-кім Алла бұйрығын толық орындаса, жүріс тұрысы, мінез-құлқы, адамдармен мәмілесі мүләйім жағымды болса, сондай жандарды шын мәнінде сопы деуге болады. Жаратушы Алла бұйырғандай, тура болмақ нәпсіні Алла жолында Құрбан қылудың жағдайымен барабар. Құлқы таза, тәбеті аза адамдармен мәміледе болмақтың жолдары мынадай: Адамдарға өз қалау ықтиярымен өкімді өткізбе, егер шарифатқа теріс келмеген халде олардың да қалау ықтиярымен есептесе отырып, байланыста болғаның жақсы болар.

Бесінші тарау

ПЕНДЕШІЛІК ЖОЛЫ

Ей, перзент, пендешілік жолынан оның мән-мағынасы жайында сұраған екенсің жауап берейін. Пендешілік үш негізгі мәселеден тұрады: *Біріншісі* – шарифат істерін қолға алып, оны амалға асырмақ. *Екіншісі* – Алланың тағдыры мен әзәлі қазасының қадіріне көну. *Үшіншісі* – Алланың ризалығын тілеп, нәпсі талап еткен нәрселерді шектемек (яғни нәпсіні тимақ).

Және тәуекел жайында сұраған екенсің. Тәуекел – бұл шапағатты және мейірімді Алланың мархабатына пендесіне атаған уәделеріне сенімділігі берік және күшті болуда ғибрат алар. Басқаша айтқанда, бір нәрсені саған жан-жақтың бәрі лайық көрмей қайтарса да, саған сол тағдырыңа жазылған болса немесе керісінше, сол бір нәрсе тағдырыңа жазылмаса, саған нәсіп болмайтынына сенуің берік болуы шарт. (Дүние төңкеріліп кетсе де тағдырға тәнтілік жасау қажет)

Ей, перзент, ықылас жайында сұраған екенсің. Ықылас деген істеген іс амалдарың (Алла үшін) және егер сені біреу сыртыңнан мақтаса, одан сенің діліңе артықша мастандық пайда болмауы, мадақтаған жағдайдың өзінде, пәруәйіңә алмаған дұрыс. Түптеп келгенде, істеген іс-әрекет амалдарың пенделер үшін емес, Алла үшін істеліп отырғандығы есінде болсын. Адамдар ізет-құрмет жайына қойып, тағзым етіп жатады. Ал бұндай жағдайдан рия пайда болады. Рияны қайтарудың дауасы, адамдарды Алланың құдіретіне

мойынұсынған жағдайда көру болар. Пенделер саған ақиқат мағынадағы рақат, яки машақатты қиыншылықты жеткізе алмас. Оған құрбы қуаты жетпейді. Жаратылыстағының бәрін жансыз бір нәрсе сияқты есепте. Егер жұртшылықты ұлық мақсаттың бірден-бір иесі деп күмәнданатын болсаң, рия сенен қашықтамайды. Бұл рия мен сен Алла жолына емес халайық үшін ғибадат қылған боласың.

Ей, перзент, басқа да қалған мәселелерді сұраған екенсің. Оның жауабын басқа кітаптарымнан тауып аласың. Кейбіреулерін жазу – күпір (арам). Енді, өз білгеніңше іс-әрекет амалыңды атқару үстінде білмегендеріңнің беті ашылады.

Ей, перзент, бүгіннен бастап тілге алудың өзі лайықсыз нәрселерді сұрамағын. Жан-жағыңа назар салсаң, әр жерден таңданарлық та түңілетін де істерді көресің. Сопылықтың бастамасы жаннан кешу деген сөз. Бұл жолы да жаннан кешу керек. Зүннүн Мисри шәкірттерінің біріне: «Егер жаныңнан кешуге құдірет-тағатың жетсе, бұл жолға кір жетпесе, сопылықпен шұғылданба» депті.

Ей, перзент, сегіз насихат айтайын, қабылдағын. Алдымен, істеген іс-әрекет амалдарың қиямет күнінде өзіңе дұшпан болып шықпасын. Бұл сегіз амалдың төртеуіне рия қылғын, қалған төртеуінен баз кешіп үміт етпе! Үмітіңді үзетін төрт амалдың алғашқысы – бірде-бір мәселе үстінде біреумен тағатың таусылғанша бақастасып жанжал шығатын дәрежеде тартыспа. Өйткені мұның пайдасынан гөрі, зияны көбірек. Рия – қастық, тәкәппарлық, кінәмшілдік, дұшпандық және басқа кеселді жаман қылықтармен тектес болар. Мы-

салға: сұхбаттасың иә сенімен ақылдасушы ортасында бір мәселе шығып қалса, сол мәселенің шешімінсіз кетуінді қаламауды талап қылсаң, ол жағдайда ақиқатты анықтауға рұқсат беріледі. Алайда, мұның екі жағдайы бар. *Біріншісі* – мәселенің құжаты, ақиқат дәлелі сенің тіліңнен шыға ма, я сұхбаттасың жағынан шыға ма? Бұр-маламай, бұны өзіңе артық-кемдік те санамай, теңдік дәрежедегі ақиқат сөзді тауып айтуың керек. *Екіншісі* – бақас халайықтың қоршауынан гөрі, оңашалау жайда болғаны мақұл. Бақастықтан бұл қорыққандығың емес, бәлкім бұл Алланың ризалығы болар. Ұмытпағын, сен үшін бір қызметкер бар қадірі мүшкіл болған мәселені ғалым данышпандардан сұрап білмегін. Кеселдінің хал-жайы білгір тәуіпке емдеткендей нәрсе. Ол мәселе шешімін тапқан жағдайда ауырған жерің шипа тапқандай болады. Ей, перзент, жадында болсын. Надан, білімсіз адамдардың болмыс бітімі ауру адамдарға ұқсаған болар. Оларды емдейтін тәуіп, ғалымдар мен данышпандар болар. Алайда, надан адам бұған ынтызар емес. Әрдайым нағыз (тәуіп) ғалымдар ғана кеселдінің жазылуына көзі жетсе ғана емдей алады. Өз кезегімен кеселге берген дәрі-дәрмегін шама-шартына қарай қабылдайды. Егер жазылмайтын дертке тап болған жағдайда білгір тәуіптер ем қонбайтын бұл сияқты кеселді алдынан біліп, бостан-босқа ауре болмайды. Ей, перзент, надандық кеселі төрт түрлі болар: оның бірінші түрі – берген дәрі-дәрмекті қабыл етуші. Қалған үш түрі – бұған керісінше, басқаша. Осы үш түрлі кеселділердің бірі – кімде-кім саған қарсы сауал берсе, сен оған иба-ізет сақтап, мәнді жауап

қайтарсаң да, я әдебіне лайықты мәмілелі жауап берсең де саған бәрібір бастапқы ашу-ғазабымен қарай берер. Жақсысы мұндай адаммен сауалына жауап іздеумен шұғылданбай, сөйлемей қоя салу. Ақымаққа айтылатын жауаптың ең жақсысы сөйлемей қоя салу. Бәйіт:

Ақымаққа ақыл айтсаң жаудай болар,
Өзге – төбе, өзі бір таудай болар.

Алла тағала Құран Кәрімде хабар беріпті. «Ей, Мұхаммед, Құраннан жүз үйірген кісілерден сен де жүзінді үйір. Олар бұл дүниедегі өмірден басқаны қаламайды және нәпсі қызығына ілесіп өліп тынады» депті. Шын мәнінде, қастандықпен не қылмасын, не демесін, бәрі барлығын да отқа жағады. Бір себеп болып, Пайғамбарымыз Мұхаммед Әлейһисалам айтыпты: «Алау оты жанғандай, қастандық адамдағы бар жақсылықты жағушы» деп. Надандықтың екінші түрі – емді қабыл етпейтін кесел – ақымақтық болар. Сондықтан Иса Әлейһисалам: «Өлікті тірілтуге құрбым жетеді, бірақ ақымақты емдеуге шамам келмеді» депті. Ақымақ сондай кісі болар. Аз ғана уақытта, ақыл шарқы арғы-бергі ілімдерден хабары болады да, кез келген адаммен сол үйренгендері жүзесінен әңгіме көтеріп, тартысып бағады. Ақылға ауыр келген мәселелерді ұлық данышпандай, ішінде түсініксіз күмән қылады және ол асыл заттардың қадіріне жетпейді. Берген сауалдары майда-сиқалыққа негізделген, демек ақымақтықтан алшақ кете алмайды. Міне сол сияқты ақымақтардың сауал жауабына тұтылып қалмағаның мақұл. Ал үшінші – емдеу кеңесі әсер

етпейтін надандар қауымына, мына топтағыларды жатқызуға болады. Егер де әрбір жан ақиқатты талап қылса, жалпы ұлықтардың бұл атыраптағы сөздерін пайымдай білсе, бұны өзінің пайымының нұқсандығы екенін біле тұра, соған қарамай бір нәрседен үміткер болып сауал бере берсе, бір сөзбен айтқанда, ақиқатты білуге зейін парасаты жетпесе, ондай адаммен мәмілелесіп өзінді қинама. Бәрібір сөзіңді ұқпайды. Сондықтан Расулланың (С.Ә.У.): «Біз, Пайғамбарлар, халықтың ақылына орай сөйлеуге бұйрық алғанбыз» дегенін еске алған жөн. Төртінші – дәрі-дәрмекті қабылдаушы кесел, яғни надан жайында кісі ақылды, пайым-парасатты, ақиқатты сүйетін, күнәмшілдік, қастық сияқтылардан аулақ және мал-дүние, абырой мәртебеге берілмеген сұраған сауалдары қастандық күмән әдепсіздіктен болмай, ниеті қалыс жолда болса, бұндай кесел дәрі-дәрмекті уақыты мезгілінде қабылдауға лайықты. Оның сауалдарына тиянақты жауап берсе болады. Жауап берілу қажет те. Өйткені, берген жауаптарың оның надандық кеселіне ем болады. Алайда жоғарыда, айтылған қаскөй надандардың сауалына жауап жоқ. Енді осы сегіз насихаттың (істелмеуге тиісті терт амалынан) екіншісінің баянына келейін. Ақыли момынға бағзы бір сөздерде айтуда ықтият болған жақсы. Өйткені, сөз сейлеушіге апат көп. Егер айтатын үгіт-насихаттарыңа алдымен өзін амал қылып, соңынан халыққа айтсаң бұл сөзін дұрыс болар. Ей, перзент, Иса Әлейһисаламға айтылған сөздерді есіңе сақта: «Ей, Мариям ұлы, әуелі өзіңе насихат айт, қабылдасаң оны халыққа айтуға жүзіңді бұр. Егер өзін насихатты

қабыл етпесең, құдайдан қорық, халықтан ұялып, оларды мазалама» деген екен. Егер кейбір істерді орындамауға ләжің қалмаса екі нәрсеге сақ бол. *Біріншісі* – сөздерің артықша ишараттар, негізсіз хикаялардан, мағынасыз өлең-жырлардан жалпаштанып, көпірме сөзге айналмасын. Өйткені, Алла тағала ондай көпірме сөзділерді ұнатпайды. Оларды дос тұтпайды. Шеттен шыққан көп сөзділіктің ішкі мазмұнының мағынасыз да, мәнсіз, өкінішті екенін дәлелдеп тұрады. Кейбір сөйлеулердің мән-мағынасы пенде ақыретті еске алып, Алла алдында өзінің әлсіз екенін мойындағаны, өткен өмірінің пайдасыз істермен зая кеткенін және болашақта небір қиыншылықтар күтіп тұрғаны, Әзірейіл жан алғыш алдында халі қандай болатыны, Мүңкір-нәңкір сұрауларына жауап беруге дайын, не дайын еместігі жөнінде, қиямет күні Махшардағы ахуалы, сират көпірінен өту жағдайы, жаһаннамға түсіп кетпудің қамын жеуі сияқтылардан құралады. Міне, осы қиыншылықтар дәйімі бағзы тыңдаушылардың жады-қаперінде болуы, өн бойында оттай жанып тұруы және бой көрсеткен кейбіреулердің қайғы-қасіретінен ғибрат алғаны жөн. Насихат деп соны айтады, яғни халыққа насихат айтпақтағы мұрат-мақсат – ең бір қажетті деген ақиқатты жиналған мәжіліс қауымына хабардар ету, сыналған кем-кетік олқылықтардан жұртшылықты хабардар ету. Кейбіреулердің айыптарын бетіне басу, болатын қайғы-қам оттарын болмыс жан-дүниесіне алып кіріп, көңілін жылытып, сол қайғы ғаламатынан сергектендірмек. Өткен өмірлерінің қорытындыларын қал-қадірінше жүйелеп, Алла

ғибадатынан тыс кешкен күндеріне қасірет-өкініштерін білдіріп, тәубеге келу болар. Сол сияқтыларды насихаттар мазмұны деуге болады. Мысалға, бір адамның үйін сел басып келе жатыр дейік, сен бұл жағдайдан хабардар болып, сол адамның үй-ішін ойда-жоқта, төтен селден қашындар, сақтанындар деп хабарландырасың. Сол қатерлі жағдайда үйдің иелеріне тосыннан болған оқиғадан хабар айтып, сөз сөйлеп, оларды селден құтқару жайында айтқандарың олардың көңіліне дұрыс келіп, сендіре алдың ба? Жоқ, әлбетте, егер сен қандай сөз болсын айтып, тез оларды апаттан құтқарып қалуың керек қой. Түсіндіріп отыру ақылға лайық па? Насихат дегенің де сол сияқты. Халайықты көр азабы, жаһаннам азабынан хабардар етіп, қалай болсын тезірек түсінетін тілде апаттан құтқарып қалу шарт. Кейбір түсіндіруден өте сақ болмақ абзал.

Үгіт-насихат айтуда өте ықтият болмақтың екінші жағы – насихаттың мақсаты – мәжіліс қауымын таңқаларлықтай, олардың ынта-ықыласын аударып, «Ой, қандай ұлық аталы сөздерден насихат айтылды!» дейтіндей дәрежеде сөйленіп, тыңдағандар жағасын ұстап, мейір-махаббатын асырып, өзіңе қарай бетін аударып білу керек. Өйткені, олардың бәрі риякерлікке жақын. Ал рия деген – білімсіздік, артта қалушылық, оралымсыздықпен ұштасып жатады. Бәлкім бағзы айтатындардың негізгі мақсаты – халықты фәни дүниеден ақыретке қарай назарын аударып, күнәдан – ғибадатқа, ашкөздіктен – нысаптылыққа, бақылдықтан – сақилыққа, ақыретке күмәнданудан – каміл сенімге, білімсіздіктен – білімділікке,

астамшылықтан – тахуалыққа, кішіпейілдікке бетін бұрғызу қажет. Бұл мағынасыз қалыбына ақырет ышқы махаббатын пайда етіп, өткінші дүниеге көңіл бөле бермей, ғибадат жолдарына түсуге беттерін бұру керек.

Тағы да айтатын бір мәселе, Алланың жақсылық мархабаты мол, мейірім-шапағаты елшеусіз деп халықты адастырып қоймағын! Өйткені, бұдан оның көңіліне жайбарақаттық, астамшылық кесепаты пайда болар. Шарифат жолына кірместен, Алла рұқсат етпеген істермен шұғылдану жаман құлықтарды арттырады. Бұның орнына келешекте кияметте болатын азапты оқиғаларды ескертіп, олардан қорқу қасиетін жан-діліне жарастыру қажет. Олардың ішкі жандүниесіндегі жағымсыз кеселдерді жойып, сырт көрінісі де жүз берген жаман іс-амалдарын жақсы істермен алмастырып, тағат-ғибадатқа бет бұрып, мейір-шапағат нышандарын арттыра түсіп тартынбастан, қол ұрған күнәлардан арылуға бетін бұрып, тәубе қылуға шақыру керек. Үгіт-насихат айту жолы, міне, осындай болуы шарт. Әрбір айтылған үгіт-насихатта жоғарыда айтылған шарттар орындалмаса, онда насихатшының да, тыңдаушының да халі мүшкіл. Бәлкім, бұл сияқты риягерліктен білімсіздікпен, құдіретсіз насихат айтушылар – шайтанның көмекшісі. Олар халықты тура жолдан аздырып, апатты жаман жол жаққа қарай жетелейді. Ал халық деген бұл сияқты үгітгердің жетегіне тез көнуге бейім тұрады. Бұл сияқты үгіт дінді соншалықты бұзады. Ондай іс шайтанның да қолынан келе бермейді. Кімдекімнің құдіреті жетсе, осы сияқты насихат-уағыз

айтатын риякерлерді мінбеден түсіріп, қуу керек. Ондайларға әмір, мағрұп жайында насихат уағыз айттырмай, тойтарыс беру керек (шариатқа жаман саналған істі айтатындарға тиым салу қажет дегенді), Енді сол сегіз насихаттың орындалмауға тиісті төртеуінің үшіншісіне тоқталып, баяндаймын.

Өзіңді падиша әмірлерінің үйлеріне жақындатып, сұхбаттас болма және оларға дәме көзіңмен қарама! Өйткені, олармен бірге отыру көңілден, сұхбаттас болудың үлкен апатты жағдайлары болады. Ілуде бір реті келіп, бірге отырып қалатын жағдайда оларды мақтап, дәріптеуден өзіңді аулақ ұстағын. Пасық залымдар мақталған уақытта, Алла тағала ғазаптанып ашуланады. Кімде-кім, залым пасықтардың мансап-мәртебесінің мәңгі-бақи өсе беруіне қол көтеріп дұға қылса, Алла тағала оларды өзі жаралған жерінде тұрып, күнә істеуге лайықтымын дегендерден депті. Шын мәнінде, залым-пасықтардың күнәдан басқа істейтіндері жоқ қой. Істеуге тиым салынған төрт амалдың бірі – төртіншісі, есінде болсын, әміршілердің сыйын әр уақытта қабылдай бермегін. Тіпті, ол адал, сый болған жағдайдың өзінде алмағаның жөн. Өйткені әкімдердің сыяпатына дәмеленудің өзі бұзады. Дәме – дінді де, болмыс-қалыбыңды да бұзады. Егер берген сыйларды қабыл қыла қалсаң, әкімдерге жақтас, бұл жұмысыңмен сен де ақыретінді ойламай, дүниені қамтып қалу жағына шығып, үстемдік жағында болып, халыққа жасаған жәбір-зұлымдығына разылық, қошеметшілдік сияқты істерден жиренбейтіндер қатарынан көрінерсің. Мұндайлардың атын «ірі-

ген келісімпаздар» дейді. Айталық, сен олардан арзымайтын сауға-сый алдың, ал ол сыйың саған істелген сиқырдың жадысындай залым қуларды дос тұтып қаласаң, залымға дос болу деген – оның өмірі ұзақ, мәртебесі биік болуына өмір-бақи тілектес болу деген сөз. Кімде-кім, залым әкімнің өмірі ұзақ, мансабы биік, мәңгі-бақи болуына тілектес болса, ол әкімнің қол астындағыларға зұлымдық жасауға, ғаламды қарап етуге разылық бергенінің ғаламаты болар. Міне, сондай кісілермен (әкімдермен) дос тұтынсаң дінді таланға салып, иман саламаттығын қатерге тап ететін ең залалды кеселге тап боларсың.

Ей, перзент, шайтанның айла-шарына түсіп қалмауға әрекет жаса. Шайтан саған залымдардан тіллә-байлықтарды алғаның мақұл деп азғырады, мүсәпір-ғаріптерге нәпәқа бергін деп айла жасайды. Сен шайтанның мұндай айласына алданба! Өйткені, шайтан осылайша талай иманы толық адамдарды қармағына түсіріп, қор қылған, шайтанның азғыруында неше түрлі жасырын апаттар бар. Ол жайында жан-жақты білгің келсе «Әхия-ул-улым» кітабын оқы.

Енді, осы сегіз насихаттан өзіңді дұрыс бағытта ұстауыңа қажетті төрт амалдың *біріншісін* баяндайын: ол Алла тағалаға деген мәмілең, қарым-қатынасыңның қандай болмағы жөнінде. Бұл мысалы, сатып алған құлың сенімен қай жосында мәміле қылса, сенің көңіліңе ұнап, оның қызметіне разы болсаң, Алла тағалаға сен де дәл сондай разы болатындай дәрежеде қызмет істеуің керек. Құлыңның кейбір теріс істерінен ренжісең, Алла тағала да сенің теріс істеріңе разы болмай-

ды. Мұндай мәміле Аллаға әр уақытта лайықты деп ойламағын. Ол сенің шын мәніндегі ұлық қожайының ғой! Төрт жақсы амалдың *екіншісі* – әр уақытта адамдармен бірге іс істемек болсаң, өз ақылыңа мақұл келген нәрсені оларға да айтқын. Өйткені, өзің мақұл келген нәрсені басқа бір мұсылманға түсіндіріп, оны қабылдамайынша, ешбір пенденің саған деген сенімі артып, иманы кәміл болмайды. *Үшінші* насихат – төмендегіше, егер талап қылып білім алсаң, ол ілімің нәпсіңді тазалап, жан-дүниенді нұрландырып жарқырата түсетіндей болсын. Егер өміріңнің аяқталып қалғанын сезсең, қисын-логика сияқты пайдасы шамалы ілімдермен шұғылданба. Өйткені, бұл ілімдер ақыретте саған ешқандай пайда бермес. Жан-тәніңді шүбәсіз пәктеу үшін нәпсінің зиян апаттарын жан-жақты танып қана қоймай, дүниенің барды-келділерінен жүз үйіргенің мақұл. Тек қана нәпсіңді жаман қылықтардан тазалап, оны жақсы сипаттармен безендіргенде ғана Алла махаббатымен шұғылдануға лайықты боларсың. Өйткені жетіліп-пісіп қалған адам, фәни дүниенің ешқандай да уақытын бос өткізбей, дүниеден алаңсыз болғаны абзал. Осы тұрғыдан қарағанда, бір күн өмірің қалған болса да жан-тәніңді қалыбына келтіретін нәпсіңді пәктеуге бағытталған істермен шұғылданғаның жөн. Ей, перзент, бұл сөзім әруақытта құлағыңда болсын және әрқалай ойланып көргін! Одан ешқандай зиян таппайсың. Егер саған бір аптадан кейін Падиша үйіңе зиаратқа келеді деп хабар берсе, анық сенемін, осы қысқа мерзім ішінде ғалам иесінің назары түседі – үй-жайың, киім-кешегің,

түр-тұлғанды тазалап, ішіп-жейтіндеріңді реттеп, бәрін де дайындап қоюдан басқа істермен шұғылданбағайсың. Сен нәзік пайымдыдансың, неменелерге ишарат етіп айтып отырғанымды сезіп отырған шығарсың? «Зерек пайымдыға – бір сөз, ақылдыға – бір ишарат жеткілікті» дейді. Бұл дүниенің падишасы үшін, оның назары түсуі мүмкін болғаны үшін – соншалықты желіп-жортып жүрдің – падишалардың падишасы болатын Ақиқат Падиша – Алла тағаланың назары қиялыңа келді ме? Бірақ Алла тағаланың назары жан-тәніңнің қалыбынан басқа жерге түспейді. Жаратылыс қалыбыңды дүниенен де таза пәк ұстай біл! Расулла (С.Ә.У.): «Ақиқатында Алла тағала сіздердің суреттерің мен амалдарыңа қарамайды, оның назары жан-дүние, жаратылыс-қалыбына, ниеттеріңе қаратылған» депті. Егер қалып жағдайынан кеңірек хабардар болғың келсе «Эхия-ул-улыма» және басқа да жазған кітаптарыма қарағын. Өйткені, қалып ілімін білмек – парыз, Алланың парыздарын орындау жайында жетерлі мөлшерде тахарат, намаз, ілім және басқа да ілімдерді иеленбекке парыздың өзі жетіп жатады. Алла тағала саған нысап беріп тәубаға келтірсін. Менің бұл насихаттарымды ішкі жан-дүниеге жайғастырып, иелік етуге әрекет қылғайсың. Ендігі *төртінші* насихат, бір жылға жетерлі мөлшерден артық байлық жинама. Бұл жөнінде Мұхаммед (С.Ә.У.) бағзы бір үйлеріне қатын, бала-шағалы отандарға қажетті ас-ауқат басқа да қажеттіліктерді дайындауда айтады екен: «Ей, Рәббім, Мұхаммед үйлерінің қажетті нәпақасын өз мөлшерінде қылғын, көп те қылма, аз да

қылма» депті. Мұхаммед Әлейһисалам барлық үйлеріне қажетті напаканы жинамайды екен, кейде қиналып қалмасын деп ас-ауқаты азайып қалған үйлеріне тарығып қалмауына сенімгерін күшейтіп тәуекелге бел байлатып, бір күндік немесе жарым күндік ризықтарын жеткізіп тұрған екен.

Алтыншы тарау

КІТАПТЫҢ СОҢҒЫ СӨЗІ

Ей, перзент, бұл тарауда сен сұраған мәселелер хақында сөз қозғамадым, себебі амалды іске асыруды өз міндетім деп білгейсің. Ал мені жақсы дұғалармен есіңе алып тұрғайсың! Қайсы дұғаларды оқудың қажеттігін сұрапсың, оларды өзің «Сахиқи Бұхари», «Сахиқи Муслимге» ұқсаған жақсы кітаптардан іздеп тапқын. Бұл кітаптағы дұғалар Расуллаилла дұғалары. Бұл дұғаны әрдайым оқып жүр, әсіресе, намаз соңында: «Ей, тәңірім, біздер сенен бар асылық және күнәлардан сақтамақты, бар рақымыңмен денсаулықты, түрлі тіршіліктегі қошуақ өмірді (сенен келетін қияметтегі пайдаларды), мейірбандықты, кемел адамгершілікті, жалпы ризық, несібеңді тілеушіміз! Пәруардігер сенен өтінішіміз, әруақытта жақсылықты біздің пайдамызға нәсіп ет! Арыз үміттеріміздің орындалу жолын ашық ет! Арыз үміттерімізді артығымен ақиқатқа айналдыр, ертелі-кеш саламаттығымызға сәттілікті сауға етіп, өміріміздің соңында келетін ажалымызға асқан

шеберлікпен алып барар жеріңізге рақметіңнің сара жолымен жеткізіп, күнәларымызды Ғәфу жаңбырымен жуып, айыптарымызды түзетіп, жөндеу істерін бізге нәсіп еткін және тахуалық рухани мән-мағынамызды саламаттықта сақтауға себепкер болып, оны тәнімізге киім етіп кигізе гөр! Күш-қайратымызды діл жолына жолдап, тәуекелімізді өзіңе бағдарлатып тұрар мекенімізді жұмақ айы болуға несіп ет!

Ей, Рәббім, бізді тура жолға түсуге себепкер болып, қиямет қиыншылықтарынан сақтап, күнәларымыздың ауырлығын жеңілдетіп, жақсылар қатарынан, ризық-мәртебе, көңіл-күй, адалдықпен пайда беріп, арамдық жиіркеніштерінен, жауыздардың жауыздығынан сақтап, ата-ана, аға-іні, апақарындастарымызды қиямет қасіреттерінен және жалпы момындар мен момунияларды жаһаннам азабынан азат қылғайсың.

Ей, Ғазиз, ей, ұлық, жалпы ғалам көсемі, құдіретті күштісі, ей, айып нұқсандарымызды бүркеп бекітуші, құрметтілер ішіндегі жеке сайып құрмет Иесі!

Ей, мейір-шапағат, рақым-рақматы мен шапағаттылар арасындағы жеке-дара шапағатты Алла. Әмин!

ИМАМ ҒАЗЗАЛИ БАТАСЫ*

Ей , пәруардігер рақым ет,
Жақсылығыңды жақын ет.
Мейір-шапағатыңмен,
Күнәмізді ғапу ет.
Мұратымызды асыл ет,
Зияныңнан әрдайым,
Пайдамызды асық ет.
Кемел дидарыңа,
Жан-ділімізді ғашық ет.
Рақмет жаңбырыңмен жуып,
Күнәмізді жеңіл ет,
Сауабымызды басым ет.
Кетпес дәулет, кең пейілді
Жан-тәнімізге хасіл ет.
Аманатыңды асан алып,
Иманымызды кәміл ет.
Адаспайтын ақ жолды
Дін-Исламға ашық ет!
Ата-ана, аға-іні,
Қарындас, қауым, момыннан
Нұрлы жамалыңды көретін
Жәннат жайын нәсіп ет!
Әмин! Аллаһу акбар!

МАЗМҰНЫ

Кіріспе сөз.....	3
<i>Бірінші бөлім.</i> Әдеп – бақытқа жету әліппесі	9
<i>Екінші бөлім.</i> Бақытқа жету кілті.....	17
<i>Үшінші бөлім.</i> «Ей, перзентім...».....	115

* Имам Ғаззалидің қарасөз батасын өлеңге түсіріп аударған
Тұрсынәлі Айнабекұлы.

ИМАМ ӘБУ ХАМИД ӘЛ-ҒАЗАЛИ

БАҚЫТҚА ЖЕТУ ӘЛПШЕСІ

(Қазақ тілінде)

(Өзбек тілінен аударылған)

Редакторы **Құттыбек Байділдаұлы**

Дизайнері **Нағым Нұрмұханбетов**

Техникалық редакторы **Гүлмаржан Сәбитова**

Компьютерде беттеген **Әйгерім Молдахметова**

Басуға 02.09.14 ж. қол қойылды. Пішімі 60x90^{1/16}. Офсеттік басылым.

Әріп түрі “Times New Roman”. Офсеттік қағаз.

Шартты баспа табағы 9,5. Есептік баспа табағы 5,04.

Таралымы 2000 дана.

«Баспалар үйі» АҚ, Алматы қаласы,

Абай даңғылы, 143-үй.